


О Т Ы Р А Р К І Т А П Х А Н А С Ы

Кәкімбек САЛЫҚОВ

КҮЗГІ ШУАҚ



Кыргызстанга!

Кыргызстанга Кыргызстанга
Кыргызстанга Кыргызстанга
Кыргызстанга Кыргызстанга
Кыргызстанга Кыргызстанга
Кыргызстанга Кыргызстанга
Кыргызстанга Кыргызстанга
Кыргызстанга Кыргызстанга
Кыргызстанга Кыргызстанга
Кыргызстанга Кыргызстанга
Кыргызстанга Кыргызстанга

М. А. А. А. А. А.
26-03-2005
Кыргызстанга

Кәкімбек САЛЫҚОВ

Қытай тіліндегі шығармаларының жинағы. Алматыдағы «Арыстан» баспа үйімен біріктіріліп шығарылған. ҚБ Ғ. БИТІК

КҮЗГІ ШУАҚ

өлеңдер мен поэмалар



Астана
2004

*Қазақстан Республикасы
Ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр*

Салықов К.

С 18 Күзгі шуақ: өлеңдер, поэмалар. – Астана:
Фолиант, 2004 – 248 б.

ISBN 9965-619-45-X

Бұл кітапқа қазақтың көрнекті ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кәкімбек Салықовтың соңғы жылдары жазған өлеңдері мен «Қарақалпақ» атты поэмасы енгізіліп отыр. Ондаған лирикалық жинақтардың жөне «Дала», «Тәттімбет» секілді эпикалық толғанысы мол поэмалардың авторы айтулы ақынның бұл жинағы егде тартқан кезінің белгісі «Күзгі шуақ» атанса да, жас адуынды шағындағы махаббатшыл сарынынан таймай әлі де оқырман қауымды сүйсінте, толғандыра беретінін танытып тұр. Ақынның Арал айқасына атой салған жылдарынан жүрегіне ұялаған азаматтық сырын «Қарақалпақ» атты поэмасынан айқын көруге болады.

Ақынның тәуелсіз еліміздің бүгінгі өмірі өзек болған жаңа жинағының халқымыздың жан, жүрегінен орын табырына кәміл сеніп, сәт тілейміз.

52776

С $\frac{4702250202}{00(05)-04}$

ББК Қаз 7-5

ISBN 9965-619-45-X

© Салықов К., 2004.

© "Фолиант" баспасы, 2004.

Сөздері...

өлеңдері...

I бөлім

КЕҢІШ СЫРҒЫ



Дүние барады сырғанап

Ойлансам өмірге бір қарап,
Орнайды көңілге сыр ғажап.
Бұлттардай аспанда жылжыған,
Дүние барады сырғанап.

Сызыққа жеткенде туралап,
Қимастық көңілге мұң қамап.
Жан анам өтті ғой өмірден,
Батқан күн сияқты сырғанап.

Кең жайлау төсіне гүл қадап,
Аққу, қаз қанатын сырғалап.
Ертерек қоштасқан көктемдей,
Жастық шақ жоғалды сырғанап.

Қара көз қадалса бір қарап,
Сұм жүрек кімдерді тыңдамақ.
Еркіне алғанда меншіктеп,
Құшаққа түсіппін сырғанап.

Ой жеткен биікке ту қадап,
Ұл, қызым жасады тың талап.
Немерем іңгөлап жатқанда,
Елу жас өтті ғой сырғанап.

Әр күнін мың жылдай құндамақ,
Біткен іс аз, көбін бір санап.
Алатау баурында шаңқай түс,
Алпыс та аттанды сырғанап.

Құлшынып біткендей мың қанат,
Туған ел қарсы алған күн ғажап,

Жетпіске жүгіріп жетіп ек,
Сексенге барамыз сырғанап.

Есілге жеттік-ау жыр қамап,
Сағыншақ жүректі бір жамап.
Шөбере көруді армандап,
Екеуміз келеміз сырғанап.

Ойлантса межелі сын сағат,
Іздеймін тірліктен шын тағат.
Ән, жырым артымда қалса екен,
Жүректен жүрекке сырғанап.

2003 ж.

Алатауға

Алатау мен сенімен қоштаспаймын,
Есімнен кетпес мәңгі достасқан күн.
Мәскеуден аңсап жетіп, қайта оралды,
Сағынған достарыммен көш қосқан күн.

Өзге де құпия көп безе алмайтын,
Сұлуға сая болдың мені арбайтын.
Барғанда кездесуге тұрушы едің,
Атамдай аңға шықсам көз алмайтын.

Ақындар барын айтпай жасқана ма?
Тауымсың жаным сүйген асқар ала.
Қызына Алматының ғашық болдым,
Тап осындай қызықтырмай басқа бала.

Тау қайда тап өзіңнен өсемірек,
Гүлзарлар асыл теңдеу әперді көп.
Арқалап Сарыарқаға әкетер ем,
Ел сөгер қайны атасын әкелді деп.

Аз емес жыр тұтатқан қолғабысың,
Тасыды тау суындай мол ағысым.
Алатау, мен ғана емес бар қазақтың,
Құдайым өзі орнатқан қорғанысың.

Көшкенім Астанаға ... қуатым бай,
Жүрерлік екі арада құр атыңдай.
Алыстан асқақтаған сені көрсем,
Тебіренем ғашық елең туатындай.

Көп айттым бір өзіңе жасымда сыр,
Арнадың кеудемдегі асырға нұр.
Қимаймын көз жұмғанша қоштасуға,
Немерем отау құрған қасыңда жүр.

27.04.2003

Алматы

Бәйтерек – Астананың бойтұмары

Тамаша "Бәйтерегі" Астананың,
Айшықты белгісі сол жас қаланың.
Жер шары жатыр сыйып дос құшаққа,
Аспалы бесігінде жас баланың.

Сарыарқа қылаң етсе жаңа таңы,
Сиқырлап, еріксіз жалт қаратады.
Көрінер бата беріп жайылғандай,
Мейірбан аналардың алақаны.

Бәйтерек бәйге төрі өрісімнің,
Жүлдеге алуан түрлі жеміс ілдім.
Ұлымның рухы бар,
Таңбасы бар,
Болашақ бақытым мен жеңісімнің.

Гүл шоғын күн сәулесі өпкен жеңіл,
Не деген мырза мейір көркем өмір.
Ертеңге қанат жайған сұлу терек,
Сәт ғажап саясында өскен көңіл.

Сыры бар халқым шеккен тер мен шердің,
Қасиетті қазығы осы ел мен жердің.

Бәйтерек – бойтұмары Астананың,
Тірегі үміт артып сенгендердің.

Достарым отырғандай гүл ішінде,
Бәйтерек көрініс көп түр түсінде.
Көремін
Күндіз оны Төлегендей,
Таңдантар Қыз Жібектей түн ішінде.

Таңырқап қарай берем нұрлы асылға,
Армандас болып кетті сырласым да.
Жүректі жыр оятса
Шабыт қозғар,
Бәйтерек біздің көше түр басында.

Атағы аңыз болар жер мен көкке,
Мол екен шапағаты берер көпке.
Қызығып тереземнен қарап тұрмын,
Ғашықтар Бәйтеректі көрмей өтпе.

17.02.2003

Астана

Күзгі шуақ

Жүрегім, енді тыным аласың ба?
Әлде бір тың әуреге саласың ба??
Шаршатқан шартараптан әрең жеттім,
Аңсатқан Сарыарқаның даласына.

Жасымда ердім талай жетегіңе,
Қой енді, қарайлатпа кешегіме.
Шөл жайлап, тау аралап жеттім есен,
Туған жер Жалғызтаудың етегіне.

Жанымның таптым дәру жарасына,
Қарсы алды көк Есілдің жағасы да.
Күзгі орман жасауы бай қалыңдықтай,
Симай тұр екі көздің шарасына.

Ақ марал ере тартты баласына,
Ақ киік кетті тоғай арасына.
Бүйірін қыздырып тұр үйір жылқы,
Ой салып тірі жанның санасына.

Көрдім-ау, қызыл-сары көк өрімді,
Аққу-қаз өтті төгіп нелер үнді.
Самарқау қол сілтесе сал Сырымбет,
Саумалкөл азайтыпсың өнерінді.

Қызығы бұл жалғанның сараңданды,
Шабыс жоқ, баяу жортақ аяң қалды.
Жаз түгіл, күзгі шуақ барады өтіп,
Бәйбішем, сенің ғана саяң қалды.

03.12.2002

Астана

* * *

Сұм жалғанның сан соққысын кештім де,
Бал аштырып көрмей келем ешкімге.
Керісsem де кейісуге бармадым,
Қайран достық кей қатесін кештім де.

Мақтанышқа сараң туды сөздігім,
Жадыраймын жарқ еткенде өз гүлім.
Ақындығым анам берген бақытым,
Кеншілігім - қатер шеккен өз күнім.

Жырға қоссам әлде қалай өзімді,
"Барға" тәубе, "жоққа" болдым төзімді.
Көргемін жоқ кеуде қағып, паш етіп,
Биіктерде самғап жүрген кезімді.

Ақын - кенші, әкім болып қайралдым,
Өлең, саған енді мәңгі байландым.

20.01.2003

Астана

Тасжүрек болып кетер ме ек,
Сағынтар адам болмаса.
Дүниеқор болып өтер ме ек,
Күнде бір шығын болмаса.

Жол түссе қанша олжалы,
Тірлік бар, тосқан бар қаза.
Бәріне дайын болғаным,
Сенімім мықты, ар таза.

2002 ж.

Мен қалайша ұйқтаймын

Көк теңіздей
Алматы дүбірлетіп,
Басылмайды кешқұрым, іңірлетіп.
Қалай ғана қалғиын,
Беу, ағайын,
Барады ғой дүбірлі ғұмыр өтіп.

Қала тынса,
Құлақтан шуыл кетіп,
Елес жеңер жүрекке сыбыр жетіп.
Мен қалайша көз ілем,
беу, достарым,
Біріңнен соң барасың бірің кетіп.

2002 ж.

Арал кеуіп барады

Арал құрғап барады... Арал кеуіп,
Тыңдамайды бұл зарды заман неғып.
Адамзаттың алдында теңіз құрғап,
Беу, дүние-ай, барады бағаң кеміп.

Әму мен Сыр тасқыны сағындырып,
Көк теңіз жоқ отырмын сағым қуып.

Жарқыраған нұрлы айдын көзден тайды,
Жібергендей дүлей күш қағындырып.

Өрік, алма жоғалды бағым құрып,
Жер күйзелді тұзды құм жамылдырып.
Бөліп, бөліп әкетті бар суымды,
Есімізден біржола жаңылдырып.

Жылап кетті талай су қарақұмға,
Көл көбейді көз салсаң әр адымда.
Кіші Аралдай үлкейді Сарықамыс,
Кім жауапты, ой, алла-ай, ар алдында?

Арал құрғап барады... Арал құрғап,
Жер азайды мекендеп адам тұрмақ.
Отыру да үн қатпай оңай емес,
Бар суымды әкетсе жырмап-қырмап.

Арал құрғап барады... Арал кеуіп,
Көзден өшті ақбөкен - марал кеміп.
Біз кеткен соң айтады-ау, келер ұрпақ,
Бұл жерге де кетті деп адам келіп,
Оқтай тиіп тұр сол сөз маған келіп.

2002 ж.

Заман дерті

Қарсы алатын қақ жолда сүйіп мені,
Көрінбейді Сарыарқа киіктері.
Басқа жерге келгендей басым қатты,
Басылмай тұр жанымның күйік, шері.

Қай қияда, қай апат бүлік жеттің,
Сахарада Мәжнүннің күйін шектім.
Кеңдалада киіктер құрып кетсе,
Өзімнің де келіп тұр құрып кеткім.

Көп жұлдызға қараймын биіктегі,
Елестейді Ұлытау киіктері.

Өріп жүрген секілді бізді көріп,
Қимай қарап үзілмей үміттері.

Көк аспаннан алмаймын көз қиығын,
Әнге қосып арнаушы ем сөз биігін.
Қалай шыдап жүр екен күйіп кетпей,
Арасында жез қанат жез киігім.

Заулап келіп алқа бел қырдан асып,
Күндер қайда сырласар мұң тыңдасып.
Қаптап жүрген киіктер ғайып болды,
Кетті ме екен Аралдың құмы басып.

Арал кетті... адамдар Арал кетті,
Аралды іздеп соңынан марал кетті.
Онсыздағы онша емес елдің күйі,
Мына заман ұлғайтты-ау, маған дертті.

14.12.2002

Алматы

* * *

Ұйқыға кетті маң дала,
Самал жел мауқын бір басып.
Қарайды көктен Ай ғана,
Қараңғы түнде мұңдасып.

Жұлдыздар көшті әрманға,
Жарқ етіп жанған із қалмай.
Жолықпай жүрген жалғанда,
Жадымда қалған қыздардай.

Көп жұлдыз жаққа қараймын,
Көңілді Айдан бөлгім кеп.
Жабығып жанар қадаймын,
Біреуін ғана көргім кеп.

24.03.2003

Астана

Көшіп келдім Астанаға мен кеше,
Тамсандырды сұлу үйлер кең көше.
Көңіл жығып
Қалай ғана шыдайын,
Есілдегі Елордасы кел, десе.

Бөгембайдың көшесінде тұрағым,
“Бәйтерек те” жарқыратты шырағын.
Қарлы аязда ауыл қызы құшқандай,
Күн күлімдеп,
Жайнатып тұр шуағын.

Түн де жақсы алақанға Ай түсер,
Ақ дидарын ақ көңілге сай пішем.
Достарыма сары қымыз сапырып,
Отырғандай қақ төрімде бәйбішем.

Көңілді екен көшедегі бар халық,
Үлкендерге бір, бір сәлем арнадық.
Бірге оқыған достарымнан ес кетті,
Ести сала ерулікке қамданып.

Жайраң қақса жап, жас қала жанданып,
Жан, жағыма қарай берем таң қалып.
Көз ұшында Парламенттің үйі тұр,
Сал, серідей төсін кере таңданып.

Сәкен ағам ақ жолыма сенгендей,
Жалт қарады көзімнен сыр тергендей.
“Үш би” отыр ұлттық кеңес ашқанда,
Ұлытауға ақ батасын бергендей.

Хан Кенеге қарай қалсам пір тұтып,
Көкке өрлеп тұр “Сал күреңін” жұлқынттып.
Көк Есілден қарғып өтер деп қалдым,
Бүкіл елді болашаққа ұмтылтып.

24.02.2003

Астана

Сары күз

Күз келді шуақсыз шағына,
Қырда жоқ құлшынған құлын, тай.
Кең дала келмей тұр бабына,
Сарғайды орман, тау бірыңғай.

Өзен де өзгертті ағысты,
Баспайды салқын күз жаңылыс.
Айнала жақын мен алысты,
Сап, сары билеп тұр сағыныш.

Қоштасқан құстармен көл басы,
Сағыныш әуенін өрлетті.
Шық тамшы адамның көз жасы,
Секілді жаутаңдап, мөлт етті.

Тал, бұта сары, ала бояулы,
Бойына мұң нала үйіпті.
Тірі жан дір етіп оянды,
Көргенде адасқан киікті.

Алтын жон, жез қанат қалтырап,
Сарғайған өңіне қарадым.
Көкірекке шер қаулап азырақ,
Өзім де сарғайып барамын.

Сарғайған ақ қайың арайлы,
Қарағай жалғыз тұр жасарып.
Хал сұрап, маған да қарайды,
Ызғарға өң бермес қасарып.

Жеңешем күрсінді шам болмай,
Дүкен де жуырда жабылды.
Сарғайып тұр ауыл сән қонбай,
Дауыл, жел бетке ұрып қағынды.

Малға азық тым аздау жиылып,
Ағайдың жүзі де сарғайды.
Егемен елдікке сыйынып,
Дүдәмәл үмітін жалғайды.

31.12.1997

Жер айналып барады

Оқымасам
Гетеменен Абайды,
Айырмас ем қара бұлтан арайды.
Қырық құрақ
Жыртығы бар жүректі,
Қысылғанда данышпандар жамайды.

Білмей өтсем
Қаныш, Мағжан, Мұхтарды,
Тындырар ма ем
Бір іс елім құптарлы.
Ой, хой, шіркін!
Түк ойланбай жүрер ем,
Арттарында бізге сенген жүк қалды.

Керегі жоқ
Қырғын айқай дауыстың,
Мен де ноян жаңалыққа ауыстым.
Мефистофель жеңіледі,
Жеңілсін,
Жеңе берсін ақ арманы Фаустың.

Өмір-дария
Сократ ерте айтқандай.
Ағып жатыр,
Кім қояды ат қандай.
Қыз-нарыққа ғашық болып қалыппын,
Бүлінбеген берсін Алла ақ маңдай.

Қарай қалсам
бүгін оң мен солыма,

Зер саламын озық білім қорына.
Ділімді де, дінімді де қорғаймын,
Тілім - жалау азаттықтың жолына.

Бәрі дұрыс...
байып жатыр біреулер,
Орнайды әлі "көкке жетер" тіреулер.
"Көкке жеткен" көпке жетсін әманда,
О, тәңірім!
Құт қашырма, үрей бер.

Бәрі дұрыс,
тез көбейді моллалар,
Әмбиеде
түбі тесік дорба бар.
Ойлантады келешегің шөберем,
Жоғарғы емес,
Орта білім зорға алар.

Бәрі дұрыс...
Бартер жұтты малымды,
Барлық байлық
мың бөліске салынды.
Ойлантады...
тең бөліс пе қай бөліс?!
Беу, ағайын,
бөлшектеме арыңды.

Бәрі дұрыс...
Шежірешілер тың күйде,
Бастап кетті
ырғағы ортақ бір күйге.
Ойлайтыным...
"Бөлме - десем - үш жүзге!"
Бөлді олар ру-жыру, үйді-үйге.

Дұрыс - деймін
Көңілім неден шат еді,
"Мерседес" бар
"Волгаң" жемқор ат еді.

Кебенек келді,
Ала қол жеңді,
Ел ортақ іске ебі жоқ,
Сатушы зұлмат,
Бағасы қымбат,
Өзгені қайтсін өзі тоқ.
Жылмағай, жылпос сергінен,
Қайтпайды қонған дертінен.

Бұзылды сәнім,
Азайды малым,
Шәй, қантқа кетті төлсініп.
Арқалы тозды,
Қалғалы озды,
Шен, шекпенге бөленіп.
Қайғырмайын мен неге,
Екі өмір жоқ қой пендеге.

1999 ж.

Қаныш аға алғысы

Той болатын Қаныш аға келгені,
Зор бақыт қой бір көру де ең кемі.
Мен ол кезде үлкен шахта басқардым,
Бастығымның жүйрік көлік бергені.

Содан болды директорге керегім,
"Дөкей" қонақ келсе бірге еремін.
Ағалардың ұмытқам жоқ қостағы,
Кішіміз деп қалт еткізбей жегерін.

Машинаға елдің сонда аштығы,
Меймандарға болып кеттім жақсы іні.
Жаңа "Волга" сазға батып жатқанда,
Біздің "Газик" шыдатпайтын тасқыны.

Жезді жаққа барар терең сайдағы,
Қалың екен саз балшықтың қаймағы.

Бұл жолдаудың
Қыры менен сыры сол:
Бой тастап тұр бұлдыраған қиялар.

Ақындардың қыл қаламы — күрегі,
Ақ тілекпен жыр қошарып жүреді.
Туған елдің
Зор қадамын қолдайды,
Әр қаламгер лүпілдеген жүрегі.

29.04.2003

Алматы

Құрдастарға

Отыз екінші жыл төлі — құрдастарым,
Сырластарым — сендермен нұрлы аспаны
Мұңдастарым — опаттан олжа болған,
Тірі қалған тірнектер — жылдастарым.

Егделікке
Сенің не жабдығың бар?
Десең құрдас, ойлы жыр — сандығым бар.
Өз жүгімді
өзгеге сүйретпейтін,
Ерте жұтқан әкені тағдырым бар.

Аянышты шегетін шешем мұңын,
Жеңіл сөз ғой
"Ауыр жыл" десем бүгін.
Тауқыметтің талайын татқызыпты,
Сөне жаздап тұтанған есендігім.

Аз болғандай осынау бір басқа мұң,
Соғыс келді, ел зары тынбас қалың.
Сиыр жегіп,
Жер жырттық жалаң аяқ,
Тоғыз жаста сол елді қорғасқаның.

Тұтқыр соқа соңында сана бітті,
Білмей өстік шалдуар шалалықты.

Құлын күннен қол шалғы сыңғырымен,
Соғыс жұтып әкетті балалықты.

Қой бағыстық қол салмай асыққа да,
Болғамыз жоқ "бұзаубас", "жасық" бала.
Қасыққа да ертерек жармасамыз,
Ашқарақпыз жан құштар ғашыққа да.

Алла сақтап қатерден ала жалын,
Ерте үйретті тіршілік бар амалын.
Қай биікке жетсек те,
Ұмытпаймыз,
Бөліп жеген интернат қара нанын.

Атар таңға жарау күш сақтаймыз деп,
Бұлшық еттің бүлкілін баптаймыз көп.
Нарық-қызға құлшына құмар болдық,
Егемен ел сенімін ақтаймыз деп.

2002 ж.

Сұрақ белгі

Қойдым талай өмірге сұрақ белгі,
Ол да менен мың сауал сұрап келді.
Бір сұлу жар аңсап ем,
таңдап алған,
Аппақ қызбен ақ отау құрап берді.

Содан Кәкең шахтада ұзақ желді,
Бастық болып, шаруа құрап келді.
Жиырма жылдай жылжымай мекен етіп,
Жезқазғандай жайладым жұмақ жерді.

Мәскеу деген үр жаңа тұрақ берді,
Зор қияға партия сынап, сенді.
Қандай ғана биікке шықсамдағы,
Қыр соңымнан қалмады сұрақ белгі.

Жетсем Әму-Дарияға Нөкістетіп,
Сұрақ белгі көбейді оқыс жетіп.

Арал үшін айқаста атой салдым,
Жаңа жерде бес жылдай қоныс бекіш.

Елге оралдым өзгеше құрап төрді,
Қыл қаламға Алатау қуат берді.
Тозған жүрек шыдамай биік жерге,
Тірлігіме қойылды сұрақ белгі.

Саулығымнан басқаша тілер нені,
Ет жақындар жиналды білер мені.
Аға, інілер қоршаған қорған жасап,
Кеңсай жаққа бәйбішем жібермеді.

Ел құрметі еш қашан жойылмасын,
Жетпіс жылдық тойымды өткізді асыл.
Астанаға біз кеше көшіп кеттік,
Енді сұрақ тым ерте қойылмасын.

01.01.2003

Астана

* * *

Көз салсам құмарғыш күлікке,
Бұйырды-ау, жануар жүлікке.
Жүйткітін ол қазыр салып жүр,
Ел тонар қып, қызыл бүлікке.

Ол бүгін қомданды он асап,
Бәрі де өз қамы жоба, шарт.
Отырмын он ойлап, мың толғап,
Не болар екен деп болашақ.

Ұқтық па, әлде біз ұқпадық,
Мән бермей әлде үнсіз құптадық.
Алысқа кетті олар көз жазып,
Дер кезде атойлап шықпадық.

Көргенде тым пысық жүлікті,
Көңілге мың сан ой кіріпті.
Алыстан күлікті танымай,
Көшеде иттер де үріпті.

24.02.2003

Астана

Түсімде

Құс мінезді елгезек жаралдым ба,
Сыбырлайды қыз-шабыт таң алдында.
Шырт ұйқыдан оятар қос жанары,
Құмда киік, орманда маралдың да.

Бәйбішемнен білмейтін өзге жолды,
Студент кез Мәскеу де көзге қонды.
Көптеу тосың,
Жаурасам жан сақтаған,
Түсіме енген метро кез де болды.

Ұйқылы, ояу түсемін халге талай,
Дәуір кешем бірде хан, бірде малай.
Зыр жүгірген әжемнің ұршығы да,
Кейде елестеп өтеді әлде қалай.

Жұмыс десе көрмеген бір кідіріп,
Көрініс көп кен қазған зыр жүгіріп.
Ескі досым түсіме кеше кірді,
Ойда жоқта суысқан сыр білдіріп.

Қиядағы құрбыма жететін де,
Құбылыс көп мың әуре ететін де.
Ауыл қызы бұл күнде әже болған,
Түсіме енді Алматы көшесінде.

Кейбір түсім әдіптен ой орамын,
Шыңыраудан шыңға да ораламын.
“Көк базардың” шетінде шуылдаған,
Көп қайыршы шошытпаш оянамын.

2000 ж.

Егделік

Жылы тартар жаныңды сүйген пенде,
Көпсінбеймін
Көркінді мың көрсем де.
Сені “кемпір” - дегенге келіспеймін,
“Шал” - дегенге өзімді үйренсем де.

Ағаларым түзетер қате десе,
Мәселе көп бас қатар әлде неше.
Оқ тигендей желкемнен
Шошып кетем,
Көзім түскен келіншек “Ата” - десе.

Енді бекер еркелік сағынтпасын,
Тарту етсін егделік бар ынтасын.
Тоқалды айтып
Құр бекер... тоқылдаймыз,
Қолда бардан құдайым жарылқасын.

30.08.2001

Алматы

Шексіздік

Мұнары шексіз
Тұманы кетпес даланың,
Мұң, зары шексіз
Елім деп туган дананың.
Қайғысы шексіз қара судай түбі жоқ,
Жалғыз ұлдың соңында қалған ананың.

О, қара жер!
Шексіздік сенің еккенің,

Адамды жұтып
Еш тойымдық етпедің.
Құрдас досым
Той думан кеше өткізсе,
Келесі күні...
Қинады-ау, алып кеткенің.

Шексіздік деген
Шалғайда елді аңсауда,
Шексіз тер төгіш
Сындарлы жолда шаршауда.
Жан жарыңа сыйластықта шек болмас,
Адал досқа сенімің шексіз қашан да.

Асыл адам
арманында шексіздік,
Ақыл, ойдың самғауында шексіздік.
Туған жерің
Ата, анаңдай қарсы алып,
Мейірім, мерей жалғауында шексіздік.

Шексіз қиял
Жүрегінде Абайдың,
Мұқиттай шексіз
Мағжанға мұңлы қараймын.
Шоқан, Қаныш
Мәңгі сөнбес жұлдыздар,
Шексіз өмір
бұйырғандар санаймын.

2001 ж.

Жүрегім

Жүрегім, неге асығыс дүрсілдейсің,
Әлде зор қатер барын білсін дейсің.
Тигендей жайдың оғы бұлтты жарып,
Әп сәтте жан ұшырып "ішіл-жейсің".

Тіл қатпай жетегінде жүрмедім бе?
Ақылдың айтқанына күрмедім бе.

Достармен сауық-сайран құрмадым ба,
Құрбыға құмарлана білмедім бе?

Асауды жақпады ма үйреткенім,
Арықты аз болды ма күйлі еткенім?
Жалғанда
Жалғыз жүру жараспас деп,
Асығыс есінде ме үйленткенің.

Көңілге сен жөптемей наз қонды ма,
Іздемес “Жезкиікті” жаз болды ма.
Он жылдай
Жер астында жорық шегіп,
Шыңрауда қазған кенім аз болды ма?

Мен сені тыңдамадым қай жасымда?
Күреске түспедім бе шайқасуға.
Немесе,
атой салып аз жүрдім бе,
Аралдың апат шеккен айқасында.

Сан жылдар елді аңсатып алаңдатты,
Сол сәтте ақын досың қалам тартты.
Тым ұзақ шалғай шепке пенде болдым,
Әрине, соның бәрі саған батты.

Әлі де жарлығыңа көнемін мен,
Қажымас қуат күтем көмегіңнен.
Жетпістен желе, жорғыш өту үшін,
Жігер ал жаңа жазған өлеңімнен.

Жөндеші дүрсіліңнің үнін асыл,
Қатерлі оқыс қауіп жуымасын.
Кем түспес кешегіден
отты жырмен,
Қаламым тіршілікте суымасын.

05.02.2002

Алматы

* * *

Жанға батты жүректің сұрақтары,
Отан тиген ауырлық тұрақтады.
Қою орман,
 қою бұлт,
 қою тұман,
Тымырсын тұр орыстың қыраттары.

Күн жарықтық дегенмен шыдатпады,
Бұлтты жарып,
Жарқ етіп қыр аттады.
Бурабайға келгендей
Қайта жаңды,
Көңілімнің нұр сүйгіш шырақтары.

Бүлкілдейді терең сай бұлақтары,
Тоты үніне қанықты құлақ нәрі.
Қырға шыққан
Жас елік маң, маң басып,
Жақын келіп алдыма шуақтады.

Әудем сәтте кетті гой ұнап бәрі,
Осы шығар ақ елік жұмақтағы.
Қайтты білем
Жүректі қатты қысқан,
Бұл дүниенің ең ауыр сынақтары.

Қандай жақсы табиғат ұнатқаны,
Маған қарай ақ қайың бір атады.
Қуат берді орыстың орманы да,
Сақтап қалды, иншалла, құлатпады.

01.05.2002

"Загорские дали"

* * *

Саяхатта жүргенде күлкім келді,
Таныдым ба
Қыз бөксе сылқым белді.

Шоқ қарағай ішінде ашпақ кіннің,
Елестетгі алыста біздің елді.

Ауылымның қызындай қарай қалған,
Тұрды алдымда баяғы арайлы арман.
Жер де, су да, орман да
Таң қалдырды,
Ұқсас етіп жаратқан қалай салған.

Көшіп келген секілді бүкіл ауыл,
Күйшіл дала келтірді-ау, мың бұрауын.
Кер биенің соңында
Қара құлын,
Шұрқыратты жас көктем қоңырауын.

Ағындады сондайда жан сыры да,
Үдеп кетті жүректің қарқыны да.
Қарай бердім
Көршінің қызына ұқсас,
Ақ қайыңның ақ сазан балғырына.

Бөтендігі бұл жердің білінбеді,
Су беті де күлімдеп дірілдеді.
Сырқатыма дем берді емші болып,
Асыл алқа Мәскеудің түбіндегі.

01.05.2002

"Загорские Дали"

Асықпайын

Сан жығылып тұрдым ғой
Жасытпайын,
Есен қалдым қалай жыр тасытпайын.
Жүрегім-ай,
Қысымың жанға батты,
Сабыр етші кетуге асықпайын.

Кенші болып,
Қазып ем керегімді,
Адал достай ақындық ере білді.

Сауалымды айтайын,
асықпайын...
Жөнге салып кетейін өлеңімді.

Өмір талай шақырды асығысқа,
Білгені ғой болғанын заты қысқа,
Асықпайын...
Аққушыл әндерімді,
Кім ұқсатар аттансам қапылыста.

Беу, ағайын!
Осының бәрі рас қой,
Алтын тойым тақады
біздің бас той.
Немерелер артымда тебіренгенді,
Асықпайын...
Бүлдіршін әлі жас қой.

Қанып жүрмін
Ұл, қыздың қызығына,
Болды оларға әкенің ізі мұра.
Асықпайын...
Сұм жалған өзі апарар,
Мені де ертең межелі сызығына.

Көп айтты деп сөкпеңдер
Өз халімді,
Өткізбеп ем
Ел, жұртсыз босқа күнді.
Асықпайын...
Сыйлайын сұхбаттасып,
Аға, іні, ардақты достарымды.

Сағынамын
Мұсадай бауырымды,
Ерте әкегіті сұм ажал тәуірімді.
Тым болмаса
Мен біраз қуантайын,
Кіңдік қаным тамған жер - ауылымды.

Ұмытпайын
бой тартқыш жылу барын,
Тәттісін де
бал ләззәт шын у-ларын.
Асықпайын...
Көрейін әлденеше,
Сырымбеттің жан жетпес сұлуларын.

Аулақ ажал,
Саған да зіл түйейін,
Шырқау шақта
Шыр бұзбай шын күлейін.
Асықпайын...
Сарыарқа самалында,
Жанарыңа "Жезкиік", бір күйейін.

Сұлу сурет,
асқақ жыр терең үнді,
Тере білдім
Туған ел керегіңді.
Асықпайын...
Әлі де машықтайын,
Кеше туган бүлдіршін өлеңімді.

28.04.2002

Түркі тектес елдердің Бас ақыны

*"Құл Ахмет, дүние құмасаң текке-бек,
Көкіректен шыққан дауысың көкке жете,
Қожа Ахмет Ясса*

Түркі тектес елдердің Бас ақыны,
Мағжан десең,
Жоқ Қазақ сасатыны.
Түркістан - деп,
Тұран - деп "көкке жетті",
"Көкіректен" азатшыл самғап үні.

Өзгеше едік
Сергектеу бұдан кеше,
Жылжып жүрді қасыңда жылан неше?!
Кетті атылып Мағжандар
"Түркі тектес,
Түпкі тегім ежелгі Тұран" — десе.

Қапы кеткен замана дауылында,
Шекті азаптың шегі жоқ ауырын да.
Мағжан аға
Жұлдызы қайта жанды,
Күндер өтті көп салған қамығуға.

Мың жарым жыл толғанда Түркістанға,
Бақыт құсы дермісің бірге ұшқан ба?!
Арыстан баи, Қожа Ахмет,
Абылайдан соң,
Мағжанды атау бүгінгі кірді заңға.

Ол кеткен кез сұрқия заман еді,
Қалды артында қалқайып аман елі.
Мағжанды айтса
Абайдан кейінгім — деп,
Мұхтар салған орнықты дана белгі.

Ақ көңілді осылай ақтаралық,
"Сабыр түбі - сары алтын" сақтады анық.
Жалғыз оқпен
Жайратып тастаса да,
Тастау болмас ақындық тақтан алып.

Дәл осылай түсіну жөні бөлек,
Берді жаңа Түркістан өңі көмек.
Мағжан аға,
Сен де бір пайғамбарсың,
Жүрегіне туған ел қойған бөлеп.

22.10.2000

Мағжан аға, бір сөзің

Мағжан аға,
Көп сарғайтыш сағым күн,
Тартұрмеден сен заулағтың ағынды үн.
Құлагердей мерт болсаң да,
Көгімде,
Бүгін қайта жұлдыз болып жағылды.

Өлеңіднен туындады мың сезім,
Гүл күлімдеп,
Аша түсті күн көзін.
“Өзі-ақ құлар, сыр бермеші, сабыр қыл”,
Деген ғана әулие етті бір сөзің.

Озбыр заман сені қатты сынады,
Жандайшаптар бірге әрекет құрады.
Жеңдің бүгін,
Осынау өзің айтқандай,
“Ақымақтар” әлі бітпін құлады.

Жеңді, жеңді білгендігің Шиллерді,
Ұлттық рухың үстемдігін білдірді.
Дербес ел боп,
Өзің сүйген қазағың,
Жұлдыз етіп аспан көкке ілдірді.

Туды қайта сәуле шашар нұр кезің?
Әулие де, арыстан да, Күн де өзің.
Мағжан деген есіміңді жайнатты,
“Өзі-ақ, құлар” деген сойқан бір сөзің.

27.06.2003

Қызылжар

Кімнен тудым?

1-өлең

– О, қазағым, кімнен тудың? – дегенде,
Кезек беріп көңілде көп елеңге,
“Күннен тудым,

Гуннен тудым" — депті дана Мағжан,
Ой жүгіртіп, шері қалың тереңге.

— Кімнен тудың? — деп сұраса менен де,
Мағжан айтқан жөн сілтеймін белеңге.

Күннен,

Гуннен,

Үннен тудым — деп шалқып,

Қосар едім жан толқытқан өлеңге.

Үннен тусам,

Қорқыт-Ата мұң зары,

Оны жер, Күн.

Тірі пенде тыңдады.

Құрманғазы, Тәттімбеттер ұлғайтып,

Дина апайлар, Ықыластар шыңдады.

"Сарыжайлау" мен "Сылқылдақты"
тыңдашы,

Әр қағысқа сыйып жатыр бір ғасыр.

Ар, намысқа толы нақыс шым, шымдап,

Баяндап тұр "Тәтті бабам" тұлғасын.

Құлақ салшы

"Сарыарқа" мен "Серперге",

Нағыз дана аз ауылмен шектер ме.

Құйындады Құрманғазы, құйғытты,

Құбылмалы заман сырын шертерде.

Күйдің ғажап

Сиқыр күші болғасын,

Сұр жылан да тастап шығар ордасын.

"Қайран шешем" зарын төксе Күй-ата,

Жыртқыштың да мөлдіретті көз жасын.

Кімнің, қандай дауы болар осыған,

Үннен тудым,

Тәтті әуенге қосылам.

Үнің шықнас тіршіліктен сақтай гөр,

Домбырасы жоқ отаудан мен шошынам.

2 - өлең

Кімнен тудың? — деп сұраса менен де,
Мағжан айтқан жөн сілтеймін белеңге.
Күннен,
Гүннен,
Үннен, жырдан тудым деп,
Қосар едім жан толқытқан өлеңге.

Жырдан тудым —
десем шындық бұл-дағы.
Барлық қазақ — ақындардың жұрнағы.
Бұхар жырау бұрқыратса жыр селін,
Өзге түгіл Абылай да тыңдады.

“Тұрымтайдай ұл едің” - деп,
байқашы сен бастыққа,
Ұрынарсың,
Өле, өлгенше арылмастай қастыққа.
Түн ұйқыңды төрт бөлер ең өкініп,
Шар басыңды тигізе алмай,
Үйде мамық жастыққа.

Деген сөзден “Ай, Абылай, Абылай”,
Байқалып тұр
Ақындық зор жағдай.
Ай - демей-ақ
Әй - деп көрші ауылдағы дөкейге,
Кетер едің ел, жұртыңды танымай.

“Момын елге бек болдың” — деп Бұхарым,
Дәлдеп айтты.
Ол емес сөз жұтарың.
Абылай ханды
ауыздықтар жырменен,
О, данышпан! Тапты сөздің ұтарын.

Болсадағы байтақ елге тым қатал,
Абылайда үн жоқ сонда тіл қатар.
Шамданбайды ол,

асылығын тастайды,
Пай, пай, шіркін!
Ондай мінез кімде бар?!

Жырдан тудым,
Бұхар-жырау, Абайлар,
Махамбеттер желбіреткен ақ айдар.
Мағжандар түбі бірді түгендеп,
Ағындатса, өзге ағайын қарайлар.
Жырдан тудым, - десем шолып маңайды,
Бойға қуат, ойға сәуле тарайды.
"Ленинградтық өрендерін" еске алшы,
Жамбылды іздеп, Балтық толқып,
Нева бізге қарайды.

Күннен,
Гүннен,
Үннен,
Жырдан тудым мен,
Түп тамырдың затын солар білдірген.
Біздің қазақ
Қиналғанда күй тартып,
Аталы сөз - деген туын ілдірген.

2000 ж.

Аттила

Көшпелі көне замандар,
От салған ортақ санам бар,
Ғұндарға ұрпақ санаңдар.
Көздеген шепті алмас па,
Көксеген жерге бармас па,
Аттила шықса айқасқа.

Қайтпады қайсар сөзінен,
От шашты өткір көзінен,
Жайратғы жауын тезінен.
Соғыспай берген сәлемді,
Сілкілеп өтсе әр елді,
Гігіркентті әлемді.

Еділ мен Дунай қанаттас,
Дұшпанын бетке қаратпас,
Қосылды елдер сабақтас.
Болды ұмыт күндер шаршаған,
Олжаға батты аңсаған,
Аттила тарлан бастаған.

Шыңдар мен құмдар жалғасты,
Сан қилы тайпа қолдасты,
Аттила тайгақ жолды ашты.
Ғұндардың саңлақ көсемі,
Қысық көз, мұрны көшелі,
Қазаққа ұқсас деседі.

Тартқаны түрі маған көп,
Сүйсінтпей неге қалам шет,
Мақтанам асыл бабам деп.
Рухы берген қанық сыр,
Тіл тапты Риммен алыс қыр,
Таңбасы болдым намысшыл.

Жеңілмей өтсе майданда,
От құшақта қалғанда,
Тіл тартпай кетті арманда.
Құныққан құтсыз сайран-ай,
Ғұндарды мұңға салғаны-ай,
Дүниенің адыра қалғаны-ай!!!

22.02.2003

Астана

Түркістанға тағзым

*“Түркістан – екі дүниесігі ғой,
Түркістан – ер түріктің бесігі ғой” .
Мағжан Жұмабаев*

Қасиетті есік ашылды,
Тамсантты жаңа ғасырды,
Түркістаным – “Кіші Мекке” атанған.
Даналар зират тапқан жер,

Әзірет Сұлтан жатқан жер,
Жеті жаста әулиеден бата алған.

Әлемге әйгі есімің,
Киелі алтын бесігім.
Құт байлансын сенің асыл даңқыңа.
Ер түрік белін буганда,
Ер қазақ қайта туганда,
Рухани астанам боп жарқыра.

Көшуге құмар гұмырың,
Өзгеріп туды тұғырың,
Дербес елге келді жаңа құт басы.
Отырардың қасында,
Жігерлі едің жасыңда,
Қазағымның жайнай бер көне тұтқасы.

Тәңірім төр қып қалаған,
Құлшынған сендей қаладан
Өріс тапты білім, ғылым, жаңалық.
Отыз екі қала бар,
Бәрінде басшы даналар,
Сол емес пе өркениет далалық.

Тағдырға тәбділ табылды,
Халқыма шырақ жағылды,
Иман бұзбай пәк сенімін сақтаған.
Іргелі бүгін ел болдық,
Оң мен солды тең шолдық,
Сол бағытта сыр түйдегін ақтарам.

Тұтанған жалын кеудемде,
Жөн тапты енді сөнбеуге,
Женді ақиқат бодан күндер жасырған.
Күйзелген күйім оңалды,
"Тай қазан" қайта оралды,
Дәру таптым күйінішке ашынған.

"Қасым салған қасқа жол",
"Есім салған ескі жол"

Жоғалған жоқ жонда ізі мөлдіреп.
Түркістан зерлеп затыңды,
Таңдайым гибрат татынды
Шарықта тудай төр төбеде желбіреп.

Рухым қайта жетілді,
Ділім мен дінім бекінді
Тілім де ертең баяғыдай шарықтар.
“У-лы дәннен” арылдық
Ұлы жолда табылдық,
Өр тұлғанды асыл тойың анықтар.

Күмбезіңе қоныпты,
Күн көзін де шолыпты,
Туған елдің үміті мен қиялы.
Сүйсінтіп қадыр, маңызың,
Етеді мәңгі тағызым,
Түркі тектес елдер ортақ ұялы.

Әйгілі, құтты кесене,
Күшіңді толқыт, еселе
Ел, жұртыңды еліктір де қызықтыр.
Мәңгілікті меңзеткен
Естіген жанды шөлдеткен
Қабырғанда тарих сыры тұнып тұр.

О, қазағым! Бір сүйін,
Шалқысын сәтті жыр-сыйым,
Кернейлетіп, дабыл қағып баста күй.
Арыстан бабқа түнейін,
Мағжанша шалқып түлейін,
Аунап түссін Қожа Ахмет Яссауи.

19.07.2000

Алматы

Күй — мұнара күңгірлеген күмбезі,
Күй — дәстүрім салт, санамда сақталған.

Күй — Абылай басын қосқан қазақтың,
Күй — Ағыбай аңсап өткен азат күн.
Күй — бұлқыңған Бұхар жырау бабамыз,
Күй — азасы қазақ шеккен азаптың.

Жан ұшында жатсам ертең бір күй тарт,
Бар күнәдан келсе мені тазартқың.

Менделеев кестесіне түсінік

Менделеев атамиздың кестесін
мен өзімше түсінем,
Элементтер ел қоныпты
өнер мінез күшімен.
Төр төбесі суга тисе
көпсінбейік ақындар,
Ол - қорек қой,
түршікпейік түсінен.
Қасиетгі су
Ақ сүті де анаңның,
Оған жетер қай зәмзәмі ғаламның,
Өзек өртеп жан-жүректен шығатын,
Киелі су тамшы жасы адамның,
Мұзды Мұқит жәй жатқан жоқ қоймада,
Тез ерісе салды адамды ойға да...
Суы көптеу өлең ашық жауымыз,
Ақылың жетсе
Өзге сумен ойнама.

Тоғызыншы кестедегі қорғасын,
Орны жақсы. Сол орынды қорғасын.
Құрметтеймін салмақтыны
тек қана,
Жалған жүзін жасыратын формасы,
Қара жүрек кісі өлтіргіш болмасын.

Алтын жайлы шешім пішсек арнайы,
Төмен деме кестедегі сарайы.
Нағыз асыл - кішілейіл кең мінез,
Нағыз асыл - қарапайым, жабайы.

Түсінгенім жан сыбыры хабарым,
Кереге көз сүйем кесте тарамын.
Алтықпа дос, сол кестеші сияқты,
Білем уақыт саған да орын табарын.

Кесте ғажап жақындатқан алысты,
Қиоласты, жер жаһанмен табысты.
Құрметтейік сол кестені толтырған,
Қазақ жерін және даға Қанышты.

2002 ж.

Әділдіктің қорғаны

Есілім кетіп азайды,
Жаны ашыр бауыр туысым.
Қысгамшылық қажайды,
Тарылғандай тынысым.

Телегей теңіз толғатқан,
Ақынымнан айрылдым.
Жолыма белгі орнатқан,
Жақынымнан айрылдым.

Сыйластық көрсем ініден,
Достасың қатты шаттанды.
Толғанып жүрек тілімен,
"Өз ағам" — деп мақтанды.

Әрі інім, әрі дос еді,
Сан жылдар тосып табысқан.
Сайыста сұңқар осы еді,
Жаралған жаны намыстан.

Тындырған ісі мол болды,
Парызы елге өтелген.
Алатауда сол болды,
Есiлдің суын көтерген.

Атағы, даңқы зор еді,
Жыл сайын өрлеп өсерлі.
Ақ иық қыран сол еді,
Топшыдан қағар есерді.

Өкінтті кетіп ең ірі,
Әділдіктің қорғаны.
Жақсы еді — шындық зеңгірі,
Өз інімнің болғаны.

12.10.2002

· Алматы

Қиқарлық

Алпыс — талтүс жастық шақтың қалдығы,
Жетпіс — белес егделіктің жарлығы.
Көз қиығын тастап өтсе сұлулар
Ол әлі де бірдеменің барлығы.

Тау ішінде тауды жырлап өтемін,
Көл шегінде құсқа құрмет етемін.
Қырға шықсам
“Жезкиікті” бір көріп,
Жырлай, жырлай мәңгі ғашық етемін.

Жаршысымын туып өскен даланың,
Ел шегінде жанға қуат аламын.
Жетпіс жасқа әкелсе де паспортым,
Мен бәрібір алпысымда қаламын.

22.01.2002

Қаниса Қанышқызының айтқаны

– Қарсақбайға қонақ келді ауылдан,
Папам күтгі бәз қалпында бауырмал.
Меңсіз қара қой сойғызды мейманға,
Ата дәстүр ең құрметгі тәуір мал.

Кәстөм берді, пальто жапты үстіне,
Дейді мейман: “Құдай шақтап пішті ме?
Галстукты ең алғашқы тағуым,
Шляпа киіп ұқсап кеттім күштіге.

Кетерінде қимас достай сүйісті,
Қос құшақта кеуделері түйісті.
Кім екен деп мен ішімнен таңдандым,
Бала күнде көріп қызық бұл істі. —

Дедім: — Папа, туыс па бұл атажан,
Қанша киім алып кетті жат адам?
— Үлкен туыс, — деді папам — зор туыс,
Қосыламыз он төртінші атадан.

15.12.2002

Алматы

Кетпейтін не бар көңілден

Тірлікте не бар өтпейтін,
Қызық та көрдік көп дейтін.
Бәрі де соның өткінші,
Салсақ та қуғын жетпейтін.

Бірақ та, естен кетпейтін,
Барыңды қолда “жоқ” — дейтін.
Туады екен тұмша күн,
Жанардан жеңіл өтпейтін.

Күз жасы көл боп төгілген,
Алғызбай өкіп жеңілдем.

Қиямет кештік Тұманбай,
Құралай өтіп өмірден.

Өзіңдей көріп өзімді,
Мәриямді ана сезінді.
Еске алам Күлтәй бәріміз,
Мәскеуде жүрген кезімді.

Шығармаса жастар үн,
Білдік қой сезім астарын.
Қайда барса Құралай,
Тастамайтын Асқарын.

Ажалдан біздер жеңілген,
Қармаққа тағдыр тең ілген.
Қайғынды қаққа бөлісіп,
Күн туды-ау, бірге егілген.

Ақылмен асқақ көрінген,
Айрылдық қыршын өрімнен.
Осыдан артық құдай-ау,
Кетпейтін не бар көңілден.

2003 ж.

Алматы

Ақындар жырдың құрбаны

Қайғысын кімнің шақтаймын,
Қатты айтып кімді жүдетем.
"Сақтансаң ғана сақтаймын",
Депті гой бізге "Құдекең".

Жол таба алмай бірлікке
Жоғалтқандар асылын,
Жабығар қалған тірлікте,
Жегі жеп ішген жасырын.

Сондайға қатты күйінсек,
Дүние — дүрмек жүдегкен
Жүрекке батқан түйіншек,
Кетпей ме бірге сүйекпен?

Сүйекпен бірге кетеді,
Демеске қанша хақым бар.
Жасырмай бірақ, өтеді,
Қайғысын, мұның ақындар.

Кейде ақын ойлы данадай,
Тағдырға тәуба қылады.
Ол, кейде жетім баладай,
Жарыла жаздап тынады.

Батса да жанға көп шығын
Түссе де тамұқ тереңге,
Құпия толы, өксігін
Айтады ақын өлеңге.

Тоғытар ойды тас өткел
Десеңдер қайда жыр мәні,
Құпиясын паш еткен
Ақындар жырдың құрбаны.

2003 ж.

Әдияға

Әдияшім ең кішкентай немерем,
Сені көрсем қуанышқа кенелем.
Ризамын құдіретіне Алланың,
Жастайыңнан сені желең, жебеген.

Жебей берсін, өмірбақи жебесін,
Қанағтасып сен соңымнан ересің.
Көз ашқалы өмірді кең шарлауға,
Толқындарды бұзып, жарып келесің.

Сондайға қатты күйінсек,
Дүние — дүрмек жүдегкен
Жүрекке батқан түйіншек,
Кетпей ме бірге сүйекпен?

Сүйекпен бірге кетеді,
Демеске қанша хақым бар.
Жасырмай бірақ, өтеді,
Қайғысын, мұңын ақындар.

Кейде ақын ойлы данадай,
Тағдырға тәуба қылады.
Ол, кейде жетім баладай,
Жарыла жаздап тынады.

Батса да жанға көп шығын
Түссе де тамұқ тереңге,
Құпия толы, өксігін
Айтады ақын өлеңге.

Тоғытар ойды тас өткел
Десеңдер қайда жыр мәні,
Құпиясын паш еткен
Ақындар жырдың құрбаны.

2003 ж.

Әдияға

Әдияшім ең кішкентай немерем,
Сені көрсем қуанышқа кенелем.
Ризамын құдіретіне Алланың,
Жастайыңнан сені желең, жебеген.

Жебей берсін, өмірбақи жебесін,
Қанағтасып сен соңымнан ересің.
Көз ашқалы өмірді кең шарлауға,
Толқындарды бұзып, жарып келесің.

Бізге Алланың сәт құшағы кең еді,
Соған жаным бұл жалғанда сенеді.
Сен туғанда құдағидың "Қара қыз",
Келе берсін маған тартқан дегені.

Жан тілегін етсем көпке жария,
Бақыт құсы саған қонсын Әдия.

20.07.2003

Алматы

Ойлайтыным бұл күнде

Жамандық пен жақсылық,
Ақиқат пен жалғандық,
Тез баю мен тапшылық,
Өрлеу мен артта қалғандық,
Адуынды айқаспен жүріп жатыр.
Бір айтқызбай қоймастай сырымды ақыр,
Қияңқылар қатыгез қылықпенен,
Қисық тартып қақ жолды бұрып жатыр.

Жаздан кейін қатты қыс,
Келгендей туды апғығыс.
Ушығып тұр әлемде,
Шым, шытырық қақтығыс.
Күлпәрша етіп Иракты тағы тыңды,
Адамдықтың бұл жолы сағы сыңды.
Қарулының қарасақ қылығына,
Жүген, құрық дегеннен ағытылды.

Суысқанға арамыз,
Алаң болып барамыз.
Қайтсек қана құдай-ау,
Адам болып қаламыз.
Ертелі кеш жүрекке болмай тыным,
Қартайғанша қаламды қоймайтыным,
Дуниенің дүбірі дүрлігіп тұр,
Осы менің бұл күнде ойлайтыным.

29.04.2003

Алматы

Күмбірлейді домбыра,
Тербеп Бетпақ - Даланы.
Басқа дыбыс жоқ сірә,
Еліктірер сананы.

Екі ішек, естіп білгейсің,
Мұңын шағар ақ сағым.
Кімді іздеп жүр дейсің,
Жез киікті аңсадым.

Сағындырған Жез киік,
Сыңғыр қақты тұяғы.
Қысқан кезде шер, күйік,
Далаға қалай сияды.

Қай жаққа жүйткіп көсіді,
Не дейді дүбір екпіні?
Дүрсіліп жүрек өсірді,
Бір көрінбей кескіні.

Күмбірлейді домбыра,
Іштегі күйге қосылып.
Жүрегім жатыр дал болып,
Сағыныш жолы жосылып.

17.04.2002

Тіліңді қорға қазағым

I

Тіл — елдіктің тірегі,
Бұлжымас берік орнаған.
Тіл — ұлтымның жүрегі,
Лүпілін тағдыр қолдаған.

Тіл — Қорқыттың арманы,
Қобызға қосып шерлі еткен.

Тіл — сұлу сөз орманы,
Бабалар бұта серметкен.

Тіл — Абайды тудырған,
Білсін, — деп бізді бар ғалам.
Тіл — Абылай ту қылған,
Ар-намысым жайнаған.

Тіл — хан Кене ұраны,
Бостандыққа бастаған.
Тіл — Біржан Сал бір әні,
Барша қазақ қостаған.

Тіл — "Сарыарқа", "Саржайлау",
Құрманғазы, Тәттімбет.
Тіл — туган жер, ақ жайлау,
Түсіну сырын ақ міндет.

Орадың асыл сөзіңе,
Азабын, тірлік ғажабын.
Өз қолың жетсе өзіңе,
Тіліңді қорға қазағым.

II

Тіл — ұлтымның санасы,
Елдікке дербес шақырған.
Тіл — ұлтымның анасы,
Ақ сүтін бойға татынған.

Тіл — той, думан тамаша,
Немерем тілі шыққан күн.
"Аға" — деп айтқан жаңаша,
Ұлтымның құтын ұққан күн.

Тіл — жалықпас мұрагер,
Өлсең де жоқтау арнаған.
Тіл — "шашпай бер" Құлагер,
Алдына жүйрік салмаған.

Тіл — Төлеген ажалы,
Ғашықлық мұңы күрсінткен.
Тіл — Қыз Жібек ажары,
Сипаттап көркін сүйсінткен.

Тіл — үзілмес өз үнім,
"Жезкиік" құмар қандырған.
Тіл — Ләйлі, біз — Мәжнүн,
Махаббат естен тандырған.

Түскенде көзі көзіңе,
Шеккендей ғашық азабын.
Түсірмей кіршік сөзіңе,
Тіліңді қорға қазағым.

2002 ж.

Алматы

Гамлеттің шешімі

— Өлімнің асы кек кернетіп бой қызды,
Жаңа неке көкіректі терең ойғызды.
Қайран әкем оқыс келген қазасы,
Жер, жаһанның бар қызығын жойғызды.

Әйелдер-ай! Залым-зұлат екенсің,
Баяғылар айтпаған ғой бекер сын.
Айға жетпей,
Байға тиген шешеме,
О, пәлекет! Не әрекет етерсің.

Тірейін бе тығыраққа арманды,
Үрей жеңді, шығар-шықпас жан қалды.
Өз інісі уландырды әкемді,
Тағын алды,
Шешемді алып сандалды.

Қатал өмір, тұтқынындай жат елдің,
"Өлу? Өлмеу?" қатар сұрақ әкелдің.
Дәм, тұз бітті, — деп, қоштасып өтем бе?!

Әлде алам ба,
Өшін король әкемнің.

Жоқ! Тірімін. Тағылыққа көнбеймін,
Зұлматтарға әділет барын көр, деймін.
Тәуекелді шырақ етем алдыма,
Жағаласып өтем,
Пықсып өлмеймін.

“Болу? Болмау?”
Қос сұраққа жауап сол:
Ар жолында арпалысқа талап мол.
Жүре алмаймын өлексі боп, жүгіріп,
Жылпостардың көңілін аулап, жалап қол.

Әке алдында күнәм сонда жуылар,
Парыз ақтап,
Албырт денем суынар.
Өз уларын өздері ішіп өлген соң,
Құмыранды таусып кетем уы бар.

2003 ж.

* * *

Жас күнімнен өлең қонды жүрекке,
Ерте ұмтылдым алыста көкжиекке.
Ес білгелі мұңым көптеу болған соң,
Жыр айналды құпия дос, тірекке.

Кен де қаздым, жасап ерен батылдық,
Арал үшін айқас берді қатулық.
Әкімдіктің шырқау шыңын игеріп,
Серігім боп қалды бүгін ақындық.

Мен әйтеуір жалаң ақын емеспін,
Желкенімді алыс жолға кең естім.
Арал үшін — екпіндетсем үнімді,
Бұл жалғанға бекер келдім демеспін.

Жыр қанаты жүре, жүре бекінді,
Алыс жолда дауыл кешіп жетілді.
Жинай бердім жан, жағыма достарды,
Топан суда Нұх пайғамбар секілді.

Көлде аққудың сүйіскенін хоштадым,
Әнге айналды саңқылына қосқан үн.
Күміс бауыр, алтын тұяқ, жез қанат,
Өрде киік болды аңсап тосқаным.

Тұсау салмас жетпісімде өлеңім,
Сексенде де суреттеймін ел өңін.
Аға, іні, құрбы-құрдас аралас,
Сағыныштардың құшағында келемін.

Жан қуаты - ел тілегі бойдағы,
Сол тілектен жайнады жыр ойдағы.
Кеншілікпен, әкімдікпен қоштассам,
Шабыт селі өр тасқынын жоймады.

13.04.2002

Мәскеу

Қарағанды кемеңгер

Сарыарқа астанасы Қарағанды,
Ежелден атақ, даңқың дараланды.
Тарқаған Мәди айтқан қалың бұлты,
Қасыңда Қарқаралы жаңаланды.

Жезқазған ардақтады атағыңды,
Қыз Балқаш өз құмарын тата білді.
Өлеңмен Жамбыл бабам паш еткендей,
Қарсақбай жез жалауын қатар ілді.

Киелі атың мәшһүр зеңгір тауым,
Біледі қасиетіңді зерлі қауым.
Темірге көмірің сай өмірің бір,
Секілді туган інің Теміртауың.

Мен үшін киелісің Қарағанды,
Жас күнім өз қолыңда бағаланды.
Тік сілтеп дөнен күнде оза шапсам,
Тұяғым Жезқазғанда тағаланды.

Кеншілік болды құзарт өз биігі,
Қанықты кең далаға көз күйігі.
Ұлытау арнап берген белгім еді,
Кең дала жез қанатты "Жезкиігі".

Жүректен жыр балқытар таптым жалын,
Бұйырды тағдырыма шапқын дарын.
Өлеңге өзек еттім ән байланар,
"Гәккушіл" қоскөл жақтың аққуларын.

Сен болдың сол кездегі бас қаламыз,
Екінші жер бетінде астанамыз.
Саңлағы адамзаттың Сәтбаевтан,
Алғашқы алған сабақ дастан аңыз.

Атасам Әбілқас, Евней агаларды,
Жас қыран — інілер де бағаланды.
Өсірген Елбасымыз Нұрсұлтанды,
Өзге емес, ол да өзіңсің Қарағанды.

Беу, дүние-ай, Жайық ағам қандай еді,
Мағжаннан дәріс алған маңдай еді.
Нариман, Махат, Жұмаш, Мұқыштарды,
Айтпасам қалар көңіл қанбай шері.

Қасыңнан кім өтеді тәжім етпей,
Келесің кемел шақта жазың өтпей.
Жебейді Қарағанды сені мәңгі,
Даналар қаз дауысты Қазыбектей.

Естілсе тау ішінде Сәкен әні,
Махаббат мас етеді шекер, балы.
Тәттімбет "Саржайлауы" күмбір қақса,
Адамның балдай балқып кетер жаны.

Дербес ел тапса талай арналы ағын,
Нұрқазған жарқыратты жаңа жалын.
Әйгілі Қарағанды нар қаласың,
Сыйлайтын жас қалалар ағаларын.

Орталық Қазақстан жүрегiсiң,
Байтақ ел болат сүймен бiлегiсiң.
Мерекең құтты болсын Қарағанды!
Iргелес Елорданың тiрегiсiң.

22.12.2003

Астана

* * *

Бiреуге орын бар өмiрде,
Бiреудiң жасапты сорын көп.
Қатты айтсам,
Өз сырым көңiлде,
Орнықсам деймiн-ау, жолым боп.

Шаттыққа жол бершi шер бiтiп,
Терейiн бұйырған гүлiмдi.
Домбыра, күмбiрiң сергiтiп,
Төгiлтшi,
Жан құштар үнiңдi.

Көксеймiн шын бақыт құшса деп,
Әр күннен шапағат алардай.
Бiр әнiм құс болып ұшса деп,
Артымда ел шырқап қалардай.

23.04.2002

Көңiл назы

Барады жылдар өтiп ағындаған,
Таусылмас қайран көңiл назың маған.
Баяғы қызыл iшiк киген қызды,
Боламын сағынсам да сағынбаған.

Келер деп ел шетіне сырласуға,
Қарайлап тұрғандаймын шың басында.
Көрсем де, көрмесем де естен кетпес,
Қалғандай аңыз болып бір ғасырға.

Ақтарсам айтылмаған үзік сырды,
Жүректі жүз аунатқан қызық кірді.
Көкшетау көп қызының еркесі едім,
Бір қызы Қызылжардың қызықтырды.

Барады артта қалып өмір жазы,
Өзіңсің қайран жүрек әділ қазы.
Тірлікте бар әуренді анықтаған,
Құс қанат шарықтасын көңіл назы.

01.09.2003

Астана

Даналыққа тағзым

Төрінде Сарыарқаның Қарағанды,
Жұлдызың баяғыдан дара жанды.
Қаласың Қаныш аға нұрыңды ашқан,
Сол еңбек бүгін сәтті бағаланды.

Көшеңе жаңа ескерткіш жарқырады,
Көркіңе дана бейне сән құрады.
Талай жыл бабын ташпай кенші қолың,
Құлағын домбыраның дәл бұрады.

Бой тастап даналық пен кемеңгерлік,
Көз тартты ескерткіштен ерен ерлік.
Осылай ұлыларын ұран етті,
Көтерген ел еңсесін егемендік.

Данаға даңғыл болған жарылыстан,
Еренсің беу, Орталық Қазақстан.
"Сәтбаев" деген жұлдыз күлім қағып,
Күн туды кең аспаннан қарап ұшқан.

Дәл бүгін ақиқатпен табысты аңыз,
Бәріміз сол жұлдызбен ағыстамыз.
Мәңгілік ізі сәнбес жол салынды,
Жезқазған - Қарағанды - Қаныш - ғарыш.

Аязды бәсеңдетті жырым желді,
Жан құсын құйқылжығтты тұғыр - белгі.
Барлап тұр Қаныш аға бізбен бірге,
Бір күнде өзі басқан жұмыр жерді.

Күн өгті өкінішпен күрсінер көп,
Сәт жетті бас иер сан кісілер кеп.
Ескерткіш құтты болсын, Қарағанды,
Данаға тағзым еттік бүкіл ел бой.

17.11.2003

Қарағанды

* * *

Тау мен тасқа жас күнімнен табындым,
Қаныш аға, бойға қонды бар үлгің,
Саған ерген үміт, сенім ұлғайтты,
Мол қызуын кеудемдегі жалынның.

Біреу сенер, біреу сенбес сөзіме,
Еліктедім кеншілікке өзіңе.
Той ішінде атымды атап мақтасаң,
Басымды идім Жезқазғанның жезіне.

Өміріме айқын белгі ол-дағы,
Кенші деген қатері көп жол бабы.
Есіл-Көкше өңірінен келсем-де,
Қарт Ұлытау өз ұлындай қолдады.

01.04.1961

Жезқазған

Ақындық жарқын жұлдызы

(Төлеген Айбергеновке)

I

Есіме алсам Төлегенді тебіренем,
Мінезі ұқсас — сағыныш әбден меңдеген.
Қалай ғана бір кездеспей қалдым деп,
Өзіме өзім мұң шаққандай сенделем,
Сағыныштардың құлымын ғой мен деген.

Қай заманда жеңеді ойлы мығым іс,
Сағыныштарға жатыр ғой сіңіп ұлы күш.
Сағынышымен ұлылық сырын өлшеген,
Көрмей өтті ол бұл жалғанда жығылыс,
Төлеген деген жыр саңлағы, құбылыс.

Құбылыс — деп қадап айтсақ — шынымыз,
Сағыныш құшқан сол еді-ау, асқақ ірі құз.
Аққан жұлдыз секілді сәуір кешінде,
Өте шықса бұзылды біздің шырымыз,
Бір саласын жоғалтты дария - жырымыз.

Сағыныштары Әмудей асау толқыды,
Сусындап қалды шөлдеген дала ой, қыры.
Қарақалпақ халқындай өжет, қайратты,
Аралдан келген қаулады жырдың жойқыны,
Қазақтың ұлы толтырды талай олқыны.

Сағыныш болып кең далада самғады,
Құлаштап жетер шақырды заңғар арманы.
Жақ қандай шырақ мұнаралардың басына,
Ақындықтың құлшынып еді-ау тарланы;
Рухын солай мәңгіліктермен жалғады.

Қызылқұм жақтан сызылып қызыл жел еспек,
Күндерім аз ба келелі тілде кеңеспек.
Кегейліге келе қалсам мен кеше де,
Жан баурады қос жанары елестеп,
Бердақты болды-ау, еске алып жырға бөлеспек.

Өкінішіндей кешегі өткен шағымның,
Көкірегімді қаулап та кетті сағым мұң.
Сағыншақ жаным сарғайған сырын ақтарса,
Бір аунап түс, ақтангер інім қабыл қыл,
Кешегіден қаттырақ сені сағындым.

II

Мен де өзіндей сағыныштардан жаралдым,
Таусылмас мұңнан өлеңге маздақ нәр алдым.
Ақ сазандай ақ балтырға сен құмартсаң,
Жыршысымын жез қанат кер маралдың;
"Кенші – ақын" едім "Жезкиік – ақын"
саналдым.

Жезқазғанда тойлы кештерде не түрлі,
Төлеген, жырың болды ерекше өтімді.
Сағыныш сырын Шымболат толқып самғатса,
Тыңдадым сергек арналған маған секілді,
Сағыныштарың Сарыарқада бекінді.

Сағынып кетем Қоңырат жаққа барғанда,
Қаз дауысты қазақтар өнге салғанда.
Жайлауда көрген ақ бота мөлдір жанары,
Селк еткізді жарқ етіп, қарап қалғанда,
Малшынып кеттім сағыныш деген арманға.

Аңсау мен сусау ыстық қой назды құндағы,
Сағыныштарыммен сабаға түсті жыр бабы.
Жез Киіктің қап-қара көзі мөлт еткен,
Кірпігіне мені орап, матап шырмады,
Қайда екен, қайда, жануарлар қалған жұрнағы?

Каспийге барсам сағыныш селі тынбады,
Өзінді көрген шағала қанат бұлғады.
Қай ауылға жетсем де естіп сен жайлы,
Мұңдаса білді мұнаралар да құмдағы,
Қызыл құмда қызыл жыңғыл тыңдады.

Бұрасын, дауыл үйіршең асау асылға,
Асаулар әсте келеді басқыш насырға.
Есен болсаң Арал үшін айқаста,
Төлеген бірге жүрер едің қасымда,
Жан азасын жеткізер едің ғасырға.

Ай-әлемге жарылсам бүгін ағынан,
Өз табиғат күшіне шексіз табынам.
Аралдың мұңы замана мұңы болған соң,
Төлеген сені өкініш үдеп сағынам,
Жыр төгілтем жалғаса туып лағыл ән.

III

Аралды ойлап, артыма көптеу қараймын,
Кетпейді естен қайраңдап қалған ақ айдын.
Өзге ісімді тәмамдай берсін көрген ел,
Төлегенді мен төл жерлесім санаймын,
Ақындық жарқын жұлдызына балаймын.

Келбеті кербез суреттен бізге қараған,
Танадай көзі таңданып кетпес санадан.
Сәкен аға інісіндей маңғаздық,
Біткен екен сипаттау келмес шамадан,
Өлеңі жаңа, өзі де мүлде жаңа адам.

Жайнайды жүзі аққу, қаз қонған көлдерде,
Қаламын байқап ақ бөкен көшкен өрден де.
Төлегендей ғажайып жігіт екен деп,
Теңеу де етем сүйсініп көңіл бөлгенде,
Жүрегі жайсаң ақ тұйғын жігіт көргенде.

Өресі биік, Төлеген, өлең өріп ең,
Жұрт көрместі бұрындау сен көріп ең.
Маңғыстаудың қара алтын бұққан аймағын,
Өзгеден өзге оралғып көзге беріп ең,
Мұнайшылар достасып кетгі сенімен.

Сағынышың ырғаққа таққан сырғаң боп,
Жалындап кетті жас жүректе қызған шоқ.
"Бір тойым бар" деп армандап қана жүруші ең,

Ол алтын сөз айтылмас бүгін думан жоқ,
Тап одан асар той жыры әлі туған жоқ.

Тың скипінді жоргасы жатық бұлақпен,
Бояуы ашық, әуеншіл сазбен жырлап та ең.
Өзің көрген өмірдің жасап келбетін,
Толағай Әму толқыны көшкен тың бапшен,
Ғажайып сурет тудырушы едің бір гәптен.

Аз жазсаң да мәз жазыпсың бекемдеп,
Құбылыс десем айта алмас ешкім бекер деп.
Саңқылға қаңқыл қосқандай жастар толқиды,
Қиялы шексіз өреңе биік жетем деп,
Ел жүрегін Төлеген, алдың мекендеп.

30.03.2003

Алматы

Қайдасың кең даланың ғаламаты

"Жезкиік" — махаббаттың аманаты,
Жалғасты есіміңе заман аты.
Саңдалып Сарыарқада сағым құдым,
Қайдасың кең даланың ғаламаты.

Келмейді баяғыдай алшақтағым,
Бетпақта киік көрмей қан қақсадым.
Алыстан сыңғыр қаққан алтын тұяқ,
Қарашы, үні шықпай аңсатқанын.

Жез киік жаным құштар еркем едің,
Жол кесіп жонда талай еркеледің.
Еламан, жұрт тынышта ғайып болып,
Қызығын кең жалғанның келтеледің.

Қайтадан, құралайым, ғашық қылшы,
Жан құштар жырдың селін тасыттыршы.
Жалындап қызыл ішік киген қыздай,
Ағындап ақ сағымды ашып кірші.

Киіксіз қаусап қалды-ау ұлы далам,
Көмескі тартты көзге тірі ғалам.
Жер, көкте жаутаң қаққан сұлулардың,
Көрінбес жез киіктей бірі маған.

Көңілге өткен күндер ұяладың,
Қисапсыз қаулап кетті қиял-ағын.
Ұлдарын ұмытпаған Ұлытауға,
Жоқ деуге киіктерін ұяламын.

Көшкен құм естігенде мұңын шаққан,
Сарғайды сайын дала күні батқан.
Жүрекке мәңгі өшпес таңба салды,
Жезкиік қия таста ізі жатқан.

Жез киік — кең даланың арман гүлі,
Жарқ етпей жанға батты салған зілі.
Сұлулар жер бетінде сиреп кетсе,
Не болар адамзаттың қалған күні.

Сай, сала көк торғындай қамқа белі,
Қаптаған киік барда дархан еді.
Жез қанат құба белде қалықтаса,
Қамыққан талай шерім тарқап еді.

Домбырам, мұңым сендей досқа мәлім,
Ауадай қажет бүгін қостағаның.
Құмартқан қимай қарап мөлт еткізші,
Адамның көздеріндей қос жанарын.

Салды ғой күйік назы сергелдеңге,
Қамықты Қаракеңгір мен келгенде.
Шіркін-ай,
тым болмаса жіберсе екен,
Сәлемін жалау етіп ескен желге.

Асыл ән ел аралап шуақтаған,
Берді ғой құты қайтпас қуат маған.
Өмірден Жақсыгелді ерте кетті-ау,
Қайғысы "Жезкиіктің" шыдатпаған.

Екі ішек, қоңыр күмбір әкел маған,
Өлеңге онсыз қалай жетер шамам.
Киіктер жоғалды деп естігенде,
Оянар шырт ұйқыдан Сәкен ағам.

Айтсаңшы бар сырыңды, алтын далам,
Киіктер қайда жүйткіп, жарқылдаған?
Күрсініп, жер бетіне сыймай тұрмын,
Не дейін одан басқа, халқым, саған.

14.02.2003

Астана

Естелік

(Әшірбек Құнанбаевқа)

Әшірбекті айтсам өлең төгілер,
Сағыныш боп, мұңлы шумақ өрілер.
Жастайынан бірге жүрген қасымда,
Өз бейнесі көз алдымда көрінер.

Домбырам да күмбірлейді күңіреніп,
Сыбырайды жан баураған үн беріп.
Бейігіне өлең - белгі қоярдай,
Төбіренемін көкірегімнен гүл теріп.

Отырамын қарап алыс іздерге,
Көктемдерге ауылда өткен күздерге.
Кенші - студент сайран салсам достармен,
Ол құмартып зер салыпты біздерге.

Ойлы бала аға сырын тізіпті,
Бар кеңесті бір емес-ау, жүз ұқты.
Алтындаған қос эполет көз тартып,
Үстімдегі формаға да қызықты.

Үлкендердің сөзіне де сенді көп,
Тоқсандағы Смағұл қарт берді сеп.
Сонда айтты: тап осылай киініп,
Біздің жерге Шоқан ғана келді деп.

Жүрген бала ауылда ойнап шапқылап,
Олда кетті кенші болар салт құрап.
Шортандыда техникумды тәмімдап,
Форма киіп шыға келді жарқырап.

Бірге жүрген Жезқазғанда көшем көп,
Жол жалғасып, кете барды көш өрлеп.
Біздің үйдің үлкен ұлы сияқты,
Жанға жақын болып кетті Әшірбек.

Тастап кетіп Есіл, Көкше маңайын,
Бірге құштық Ұлытаудың арайын.
Алатауда аға-іні көбейіп,
Сыйлап өстік зиялылар талайын.

Түгел айту оңай соқпас көп сырды,
Астанаға бірге көшіп көш құрды.
Елде бірге егде күнде жүруді,
Тағдыр, шіркін, қимағандай көпсінді.

Аралап кеш талай алыс қиырды,
Астанада оған топырақ бұйырды.
Бір дұрысы жан жарының қасына,
Балалары өзі барда жиылды.

Жиды жылдам бір қатерді білгендей,
Жиды бірін кім не десе мін көрмей.
Немерелерін сүйсе армансыз,
Атғанды,
Шөбересін қызықтауға үлгермей.

Үйір қоссақ туган жерге кеш келіп,
Қуанышы ек егделікті ескеріп.
Мен не дейін, бар амалым осы ғой,
Сағынғаннан жаза берем естелік.

25.12.2003

Астана - Алматы

Мағжан аға сөйлейді орыс тілінде

Біле білген бір жеңерін түбінде,
Ұлтжандылық кие құт бар үнінде.
Қазағыма "Күн боп туган" мәрт ақын,
Сөйлеп кетті Мағжан орыс тілінде.

Келсе толқып, шаттыққа орап наз артқым,
Татсын нәрін өзге елдер де гажаптың.
"Пайғамбар" — деп аталған жыр жинағы,
Қуанышы барша қалың қазақтың.

Сөз төресі бүгін қайта түледі,
Бұрынғыдай қайсар дауысы үдеді.
Туган елге жақындығы осы ғой:
Естіліп тұр лүпілдеген жүрегі.

"Ұлтшыл" деген құрттық ескі жаланы,
Ұқсын достар ұлтын сүйгіш дананы.
Қонысы бір орыстар да түсінсін,
Айқын ашсын нақақ жаққан "қараны".

Астамшылық кетер деген өзімен,
Көрсін күшін қан мен жазған сөзінен.
Білсін, Пушкин, Лермонтов, Блокты,
Шын сүйгенін жас жолбарыс кезінен.

Кете алмайды енді еш кім тым алыс,
"Пайғамбарға" туды ынттық сұраныс.
Сыйлап отыр бізбен бірге сүйсінтіп,
Дана қазақ орысқа да қуаныш.

29.01.2003

Жетпістегі мектептестің жүрегі

Көптен көрмей кіндік кескен ауылды,
Сағынып ем сал Сырымбет тауымды.
Аңсап келдім
Ата-әже болса да,
Тай-құлындай тату оскен қауымды.

Ол ғажаптар — мектептестер сендерсің,
Өздеріңе қандай орта тең келсін.
Жүрегімде қалған ескі дертімді,
Беу, қара көз!
Ебін тауып емдерсің.

Ғажап едің сұмдық сұлу мектептес,
Жұлдыз болдың екі көзден еш кетпес.
Көлде аққу, өрде киік жарқ етіп,
Өздеріңді қалай ғана ескертпес.

Көз жазғандай ауыл-аймақ шетінен,
Бір оралмай
Тым алысқа кетіп ем.
Қол алысып, шыдай тұршы жігіттер,
Сұлулардың мен сүйейін бетінен.

Көз ұшында өткен күндер легі,
Құлын күннен тілектері бір еді.
Біз баяғы балғын күндей тулап тұр,
Жетпістегі мектептестің жүрегі.

02.05.2002

Алматы

Қарағанды құтты өлкесі Қаныштың

Сәтбаевтан сөз бастаудың сәті бар,
Ғажайып бар көкірек көзі бақылар.
Қарағанды, төңірегінде басталды,
Дана шыққан ең тамаша сатылар.

Бес жыл еді Президенттіктен алынған,
Күндер келді қапырық заман қағынған.
"Бақыт тапты, бақыты жоқ шағында",
Арман жеңді ұлы жүрек табынған.

Қолы бастау уақыт сырын өлшетті,
Баяғыдай дала кезіп, жол шекті.
Сырты қандай болса, ерен тұлғалы,
Іші де оның ірілігін көрсетті.

Туды сонда арнасы бай тың ағын,
Жақты Алла кең жүректің шырағын.
Жария етпей күйзелісті күндерін,
Дария етті жаңа ғылым бұлағын.

Сырын айтғы қойнауы құт тау — тасың,
Ашты кеннің сорпасы мен малтасын.
Ой түбімен
Жер түбіне үңілің,
Жасап берді кен болжаудың картасын.

Жанды шырақ жүрген күйсіз шақтағы,
Осы еңбегі атақ, даңқын сақтады.
Әлемге әйгі ұлылығын айғақтап,
Кең төсіне алтын белгі таққаны.

Су да кен ғой,
Нудың табар амалың,
Ашты талай кәусар бұлақ жанарын.
"Су иесі Сүлейменше"
Дәл пішті,
"Қарағанды — Ертіс" асау каналын.

Заманында арпалыс пен намыстың,
Үлесің мол табысында арыстың,
"Жер иесі", "Кен иесі" атанса
Қарағанды құтты өлкесі Қаныштың.

25.12.2003

Жезқазған

Құттықтайды Жезқазған

Қарағанды — қара шаңырақ, нар тұлға,
Жетгі уақыт бой көтеріп шалқуға.
Әлемге әйгілі "қара алтынның қоймасы",
Тұныш жатыр үлгі, өнеге салтыңда.

Ембі, Балқаш, Қарағанды, Қарсақбай,
Қоймап еді Жамбылды да тамсантай.

Сол қарқыннан қанаттанған
Жезқазған,
Тойдан қалмас аламанда бір шаппай.

Қарағанды десек Кеңгір жосылар,
Аунап түсер Алашахан, Жошылар.
Сақ-сақ күліп, Сарыарқаны сілкіктіп,
Сырнайлатып ақын Тайжан қосылар.

Ұлы қала тандануға татыған,
Кемеңгерсің кеншілерге аты заң.
Қазағымның мәңгі сөнбес жұлдызы,
Құттықтаймыз Қаныш аға атынан.

Желді Адырда жайып тастап жез-кілем,
Жез қаласы мархабатын сездірем.
Бірге өткізген
Жастық шағын есіркеп,
Сәлем айтты Байқоңырым Жездімен.

Ұлытауым ұлы тілек арнатып,
Құттықтаса қырандарын самғатып.
Жез қанатын желбіретіп жетердей,
Жол сілтейміз “Жезкиікті” заулатып.

Кеншілердің сәлемін ал кен қазған,
Жүйрік жыр да — тойға тарту ел жазған.
Жетпістегі Қарағанды ағасын,
Құттықтайды елудегі Жезқазған!

27.12.2003

Астана

* * *

Мен келемін баяу басып, ақырын,
Ел бірлігін сақтау жеткен ақылым.
Арқалылар өлең үшін сыйласа,
Қалталылар ұқты сөздің татымын.

Шуақ берсе дербес елде жылы күн,
Өзіме де қызық кейбір қылығым.

Жоқтамаймын өткен заман тізгінін,
Боқтамаймын бүгінгі күн былығын.

Мен келемін саспай сабыр сақтаумен,
Ойлантaды жат жұртыққа сатқан кен.
Тынысым жоқ қыз-шабыттан тынбайтын,
Жұмысым жоқ талалайды мақтаумен.

Сабырлы өмір саржайлауы бұйырып,
Отыр деме өз-өзінен бұйығып.
Он арпалыс, мың қақтығыс кездесер,
Ертелі, кеш өлең келсе құйылып.

17.02.2003

Астана

* * *

Қаныш аға жұлдыздың үлкені еді,
Шоғырланған маңайы Үркер еді.
Тоғышарлар шыдамай шырай бұзды,
Әлпеттері көрінбей күркедегі.

Құрды талай күйкілер тұзақтарды,
Бай мұрасын бір емес жүз ақтарды.
Күркедегі көп отған түтін де жоқ,
Қаныш-жұлдыз ғарышта тұрақталды.

* * *

Қаныш-аға айқындады анықты,
Талқандады Мәскеу пішкен қалыпты.
Мол айқастар жетеледі жеңіске,
Жезқазғанды жер шарына танытты.

Сол бағытта жолын тәңірім оңдады,
Ұлылығы елге қорған болғаны.
Аштық жылы аш-арыққа селгесті,
Ерлік ісін ел батасы қолдады.

Жүйріктігі тай күнінен білінді,
Дөненінде ілді барша білімді.
Бесті асаудай нағыз бұла кезінде,
Тұңғыыққа аса терең үңілді.

Кең сілтеді беріден де, әріден,
Мінез қандай: әрі ашық, әрі кең.
Ғұламалар мақтан етсе достығын,
Үзеңгілес болып кетті бәрімен.

25.01.2003

Жазғазған

Тойдағы толғаныс

Келдім кеше кеншілердің тойына,
Ел қаптады кең көшелер бойына.
Әже болған құрбыларым кездесіп,
Ой, хой, шіркін! Не түспеді ойыма.

Күлім қаққан орысы мен қазағы,
Сәлемдесті баяғыдай мазалы.
Көп үңілген әне-біреу келіншек,
Жанарымен үнсіз өлең жазады.

Шахталастар қалсадағы марқайып,
Тек Жәлелден кетпепті әлі жал тайып.
Қалқанындай кені біткен шахтаның,
Қонақбай жүр анандайдан қалқайып.

Қызық екен болғаны да хал бұлай,
Шаршатпасын қалғандарын бар құдай.
Сылқым бойын салт қамшыдай сақтапты,
Жас жұбайдың қызуымен Сандыбай.

Тәуба - деймін көне көздер барына,
Той жалғасты бірі оралып жаныма.
Осылар ғой сан жарыста қарысып,
Жігер берген асау аттай шағыма.

Ерте кеткен осынау көшті жалғамай,
Елестейді Садық, Серік, Балғабай.
Жолдасбек пен Қайырбекті көп ойлап,
Кете алмадым бір ауыз сөз арнамай.

Той да қызды ел қаулады ағылып,
Жұрт дүрлікті сахна жаққа табынып.
Дүркіреген қол шашалақ қызса да,
Мен отырдым достарымды сағынып.

15.08.2003

Сәтбаев

* * *

Кейде шошып оянамын түсімнен,
Кейіпім қызық қыран салып құс ілген.
Жақсылыққа жорып қана басылам,
Өзге әрекет келмегендей күшімнен.

Арасында кейде бұлдыр сағымның,
Дей алмаймын кей тәлкекке бағындым.
Жәйдің оғы тура келіп соқса да,
Табынамын қайратына жанымның.

Ардың ісін қарашықтай сақтасам,
Адалдығым берген сертген қайтпасам.
Ұзақ сөзбен кімге пайда келеді,
Қысқа ғана бар шындықты айтпасам.

Өз бойында ішкі намыс болмаса,
Тағдырыңа арыз айту далбаса.

20.01.2003

Астана

Ескі шахта қалқаны

Жасанды тау көрінеді көзіме,
Құлақ салып тұрғандай әр сөзіме.

Ескі шахта биік қара қалқаны,
Ұқсап кетті жас күнімдей өзіме.

Қасындағы зәулім шахта - алыптар,
Осы күнгі заман сырын анықтар.
Ұзын бойлы кенші ұлым сияқты,
Биіктерге әлі талай шарықтар.

Ескі қалқан бастап талай тереңге,
От ойнатты-ау, менің шымыр денемде.
Ол әлі тұр сол баяғы қалпында,
Беу, жарандар!
Мен де өзгермей келем бе?!

Талқандадық талай тастың тақтысын,
Терең қаздық жез мұхитын тапқасын.
Өтгі ол күндер...
Ал, өзім де өзгердім,
Шыңдықты айтар басымдағы ақ шашым.

Ескі қалқан куәгері кеншінің,
Бостан босқа болған жоқ қой тер шығын.
Ақындық та алыстарға самғатты,
Паш етумен кенші өмірін, кен сырын.

Сол күндерде тапқан көңіл жақұты,
Ең алғашқы ақын - кенші бақыты.
Енді міне, қалқанындай шахтаның,
Ойға шомар келді ыңғайлы уақыты.

Ұнтақталып кенім кетті ұшқын боп,
Қыз-шабытты құмарлана құштым көп.
Қарай, қарай ескі қара қалқанға,
Тұрдым толқып солай қарай, ұшқым кеп.

15.08.2003

Жезқазған

Жақсылыққа бастай берсін қадамым,
Сырғанай бер сыр сарқылмас қаламым.
Күн мен түнді жалғастырып келемін,
Сол намыспен шарықтай бер талабым.

Жабайымын көгаршындай қолдагы,
Мазасызбын жолбарыстай жолдагы.
Басылмай жүр, басылмайды ешқашан,
Туған елдің тағдыр берген толғагы.

Әр адамның өзіне тән органы,
Болдым берік сағыныштың қорғаны.
Мен кеткенде "Жезкигім" жарқырап,
Жер бетінде жүйткіп жүрсе болғаны.

Қанша екенін білмесем де қалған күн,
Осынау әнге жан, тәніммен жалғандым.

20.01.2003

Астана

Ұлтжандылық көкіректе тұтанды

Мұхит-аға дейтін бізді "батырым",
Директор ғой шығарса да батыл үн.
Көрші болып тап қасына барғанда,
Ерулік беріп, көрсетгі зор шағырын.

– Әй, батырлар бердіңдер ме ерулік? -
Деп сұрады көршілерден керім қып.
Дастархандас үндемеді жігіттер,
"Жоқ" – деген сөз әкелердей өлім тік.

– Хаке, деді директорлық жарлығым!
Жас та болсаң үлкен жолың бар бүгін,
Келіндерден өзім кешірім сұраймын,
Боқта – деді жігіттердің барлығын.

– Жасқанушы болма деді тақсырым,
Өкпелеу де осындайда жақсы ырым.
Өзім бар ғой түк қалдырмай сыбаймын,
Бұзғандарды ата, баба дістүрін.-

Күлкі келмей тұрсадағы келістік,
Көршілер де деп жатты ғой “дұрыстық”.
Үлкен аға ойнап қана айтса да,
Түбі терең дәстүр сырын ұғыстық.

Мырза халық негізінде кеншілер,
Табысы мол мықтылар ғой кең жүрер.
Ал, содан соң кезек-кезек шақырды,
Қаптап жатқан маңайдағы көршілер.

Ұлтжандылық көкірекке тұтанды,
Дәстүр екен құдай берер құт алды.
Осы күнде қосылғанда басымыз,
Еске алып отырмыз Мұханды.

20.01.2003
Жезқазған

Құрдасым

(Серік Айтмағамбетовке)

Серік деген бар еді төл құрдасым,
Салушы едік егіз тайдай бірге асыр.
Ол кеткен соң өмір өңі өзгеріп,
Өте шықты көз алдымда бір ғасыр.

Бірге өтті студент кез Мәскеуде,
Тату едік солдаттардай әскерде.
Біздер ғашық қыздар бірге оқыды,
Малшынғандай махаббатқа Мәскеуде.

Қырғын еді ол, жалықпайтын бей тыным,
Әзілге орап, әспеттейтін кей шынын.

Бабын ташпас боз өкшелеу жігітке,
Ренжісе: "картопия" дейтұғын.

Өткір сөзден өлмес өрім жасайтын,
Қазақ тілін мәттақылап қашайтын.
Сұлу көрсе жас еліктей бұраң бел,
"Пісіп қалған марқа қозы" атайтын.

Селк еткізер туса сәтті себебі,
Кей өренді өз әлінше жебеді.
Ойда қалды: "Аяқ та емес бас та емес,
Осы нағыз "ортан жілік" - дегені.

Сәл мезетті жіберетін мәңгі етіп,
Тамашаға таба білді сан тетік.
Қазақта бар әнді түгел айтушы ек,
Атқан таң да қосылардай әндетіп.

Серік барда серілікке салып ек,
Естен кетпес сан рахатқа қанып ек.
Кілт тоқтады ол кеткен соң бәрі де,
Көк түтінге оранғандай қалың өрт.

Жалт бергендей дарқан өмір үзімі,
Дәлден келді-ау, досқа тағдыр сызығы.
Серік кетті
еріп кетті соңынан,
Құрдас деген тірліктің зор қызығы.

15.01.2003

Астана

Жұбату да қуанту

Мұхаң кетті шені өсіп Шымкентке,
Көш бұзылды келе жатқан бір бетге.
Шығарып салу дәстүр еді ол кезде,
Жезқазғаннан басқа жерге кім кетсе.

Ел жиналып кең сарайда қоштастық,
Еңбек ері ағамызбен төс бастық.
Дәм, тұз арнап аттандардық құрметпен,
Бастықпенен құрған сыйлы достастық.

Көп жігіттер ере келдік Кеңгірге,
Көшкендей боп ағамыз бен ел бірге.
Жағалауда кең дастархан жайылды,
Сөздер қызды тост арнаған желдірме.

Үлкен, кіші көп жақсылық тілесті,
Ән де салдық, жұбайлар да лесті.
Сол бір кезде суда жүрген Оразбек,
Түсіпбек пен бел ұстасып күресті.

Дүйсенбаев жігіт еді сабадай,
Ал, Молахов жұқа құндыз жағадай.
Маған жақын аға еді Түсекең,
Шошып кеттім дұрыстап та қарамай.

Жұргтың көзі осындайда сұқ қандай,
Шуылдасты бір қызықты ұққандай.
Бір мезетте алып соқты Молахов,
Ніл бойында ілді суға жыққандай.

Түсекеңді алып шықтық додаға,
Алақайлап біз сөйтпесек бола ма.
Сонда Мұхаң: - "Ол Кейкінің інісі,
Әйтпегенде асыл аруақ қона ма?!"

Оразбек те арлан жігіт қуатты,
Кішілік жасап бәрімізді қуантты.
Сен екінші орындасың" - деп сонда,
Қимас досы Оразбекті жұбатты.

Біздер жеңдік осынау қызық қағысты,
"Петродан" "Покро" болды табысты.

Екінші орын! Екінші орын - деп шулап,
Кенші достар ащыларын тағы ішті.

20.01.2003

Сәтбаев

* * *

Жан жарасын уақыт қана емдейді,
Күрсінгенмен көңіл күйі келмейді.
Үнсіз ғана өзіңді өзің тоқтатпай,
Бақыт құсы қайта қона бермейді.

Қуанышта көрген емен құлшынып,
Жүрдім үнім бірде шықпай, бір шығып.
Реніште үміт, сенім дем берді,
Өйтпегенде кетер ме едім тұншығып.

Сіулесіндей құт-береке сәт деген,
Әлде қалай сүренгенге сеп берем.
Сырттан даттап, көзге мақтап жүргеннің,
Жедел көмек бергенін де жек көрем.

Қай сайысқа салсаңдағы заманым,
Мұң оранған өз күйімде қаламын.

20.01.2003

Астана

Кенші қауым

Кенші деген адалдықтың айғағы,
Іске мығым, сөзге берік байламы.
Бір әулеттің баласындай жүруші ек,
Басты ауыртпай ру-жыру қайдағы.

Біреу озса бірімізді сүйінткен,
Аулақ жүрдік қызғаншақтық күйіктен.

Ол кезде жоқ жершілдікке салыну,
Деген жоқдыз олар келді "Югтен".

Дос деп кеттім Рерихтей немісті,
Кәрей жігіт шек жемісті бөлісті.
Тек ақиқат-мәмле тауып жеңетін,
Инженерлік оймен келер керісті.

Талай шақар қиқарлығын өзгертті,
Шын сыйластық өзегіне көз жетті.
Жуас жігіт хас батырдай шынықты,
Бәрімізді бір нысана көздетті.

Тас қопарған арпалыста таралдық,
Бауыр басар ізгіліктен нәр алдық.
Тар забойда жан қиысып жүргендер,
Аңыз болар нағыз достар саналдық.

Асыра сілтеу, қызубастық маған жат,
Тұрам бірақ, кенші десе табаңдап:
Тағзым етер кеншілерге сан гасыр,
Бас иеді алдарында адамзат.

Талай орын алсамдағы төрден көп,
Бір қазақты үшке ешқашан бөлгем жоқ.
Тоғыз ауыз сөздің осы түйіні,
Кеншілерден артық қауым көргем жоқ.

16.01.2002

Астана

Есіңе алшы

Есіңе алшы, біздер қалай тұрып ек,
Шаңырақ шалқар жолын қалай құрып ек.
Жалғыз бөлме кең сарайдай көрінсе,
Тұңғыш пәтер шын қуантқан сыры көп.

Тер төгілттік ерте тұрып, кеш келіп,
Жебеп жүрді тәңірім ерте ес беріп.
Ойлап тұрсам...
Көзін ашқан бұлақтай,
Сол бөлмеден бастау тапты көш, көлік.

Осы күнгі жастар оны білмейді,
Біліп қайтсін,
Құлаққа да ілмейді.
Балаларын көтеріп ап, жаяулап,
Олар біздей улап-шулап жүрмейді.

Қос бөлменің біреуінде орыстар,
Тату болдық
Сыйластықпен қол ұстар.
Кереует пен үстөл әрең сыйса да,
Деп көрмедік ешқашан да қоныс тар.

Есіңе алшы...
Қызық еді бәрі де,
Сол көршіміз ыстық тартар әлі де.
Шыдай, шыдай шырмауықтан шықпасақ,
Түсінбес ек өмір-майдан мәніне.

Барға риза, жоққа көнбіс болып ек,
Сәт әкелді әрбір күннің жолын дөп.
Айлықты да азсынбадық ешқашан,
Байлықты емес,
Ар, намысты қорып ек.

15.01.2002

Астана

Жезқазғандық кеншілер

Сары белде Сарыарқаның желі ескен,
Кенші достар өгтің талай белестен.
Тай таласар алығтар жоқ әлемде,
Жезқазғанмен жез қайнары теңескен.

Кен тасытқан тереңдерден кең жігер,
Батырлармен ел алдында тең жүрер.
Жаса, жаса майталмандар ардақты,
Жаным сүйген жезқазғандық кеншілер.

Жеті қабат жердің сырын кең білдің,
Ұлытаудан жезден желкен сен құрдың.
Жас кеншілер дабылындай естілер,
Мыс сыңғыры жағасында Кеңгірдің.

Құлагердей жолын ашқан шабыстың,
Жайнатғыңдар аманатын Қаныштың;
Желбіреп тұр тәуелсіздік туындай,
Жезқазғанда қызған буы намыстың.

17.01.2003

Астана

Ахмет аға даналық пен айласы

*"Ширатып шінкі өкпе бір жас балаш
Даналық мүшкілдіктен басталады
Қожа Ахмет Яссау*

— Байтұрсынов бір көмекке жараңыз,
Біз ГПУ-ден Марғұланды табамыз.
Оған қандай сіздің берер бағаңыз? —
Деп зікірсе
"Ол бір сырқат бала гой",
Деп сынайы жауап берді ағамыз.

Жылдар өтті. ГПУ келді қомдана,
— Марғұлан қайда?
Жалғыз сұрақ сол ғана,
Ол дұшпанды ұстауға бар жолдама.
Сонда Ахаң:
"Айтып ем гой сырқат деп,
Дәм, тұз бітіп өліп кеткен ол бала".

Бас кесерлер одан әрі баспады,
Түбі сұмдық жабық сырын ашпады.
Қолдарында қара ниет тізімнен,
Марғұланды сызып, сызып тастады.

Кетті-ау, кетті ажал сүйгіш әп, жылан,
Олар үшін жоқ қой
әділ заң, құран.
Ахаң: "Алла, өтірігімді кеш" - деді,
Сөйтіп оқтан есен қалды Марғұллан.

19.07.2000

* * *

Өмір, Тұрмыс. Кең нарық, майдан алаң,
Адамдар көп ақылын майдалаған.
Қайыршының өлеңі қамықтырса,
Асқақ әнге салады пайдалы адам.

Қызылдар да, ақтар да, жасылдар да,
Үңіледі арттағы ғасырларға.
Қара жарға маңдайы соғылғандай,
Шошып кеттім бір досым ашынғанда.

Қорқамын

Ел тонағыш есерлерден қорқамын,
Шен сайратқан шешендерден қорқамын.
Ойдан-қырдан ойран салған төріме,
Қара ниет кеселдерден қорқамын.

Жаным сүймес жұмбақ сөздің жортағын,
Екі көзім сүрінгенді қортамын.
Бүкіл қазақ болмасын - деп осындай,
Көшедегі қайыршыдан қорқамын.

Тасадағы жас есерден қорқамын,
Жол торыған бас кесерден қорқамын.
Зағы қазақ зәре-құтын қашырган,
Сайқымазақ даңғазадан қорқамын.

Қараң қалған алаңдардан қорқамын,
Құлқы тоймас сараңдардан қорқамын.
Дос бои жүріп, қас бои кеткен қасымда,
Арам пиғыл жамандардан қорқамын.

Пайда сайлап түрленгеннен қорқамын,
Тайралаңдап жүргендерден қорқамын.
Асыл арман дербестігім жасқантып,
Күле кіріп күңіренгеннен қорқамын.

Тар кезеңнің кешіп өтсек сортаңын,
Жолықпасын баяғыдай сор қалың.
Шырылдаған бар шындықты айтпауға,
Абай ата әруағынан қорқамын.

2003 ж.

Ауылдағы ақсақалға жауабым

"Халықтың ханы едіңдер әрі малай,
Ақынның осы күнде халі қалай?"
Деп сұрақ қойды ақсақал Көкшетауда,
Жауапты берген тыңда әрі қарай.

Кедейдің пана болар қосы кімге,
Ақынның халі мүшкіл осы күнде.
Той еді жыр жинағы жарық көрсе,
Айналды "қалам ақы" тосын үнге.

Не шара көргендерге басқа сыйды,
Зілзала тас көгермес басқа тиді.
Арқалап кітаптарын сатуменен,
Достарым ел аралап ақша жиды.

Соған да тәубә десе апыл-құпыл,
Қалғасы қалғандардың бәрі шұқыр.
Кейбіреу күн көріп жүр әрең ғана,
Есектей пайдаға мәз кәкір-шүкір.

Дегенде қарттың буы тарқап қалды,
Көнетоз сипай берді тар қапталды.
"Сенгенім сендер болсаң" - дегендей боп,
Жан, жакка басын үнсіз шайқап қалды.

Есілім

Беу, туған жер!
Торғын тоғай Есілім,
Өр толқының бала күнгі бесігім.
Ел ордасын құшақтаған құтты өзен,
Бар қазаққа ортақ асыл есімің.
Ақ қайыңдар алқалаған Есілім,
Жағалауда тал қалаған Есілім.
Аққу, қазы, "гәккулеткен" құтты өлке,
Сал, серілер "қалқалаған" Есілім.

Күміс күлкің сылқыл қақса қызбайсың,
Атамекен ескі арнаңды бұзбайсың.
Сарыарқаны төркініндей сайрандап,
Салтанаты сарқылмайтын қыздайсың.
Сегіз Сері сайран құрған Есілім,
Мағжан аға майдан құрған Есілім.
Ақан Сері, Үкілі Ыбрай өн шырқап,
Ата, бабам жайлау қылған Есілім.

Есілді айтсам жаңылғандай есімнен,
Бала болам бір сұңгуге шешінген.
Көк толқын мен құба талдың сыңғыры,
Естен кетпес ән төгілтіп көсілген.
Жайлы шуақ жылы нұрың Есілім,

Жан анамдай ұлылығың Есілім,
Аққұба қыз ақ қайыңнан аумаған,
Сен таныттың сұлулығын Есілім.

12.10.2002

Алматы.

Бір қазақты бөлмейікші екіге

Ескі Одақтың кезінде де бар еді,
Елді үш жүзге бөлушілер әлегі.
Екі топқа бөліп жатыр бұл күнде,
"Ескі", "жаңа қазақ" туды әлемі.

О, құдай-ау, әнжүмелеп жастарды,
"Жаңа қазақ" деген дақпырт басталды.
Бір қазақты бөлме қаққа бауырым,
Оның басқа себебі бар астарлы.

"Жаңа қазақ" — біздер баққан балалар,
Жас өспірім тілге шорқақ "шалалар".
Бірақ, байқа күннен күнге күшейіп,
Тілмен, ділді игеруге бара алар.

Пәле жауып,
Жықпайықшы сойылға,
Біл одан да не жатқанын ойында.
Тілге олақ жігіттердің бүгінгі,
Бар кінәсі мына біздің мойында.

Жаппай қалап кеттік орыс мектебін,
Тоқтау салар кім шығарды өктем үн.
Орыстанып кеттік-ау, деп осқырсақ,
Оңдап қара ағылшындық жеткенін.

"Ескі", "жаңа" - деген ұғым жүрмейді,
Жақтырмаймын ондай іштен үрлеуді.
Кең мінезбен әйбат, тәлім күрсетіп,
Жетілтейік шорқақ тілін күрмеулі.

Қатыгез дос,
Өзіңе бір қарашы,
Ол да осынау қара қазақ баласы.
Сен гүпініп "мерседесінен" заулатсаң,
Оның өмірі - жер мен көктің арасы.

Қолың жетсе, кетпе інім, қатайып,
Өткен күнде жатыр біздің бас айып.
Жас ұрпақты жасқандырмай түзеуге,
Шыдамдық пен шын қамқорлық жасайық.

02.08.2003

* * *

Қай заманда жақсы жіне жаман бар,
Ақылғөй бар, арам тамақ надан бар.
Не де болса төзім жасап біріне,
Өзіміздің қазақ қой деп қарандар.
Кеншіліктен үйренгенім татулық,
Келеді олар қаруы мол батыл, нық.
Орғашы да, жорғасы да жоқ емес,
Бірақ бәрін аялайды татулық.

Өтті бірге талай жаз бен көктемдер,
Бірін-бірі жоқ кейісіп тепкендер.
Осалдарға қорған болып мықтылар,
Фаламат қой құт-береке сепкендер.

Бірлікті олар өмір, бақи жақтайды,
Сол үшін де Алла есен сақтайды.

25.03.2003 ж.

Астана

* * *

Нәзік жанға жылау оңай күлуден,
Ұққаным мол осынау сырын білуден.

Күйінсе де, сүйінсе де жалт қарап,
Жалықпайды көзге маржан ілуден.

Жан баураған шын мейірбан мінезі,
Бар әулетке тірек болар бір өзі.
Шапағаты жан-жағына тарайды,
Ақ жүзіне гүл екендей күн көзі.

Мөддір тамшы бар қылығын ақтайды,
Көз жасымен кетер кейде ақ қайғы.
Ең қызығы лүпілдеген үкідей,
Нәзіктігі сұлулығын сақтайды.

Одан артық керегі жоқ қарудың,
Нәзіктігі — мықтылығы арудың.

26.03.2003

Астана

II бөлім

ӨЛГҮР-ӨЛЭҢ



Ұлытауға бардың ба

*"Ұлытауға бардың ба,
Ұлар етін таттың ба?"*

халық

Жезқазған жаққа маған дөп,
Басталды өмір жол басы.
Баурына тартты балам деп,
Ұлытау - ұлттың ордасы.
Өтті көп жылдар танығар,
Қайтейін бәрін ежіктеп,
Кен қазып елді байығар,
Қанышқа келдім еліктеп.

Ұлытауға бардым да,
Ұлар етін таттым да.
Ұлағат сепкен алдымда,
Едіге шыңын таптым да.
Тобылғы арша, сән құрған,
Жұпарлы жұмақ тау іші.
Есімде қалды жаңғырған,
Ақын Тайжан дауысы.

"Алтын астау" алқабын,
Сүйсіндім саспай аралап.
Қанықты нұрға жан, тәнім,
Қыз-қайындар қамалап.
Кісідей тірі тау, тасы,
Балбалдар жүрді аралас.
"Қыз емшек" қызық жартасы,
Жатқандай ару жалаңаш.

Аттылы, жаяу көп кездім,
"Арғанаты" маңайын.
Ата, баба мен сездім
Асыл ізі талайын.
"Қос көлге" барсам қарсы алды
Аққу - құстың патшасы.

Мен келді деп жар салды,
Жол кескен киік қаншасы.

Көрдік қой талай таңырқап,
Абылай ханның алаңын.
Тұру жоқ енжар жабырқап,
Жыр төгіп, желді қаламым.
Осынау төрден ғаламат,
Ұлытау жаққа қарасаң,
Көнеден қалған аманат,
Көнермес белгі орасан.

Қара, Сары кеңгірлер,
Алаша хан жайлаған.
Мазары тудай желбіреп,
Алыстан көзді байлаған.
Өзенге тақау төбеде,
Жошы хан мен Домбауыл.
Ақ үйлер таққан дөдеге,
Көз гартар сайда қойлы ауыл.

Қос қала қызған намысқа,
Сәтбаев пен Жезқазған,
Шақырып тұр ғой алыста,
Жолдарға сілтеп кен қазған.
Жайдары Күн, сылқым Ай,
Самал жұтпай жүдерсің.
Осының бәрін, шіркін-ай,
Сағынбай қалай жүрерсің.

22.10.2002

Алматы

Махамбет

Махамбет асқақ тұлға зеңгір қиян,
Ісі — ерлік, өзі жалын, сөзі — ұран.
Хан, жақтап,
Орыс қаптап ел тозғанда,
Саңқ етті бұлтты жарып алғыр қыран.

Сес берді ханыңа да патшаңа да,
Көнбеді екі жақтап таптағанға.
Сөз бен де, жебе мен де
Қарқын қосты,
Исағай ағой салған бастамаға.

Қайғылы ел қалса заман қармағында,
Махамбет ой тастады бар қауымға.
Тап емес,
Ұлттың мұңы қайнап жатты,
Азатшыл жырдың әр бір тармағында.

Таза алмас жұлдыз сөзді өлеңі де,
Бірде оқ, бірде сойыл көлемі де.
Мөрі боп,
Көшпелі елдің жалауы боп,
Ақталды асау жырдың төлемі де.

Біртуар Махамбеттей қарқынды адам,
Талпынам білсе екен деп даңқын ғалам,
Рухы мәңгі бірге туган елмен,
Жанартау от жалыны сарқылмаған.

Асқаны өзге ақыннан - батырлығы,
Артықтау көп батырдан ақындығы.
Рухы әруақ қонған жебеу болды,
Осы ғой ет, жүрекке жақындығы.

Айғағы әділдіктің асылымыз,
Ерлікке өлшем болған батырымыз.
Айтарын жебесімен жазып кеткен,
Ол біздің ұран жазған шатырымыз.

Халқымның қайсар туган жанашыры,
Жатталды, жетгі ұрпаққа дана сыры.
Ешқашан қазақ барда өшпейді оның,
Қасқайып қарап тұрған қарасыны.

*06.03.2003
Астана*

Махамбеттің әсері

Биіктеп бүгін қазақ қалды аспаны,
Бабалар асыл ізін шаң баспады.
Самғатқан көшпелілер соңғы сөзін,
Махамбет - ақындықтың алдаспаны.

Қазақтың қайсар мінез тебегені,
Толтырды Мағжан кекке кенерені.
Абайға жақын тұр деп Мұхтар айтса,
Сол шығар Махамбеттің жебегені.

Жөн сөздің алып қашпа желігі жоқ,
Өтті гой Сегіз Сері серігі боп.
Исатай, Махамбеттен алған сабақ,
Қалды артта ән мен жырдың өрімі боп.

Бауыржан жау тойтарған Рахымжандар,
Махамбет ұшқыны бар батыл жандар.
Рухы асыл дана ерте қонған,
Бәрі де асау тұлға ақын жандар.

Жалықпай көл қорыған құстың үні,
Жайықтан естілгендей қыстың күні;
Қайсарлық берді ақын Қасымға да,
Махамбет жебесінің ысқырығы.

Кетердей елім байып, жерім кеңіп,
Азатшыл Махамбетте сенім берік.
Ол кеше қапы қалса, бүгін жеңді,
Дербестік мол шаттығын елім көріп.

06.03.2003

Астана

Бақытқан салған сурет

О, ғаламат! Бар көрермен жиылдық,
Тастап кету... Одан аспас қиындық.
Астанада Президент сарайын,
Нұр жайнатқан суретке біз сиындық.

Отты көзі өр қиядан таймастан,
Қос жұдырық қос тізеге жайғасқан.
Махамбет отыр
Малдас құрып қасқайып,
Зор тұлғасы аумай құба жартастан.

Жалғыз қалған бәйтеректей Нарында,
Ұқтық батыр іште қапа, зарын да.
Исатайдан айрылған ауыр сағатта,
Айға шабар арыстандай шағында.

Қос жұдырық қос шоқпардай түйілген,
Он саусағы күш жиыпты күйілген.
Ел рухын отыр қайта көтеріп,
Таудай талап талқан болып күйінген.

Кең далада жалтырынбай, сұранбай,
Көз тартады өрде ақиық қырандай.
“Ереуіл атқа сал еріңді” қайтадан,
Деп айтар сөз саңқ егердей ұрандай.

Алла - дедім таң қалдырып сурет,
Қарай бердім бір емес-ау, мың рет.
Жұдырықта бірлікті ұста, дегендей,
Сурет емес отыр тірі құдірет.

06.03.2003

Астана

Мағжан тойы Есілде

Жүз он жасқа Мағжан-аға келіпті,
Еске алуға елі, жұрты ерікті.
Зор ескерткіш, мұрағат тақта, кең көше,
Жан толқытып, екі көзді телітті.

Қызылжарды қызыл оттар жайнады,
Келді қазақ ақын сүйгіш қаймағы.
Омбы, Қорған, Түмендіктер сап түзеп,
Келді түгел Есіл-Көкше аймағы.

Үйір-үйір туыстары Мағжанның,
Ұмытылды қасірет қайғы салған мұң.
Мағжан-аға ішінде жүр ақ тамшы,
Әр жанардан жарқыраған маржанның.

Сүйсіндірген жерлестерін, досын да,
Бекен-ата жас ұрпағы осында.
Райхан, Серік, Шайзада мен Ұлжан бар,
Кұлқаныс жүр түскен талай тосынға.

Райханның толғанысы бөлекше,
Шын тебіренді атамекен желі өпсе.
Мағжанға тартып туған екен деп,
Орыс, қазақ таңдануы ерекше.

Алатаудың ақиығы самғады;
Иманасов әр сөзінің бар мәні.
Нұрғожа мен Ғалым топта құйғытса,
Қызылжарлық Мұталап та қалмады.

Сәкен-сері зор айтысты басқарып,
Мүшәйраны алды қолға Асқаров.
Ерік десе, еріп кетіп қыздар жүр,
Тік қарауға жанарынан жасқанып.

Көкшетаудың аты озып келіпті,
Баянғали ақындарды жеңіпті.
Қазағым-ай, барын тойға арнаған,
Жұлделерін көз тоярдай төгілті.

Қызылжардың қызыл арай кешінде,
Дүбірі мол гұмыр қонды Есілге.
Әнін салған Еркеғали досымның,
Дәмеш-сұлу үні қалды есімде.

29.06.2003

Қызылжар

Мұталап Қанғожинге

Туса бүгін таңғажайып арман күн,
Мұталап-ау, өлеңіңе таңдандым.
"Мен Мағжанның көшесінде тұрамын",
Дегеніңе шын сүйсініп жалғандым.

Тыңдай бердім тез жаттауға үлгермей,
Оқып жаттың қыран шалқып жүргендей.
Таста отырған өз-мүсінге қарасам,
Болды дана жаны разы күлгендей.

Жазылғандай жан, жүрегі жаралы,
Жанарынан отты ұшқын тарады.
Көшесіне көзі әбден тойғанда,
Екеуімізге кезек-кезек қарады.

Сол бір сәтке іштей толқып жұбандым,
– Біз ініміз, қуанбасын бұған кім.
Әулиелік құдіретін танитын,
Ақын болып тутаныма қуандым.

Мың, мың алғыс ауылдағы ақындар,
Жырларыңда "Мағжантану" татым бар.
Мұталап-ау, мықты ақын екенсің,
Бір сілкіндің, кең шалқуға һақың бар.

Жазғаныңды тыңдадық та оқыдық,
Түсінгенім: сөзіңде жоқ олқылық.
Шолоховша Дон өзенін көркейткен,
Самға, ақын-дос, Қызылжарда отырып.

27.06.2003

Қызылжар

Өмір өлең

Жазылмаған тұтас өлең бұл ғалам,
Жалғастырар көкірегі нұрлы адам.
Күзгі таңда жалғыз жапырақ сырт етсе,
Серт пен дертін айтып кетер бір маған.

О, туған ел! Барыңды үнсіз аңдаймын,
Маған ортақ бар қуаныш, бар қайғың.
Көзде аққу, қаз үрейленсе, шошынса,
Мен де бірге жан толқынын жалғаймын.

Өртті өлеңім сағыныштан жаралды,
Сағынышым шабыт көзі саналды. _
Толғанысым өз басымның мұңы емес,
Ойлай берем қасірет шеккен Аралды.

Дархан өмір кеңдігімен тарлығын,
Жасырмадым, ашық жатыр бар мұңым.
Не де болса өлең етіп келемін,
Сергек жүрек ащы, тәтті жарлығын.

Аңдай алсам кейде көзге жабықты,
Ақ періште жыр шырағын жағыпты.
Мен сүйетін, мені сүйген арулар,
Әндерімді оңашада салыпты.

Ақындардың арпалыс қой әр күні,
Құлағымда қайран Арал қалды үні.
Әр мезеті өлең екен өмірдің,
Көре білсең өткінші мен мәңгіні.

Көп күрсінсем жан толқынын аңдарсың,
Өз қажетін айтқызады әр маусым.
Мен кеткенде өлеңімді, әнімді,
Туған елім болашаққа жалғарсың.

2003 ж.

* * *

Көкірегіңе көп қасірет түйіпсің,
Ашылу аз, жабығу көп тұйықсың.
Өмірдегі бір жұбаныш сол шығар,
Көрмей жүріп көргендей боп сүйіпсің.

Қиядағы сен жез қанат киіксің,
Көкірегіме көп сағыныш үйіпсің.
Бұл жалғанда құштарлықтың құлы едім,
Құштарлықтан сен ерекше биіксің.

Жүрегіңнің шетін бөлек қиыпсың,
Жырымды оқып жас күніңдей ұйыпсың.
Содан болар қай қияда жүрсем де,
Сен де менің жүрегіме сиыпсың.

Тоқтау болмас тіршілікте сезімге,
Жоғалмайды бейнең екі көзімде.

2001 ж.

Алматы

Ақындардың бергені

Ақындарда жасыру жоқ жан сырын,
Аялайды шындық деген тақсырын.
Құты қашар сонда әңгүдік жаманның,
Нұры жанар аты әйгілі жақсының.

Қуанышы жүрегіне симаған,
Сағынышы шырай бұзып қинаған.
Өлең болып өзі өріліп түседі,
Тірліктегі жиһазы сол жинаған.

Терең мұңы, қатал өмір шырмаған,
Өкініші өртендірген бұл ғалам.
Самал жел мен арай таңдар тебірентер,
Құбылыс жоқ ақын көңіл бұрмаған.

Түсінер-ау, соның бәрін мило адам,
Ақында жоқ айтуға сыр қимаған.
Жаны шошыр ақиқатты аттауға,
Шар айнадай түйір тастан қираған.

Асау аттай үзіп өтер кермені,
Жырлатпайды көкірек жарған шер нені,
Бір ауыз сөз тоқсан толғақ жемісі,
Ақындардың өмірге сол бергені.

19.02.2003

Астана

Бір мін бар

Тіршілік сенде бір мін бар,
Шаттықтан қайғың көбірек.
Сайрамай талай бұлбұлдар,
Булықты үнсіз еңіреп.

Беу, уақыт! Сенде бір мін бар,
Жүрісің шымқай асығыс.
Қамығып өткен мың гүл бар,
Қауызын ашпай қапылыс.

Бір мін бар сенде арманым,
Тым биік құлаш сермейсің.
Білсең де дүние жалғанын,
Аз гана тыным бермейсің.

Сұм ажал сенде бір мін бар,
Қайғыға оқыс саласың.
Жүргенде қаптап құзғындар,
Қыранды жедел аласың.

Бір мін бар асау тағдырда,
Өңешті өргеп өтетін.
Кейде әкенің алдында,
Баласын алып кететін.

Бір мін бар сенде інішегім,
Есерге жылдам ересің.
Қатса да қара тірсегің,
Еркелік ете бересің.

Бір мін бар сенде бәйбішем,
Не десем соған көнесің.
Қиындықтың бәрін де
Өзіңе арта бересің.

Жаттаған Абай сөзінің,
Қайталап көбін иланам.
Аз емес мінім өзімнің,
Кешірек ұғып қиналам.

2002 ж.

Бірлігімнен бақыт табар тірлігім

Құлаш ұрсақ Ай-әлеммен жарысқа,
Тасқындасын десек құтты табыс та;
Дербестіктің берекесі, беделі,
Тұнып жатыр ұлттық ішкі намыста.

Өркенді іске бұрсақ жойқын кемемді,
Озықтармен құрсақ көркі тең елді,
Сыртқы жаудан,
Ішкі даудан сақтасын,
Ұмытпайық ел бірлігі дегенді.

Кемел күнді күтсек асыл арманнан,
Не тыңдырар құр есінеп, таң қалған.
Өзіміздің ас, суымыз болмаса,
Дым бермейді сыртқа қарап жалманған.

Кешегіні көксемей-ақ безеріп,
Жаңалыққа берсек бүгін көп ерік
Адал термен ел тілегін ақтаса,
Кетсін мейлі кей ісмерлер кенеліп.

Жат түсінбей
Айтқанымды дос тыңдар,
Жыпырлап тұр кедергілі тосқындар.
Тез көбейді

Жұмыссыздық әкелген,
Қайыршылар, қаңғыбастар, босқындар.

Жер бетінде туып жатыр ұлы істер,
Мысал да бар ұшар қанат дұрыс - дер.
Алға шықса жапондар мен немістер,
Бүкіл халқы намыскер, һәм жұмыскер.

Не керек? - деп сұрай қалсаң
Ол үшін,
Өз күшімнен өріс тапсын жөн ісім.
Арман сол гой асыра білсек қажетке,
Қазақстан ен байлық пен мол күшін.

Кең ашқанда тәуелсіздік түндігін,
Сәт тіледі,
Ел қуанды, күлді Күн,
Түрлі гүлден жасағандай гүл шогын,
Бірлігімнен бақыт табар тірлігім.

2002 ж.

Егделікке

Кемпір десе күлейін,
Сенбей ғана жүрейін.
Қыздан арғық бәйбішем,
Кел бетіңнен сүйейін.
Ұстап берсе ақ шашым,
Шал дегеннен сақтасын.

Егделік-ай, егделік,
Көп ойлantғың тез келіп.

14.03.2000

Өмір - арман

Тағдырым, ғұмыр берме алаңсыз гып,
Сөздің де дәмі татыр табам тұздық.

Жүрегім өзі бастар, жақсы күнге,
Етпеймін еш қашанда саған құлдық.

Болардай жазған жырым алтын қазық,
Келемін ата, баба салтын жазып.
Төрт бөліп түн ұйқымды толғанамын,
Қүйзеліп кетпесін — деп халқым азып.

Бастай бер болашаққа өмір-арман,
Болмасын көргенімнің көбі жалған.
Молайсын ортайғаным - деп тілеймін,
Тайғақ жол тар кезеңде төгіп алған.

Жасымнан азаймаған мұңға баймын,
Үмітпен атар таңға тың қараймын.
Іргесін дербес елдің беріктесек,
Төгілткен маңдай терін бұлдамаймын.

2003 ж.

* * *

Қырау басып орнап қалсын күз мейлі,
Сыйлас жандар бірін, бірі іздейді.
Бір көргенде
Оралардай көктемі,
Қайда жүрсе аңсап күдер үзбейді.

Қимас жандар жасар қызық татымды,
Жібермейді қарсыласқа хақыңды.
Ынтық әнін айта берер әншідей,
Шығарады сенің жақсы атыңды.

Қайран достар жайлап өскен төрімді,
Іргелері мәңгі жалғас көрінді.
Қайтара алса сан қатерін тағдырдың,
Тойтара алмас жалғыз ғана өлімді.

28.10.2002

Ұқсамайды жүйрікке,
Кей сәйгүлік тұлғасы.
Тереңдеу қарай білдік пе,
Көргенің құр сұлбасы.

Бәйгеге қадам жасарда,
Үміт пен сертке сенеді.
Құлагерлер қашан да,
Қарапайым келеді.

Яссауидің хикметтерін жаттадым

Ішімдегі ақ тілекті жұтпаймын,
Онсыз тасып кетер еді-ау, мұң-қайғым.
Даналыққа, жаңалыққа жүгінем,
Мейірбандық өсиеттерін құттаймын.

Мұхамметтей Пайғамбардың күшіне,
Сүйсінемін сырын жалғап ісіме.
Өз қапталын өзі жамап өтті ғой,
Теңдік тілеп барша тірі кісіге.

Бал татамын ұлы гибрат төрінен,
Тетік табам шығар өмір шөлінен.
Сүйінгенде, күйінгенде тебіреніп,
Яссауыше өлең болып төгілем.

Нұр жаңартар әр, бір жаңа ақ таңым,
Әділ жолға өзімді өзім баптадым.
Жасырмаған пендешілік өмірін,
Хикметтерін гибрат тұтып жаттадым.

2000 ж.

Қарасақшы қазағым Арнасайға

Мөддір таза су кетсе ай далаға,
Біраз гәп бар әйгілі Шардарада.

Сырдың суын өзбекке бұрып беріп,
Қалдық үлкен ұрынып масқараға.

Қазағым-ай, сөз бен іс сайма-сай ма,
Айла қайда? Білмедің пайда қайда.
"Артық суды" Аралға өткізе алмай,
Жаңа теңіз шалқыды Арнасайда.

Мен күрсіндім жаныма наз қонғандай,
Біреу сырттан бір күлді-ау, мәз болғандай.
Арнасайды жылма, жыл толтырамыз,
Өзбектердің өз суы аз болғандай.

Сөз айтпаймын ерекше өтімденіп,
Жоғалған су қиналам шетін көріп.
Шардарадан Арнасай бес есе асты,
Ұрланған су Аралдан секілденіп.

2002 ж.

* * *

Талайын көрген жорықтың,
Жортақтап басар болышпын.
Қалмасам да еңкейіп,
Тәубәшіл күнге жолықтым.

Дей көрме бекер тарықтың,
Көңілден мұңшыл зар ұқтым.
Қалғанын қанша білмеймін,
Алдымда қалған жарықтың.

Бойдағы қуат азайды,
Тартқызар қайғы сазайды.
Алыстан көрген шырақтың,
Сәулесі сөніп қажайды.

Туларым тіккен желбіреп,
Қатары қалды селдіреп.

Халімді білген жан, жарым,
Қарайды қимай елжіреп.

Бір тұрдым да бір жаттым,
Батқанын-ай, сырқаттың.
Әдейлеп көңіл сұраған,
Досыма әрең тіл қаттым.

Сенуші ем алған батаға,
Баспаушы ем озбыр қатаға.
Бітпеген ісім көп еді,
Мезгілсіз ажал тақама.

Алдымда үлкен тосты арман,
Күнім жоқ жырдан тоқтаған.
Шашырап жатыр көп өлең,
Жоқ еді томдар топталған.

Қаталсың тағдыр не деген,
Пірлерім қайда жебеген.
Шөбере көргім келсе де,
Үйленген жоқ қой немерем.

Тартқызба маған бекер мұң,
Өмірге мен де лекермін.
Қинама тағдыр, бір күні,
Үндемей ғана кетермін.

10.07.2002

Алматы

Қарасай мен Ағынтай бабаларым

Айыртау жан баураған сұлу өлкем,
Секілді қос өркешің нұрлы, көркем.
Қарасай, Ағынтайдың кесенесі,
Құлшынбай төбесінде құрды желкен.

Тағдырдың тура таңдап берген жері,
Бұйырған белдеу осы сөнген демі.

Қазақтың
Шекарасын межелеп тұр,
Қос ноян шалғай шепте жерленгені.

Әсем жер әлмисақтан сүйікті едің,
Жан бауарар екі көзді үйірткенің.
Қазақтың Эльбурсы - Айыртауым,
Сен бүгін бұрынғыдан биіктедің.

Егемен ел күшейтсем дабылымды,
Сес берер дестелеймін бар ірімді.
Кесене Ай-өлемге танытып тұр,
Тарихта менің терең тамырымды.

Өлкеме қос мұнара қарқын сайлап,
Көркіне жігер қосты барқын аймақ.
Қызылжар қос батырды қолалады,
Олдағы ел орнатқан алтын айғақ.

Түсінсең соның бәрін мәнді егемін,
Толқытам күй күмбірі, ән жетегін.
Ел білсін, дос сүйсінсін, дұшпан ұқсын,
Тұғыры Қазақстан әлді екенін.

Қаскелең үлесі мол той салтында,
Жетісу көшіп келді сол қалпында.
Қарсы алды қошаметпен Есіл, Көкше,
Ақ ниет, тілек қосып мол қарқынға.

Қалың ел - мәңгі жасыл қарағайым,
Қарсы алды дән толқыған дала дайын.
Аладан не тілесек соны берсін,
Ас пен той
Құтты болсын бар ағайын!

15.11.1999

Айыртау

Немерем, қол жалғашы домбырама,
Жашыңды балқытайын мол мұраға.
Барады асыл әндер аз айтылып,
Көкіректі жайлаған шер оңдырама.

Шабайын Құлагердей бәйге өрінде.
Жүйткіін оза шауып ән төрінде.
“Көзімнің қарасына” бір басайын,
Айтқандай Абай атам Әйгерімге.

Салайын Ақан, Біржан әндеріне,
Сол болар қымбат дәру бар шеріме.
Атадан бала жақтап мирас болып,
Дүбірі дүлдүлдердің қалды еліме.

Құс салса Үкілі бабам “Гәккулетіп”,
Жасымнан ырғағына алды үйретіп.
Тік шырқаш Сексенкөлдi тербетейін,
Келгендей айдынына аққу жетіп.

Өмірдің қанған оң мен терісіне,
Салайын Жаяу Мұса желісіне.
Жаттап ал ақын Мәди ағындарын,
Булығып симай кеткен терісіне.

Шарықтап шарғарапқа атын жайған,
Ән, жырмен салып өткен батыл майдан.
“Сырнайы өзіменен сақ-сақ күліп”,
Қарсы алар Ұлытауда ақын Тайжан.

Не деген мөлдір аспан, мөлдір әлем,
Жүйрік жел сыбырласты домбырамен.
Бар қазақ саңлақтары әсем сазын,
Немерем, көкірегіңе қондыра бер.

Әндерін жалықпаймын айта, айта,
Нәшіне дәл келгенін жаным, байқа.

Күмбірі домбыраның үзілмесін,
Соңыра сен шырқарсың қайта, қайта.

Қамықты деме, осы қасарғаным,
Көңілдің қобалжуын баса алмадым.
Бабалар өн мен күйін жағтап алшы,
Сол менің тіршілікте бас арманым.

18.12.2002

Астана

Тоқтамайды жұмыр жер

Есіме алсам өмірдегі әр ізді,
Қарақалпақ елі жолым маңызды.
Кремльдің солдаттымыз ол кезде,
Мен барам деп бергем жоқ қой арызды.

Сол өлкеге арнадым дәл бес жылды,
Арал үшін айқас бастап көш кірді.
Ең гажабы жаны ашымас теңізге,
Негізі бар кей есерге ес кірді.

Арал десек қыза түсіп үдеймін,
Егделікті тез ұмытып түлеймін.
Тоқтамайды, жер айналып барады,
Көк теңізге ұзақ ғұмыр тілеймін.

Жұмыр жердің өтер талай қонағы,
Аралға да бақ жұлдызы қонады.
Бұрынғыдай болмаса да көлемі,
Жылдар өтер, Арал қайта толады.

Жоқ десек те бүгін бізде зор табыс,
Болашағым егер үлкен қолқабыс.
Нақ ұрыстардың тым надұрыс ісіне,
Табиғаттың өзі берер тойтарыс.

21.11.2002

Асыл қала Алматы

Алматы алмағайып әсем қала,
Қазағым басын иген көсем қала.
Атқан таң бір сүюге аңсап жетсе,
Батқан күн қимай жылжыр бәсең гана.

Қасыңда қарлы Алатау жарқыраған,
Көшкен бұлт ақ жаңбырмен ән құраған.
Өзі алма, жүзі де алма
Сырнайлатып,
Шулы өзен жағасында сарқыраған.

Қыз мінез әр мезеті құбылмалы,
Ерке өскен ол еркіншіл ғұмыр мәні.
Қара көз тік қарауға жасқандырған,
Осында әлемнің ең сұлулары.

Жұлдыздай көш бастаған үркердегі,
Алматы махаббаттың үлкен төрі.
Жұмақтың бір апортын ала келіп,
Һау-Ата, һау-Ананың түскен жері.

Жан құштар жемісіне баққа келіп,
Таптық па махаббаттан басқа желік.
Салса да қанша тыйым тәтті екен ғой,
Біздағы сол алманы татқан едік.

Бұлт сүйген тау гүліндей ашық қала,
Жан, жаққа жағыр нұрын шашып қана.
Көрген жан Алматыға ғашық болса,
Алматы адамзатқа ғашық қала.

27.04.2003

Алматы

Күй тартамын

Күй тартамын таңертең,
Тыңдай қалшы жан еркем!

Толқып, толқып құшағыңа қайтамын.
Күй тартамын іңірде,
Күйді жаным бүгін де
Көргенімді саған ғана айтамын.

Күй тартамын түсімде,
Жанған оттың ішінде,
Алаулаған ақ жалынға шырмалған.
Күй тартамын кештетіп,
Күйді көкірек ес кетіп
Қайда ғана бара жатыр сұм жалған.

Күй тартамын оңаша
Қалың тұман ораса,
Ауылдардың абайладым тозғанын.
Күй тартамын өрімтал
Күйді жүрек сезімтал,
Ойран салған қайдағыны қозғадым.

Күй тартамын ертемен
Тарқамады шер, шемен
Қырда көрдім құлқыны тар түлкіні.
Күй тартамын қанша күн
Тарта, тарта шаршадым,
Қоңыр күмбір бұзып кетті ұйқыны.

2000 ж.

Әкім болу оңай емес бұл күнде

Ел басқару оңай емес бұл күнде,
Көбейді гой бөріні алдар түлкің де.
Құн қымбаттап,
сұм қабаттап барады,
Бұдан үлкен індет табу мүмкін бе?!

Нарық солай әрекетін білдірген,
Арықтап тұр бір күніміз бір күннен.
Ел қарық бои алғыс айтар заманға,
Әкім керек

намыс көрнеп тың жүрген.
Әлі де бар
Шаш ал, десе басты алу,
Әлі де бар дос боп жүріп қастану.
Бұрынғыдан болып кетті
Мың есе,
Қиынырақ бүгін елді басқару.

Болмаса да кешегідей қойы көп,
Ауылдардың міндет, құрмет тойы көп.
Шерлі қазақ дербес таңы атқанда,
Демес біреу өсек етіп оны көп.

Әлі разы болса, тірі көпті ойла,
Қызынбайық аманаты көп тойға.
Ауылдарға кітап неге келмейді,
Газет көрмеу жұттай батып кетті ойға.

Арымасын, көрі-құртаң тозбасын,
Ардагерден еш ардақты озбасын.
Әкім деген - елдің ата, анасы,
Көксеі бермес күні, түні өз басын.

Осылардың бәрін әкім салмақта,
Тойтарыс бер ел тонағыш қармаққа.
Сонда көптің көтерілер еңсесі,
Сыйлығың да күшейеді аруаққа.

Жөнін тапшақ,
Тығырықтың ақылды ер,
Сонда силар әр қашан да атыңды ел.
Ауылдағы бауырларым тоқ болса,
Міне, біздің осал емес әкім — дер.

~ 2002 ж.

Көктөбеге

Құт берген сәтті жылдар арқасында,
Біз тұрдық Көктөбенің дәл қасында.

Он жылдай сәуір кешін саялаган,
Бір дәуір ізі қалды әр тасында.

Қызығып шықсам талай шық басына,
Көк шырша құмар еді-ау, сырласуға.
Көңілдің бұрқан-ғарқан кездерінде,
Келуші ем ой тоғытып, мұң басуға.

Көп үйлер жұмыртқадай жыпырлаған,
Көрсетті сәулет, дәулет құтын маған.
Желіне тәуелсіздік желшініп тұр,
Жігіттер талапайдан ұтылмаған.

Алатын Көктөбеде тынысым көп,
Көз тартқан көп үйлерде жұмысым жоқ.
Тісінде тістегеннің кеткен аз ба,
Қазағым болсын өзге ырысың көп.

Көктөбе жанға жылы келбегінде,
Мейірім бар сирек туған жер бетінде.
Балғын жел, тау самалы шипа болды,
Дерт шалған жүрегімді тербетуге.

Алағау етегінде Көктөбенің,
Жап, жасыл көрдім талай көктем өңін.
Сырқатқан сырым тайған ауыр күнде,
Баурында өзім қайта көктеп едім.

28.04.2003

Алматы

Өмірімнің өзі өлең

Жалғызбын ата, анадан,
Балалық өтті жауғаңкөз.
Лүпілін үнсіз санаған,
Жыр болды жүрек айтқан сөз.

Ақындық ерте ерсе де,
Кеншілік төрін жолдапты.
Соғыста елім жеңсе де,
Ауылдың халі ойлантты.

Ауырлау жүкпен қашпадым,
Аңғарған адам байқасын.
Нүкісте жүріп бастадым,
Аралдың ащы айқасын.

Әлде кім сенбес бір көрген,
Аз емес әлі татарым.
Өлеңнің бәрін мұң берген,
Жетсе де Айға атағым.

Қамы емес қара басымның,
Қам көңіл кейде айтарым.
Менің мұңым асыл мұң,
Абайлап досым, байқағын.

Шыққандай ашық алаңға,
Сырымды ұқсаң сезер ең.
Біле де білген адамға,
Мен шеккен өмір өзі өлең.

2003 ж.

* * *

Жақындап көңіл ашқанда,
Жадырап жүзің жебеп қал.
Жайнаған жұлдыз аспанда,
Қолыңа түсер себеп бар.

Шын ғашық көңіл жықпайды,
Күдікті бойда тежеп қал.
Жүректі жүрек құттайды,
Тіліңе тисе керек бал.

Қаншама у-ын татсаң да,
Махаббат мұңын бөлеп қал.
Жайнаған жұлдыз аспанда,
Сөніш те қалар себеп бар.

07.03.2003

Астана

Перзентімін ардақты Жер - Ананың

I

Аппақ қанат гүлдерді уыстаймын,
Көктем берген жауқазын ту ұстаймын.
О, адамдар! Ақ ниет өздеріңдей,
Аппақ қанақ құстарға туыстаймын.

Аппақ сәуле аспаннан нұр төгеді,
Таң шапағы талмаурап бізді өбеді.
Тамаша гой ақ сәуле қаулағанда,
Аппақ сезім жүректен жыр төгеді.

Аппақ қанат әдемі ән жауады,
Азайтады жүректе бар дауаны.
Тазартады көңілді желпінтеді,
Бар байлығы өзіңе арналады.

II

Мен өмірде ақ қанат жыр аулаймын,
Көк майсаға еркелеп бір аунаймын.
О, адамдар! Желпінткен желді сүйем,
Желсіз жерде тымырсық жүре алмаймын.

Жел алыстан мені іздеп қол бұлғайды,
Қарсы аламын қаулардай онсыз қайғы.
Желде бар гой жусан мен тобылғы исі,
Жел жұпары көңілді тоздырмайды.

Дала сүйгіш болмаса менде тыным,
Бергені бар сыбырлап жер бетінің.
Киік көрсем оянар көңіл құсы,
Мен ардақты Жер - Ана перзентімін.

2003 ж.

"Аққу" күйі

Ақкөлге құстар келді жарқыл қағып,
Құлын, тай билеп кетті қарқынданыш.
Күйлерін Нұргисаның құйқұлжытты,
Аққу, қаз су бетінде саңқыл қағып.

Жүрегім күй-толқынға көмілгендей,
Қайтейін көрініске көңіл бөлмей.
Жарқ етті ақ қанаттар арасынан,
Күлімдеп күйші сазгер көрінгендей.

Ұйқыда көрген түске табыныш па,
Өңімде құс-сезімге бағыныш па.
Айдында сыңар аққу саңқыл қақса,
Малшыныш мен де кеттім сағынышқа.

Тамаша ақ қанаттар қағытқаны,
Ән қандай сұлу сыңғыр шабытты әні.
Лүлілі асыл күймен бірлескендей,
Жүрегім жас күнімдей шарықтады.

Төбіренгіті сыңар аққу сызылғаны,
Ғажайып сұлу екен қызу қаны.
Кеткенде өзге аққулар қамыс жаққа,
Алыста ару құстың үзілді әні.

Ақ самал, шырын саумал есті желде,
Ән қалды талмаураған кешкі көлде.
"Отырар Сазы" ма деп қайран қалдым,
Ақкөлде "Аққу" күйін естігенде.

10.11.2003

Алматы - Астана

Көзіңнен айналайын күлімдеген,
Тыңдауга жалықпаймын үніңді ерен.
Шіркін-ай, қуанар ем "мақұл" - деген,
Бір ауыз сөз естісем бүгін сенен.

Елгезек, үркек туган еліктейсің,
Ішіңнен сен де маған жеріктейсің.
Құлшынған құштар жүрек ынтық болса,
Қасыңа неге бір күн ерітпейсің,

Ғажайып керім-кербез сабырлысың,
Құштарлық шыдам бермей ағылды сыр.
Еріңдер елжіреген тіл тартады,
Сүйгізші жайлап кетсін жанымды нұр.

Білемін, мен де ештең ұнап жүрмін,
Тілегің құлыптаулы - шыдай білдің.
Құдайдың құтты сәтті туар ма екен,
Үр жаңа өлеңіме құлай күлдің.

Романс

Көп сұлу өтгі өмірден,
Ең сұлуы өткен жоқ.
Әлемде жоқ ғажайып,
Өзіңе ару жеткен жоқ.

Аңсауын жаным тимайды,
Ажарың көзден қала ма?!
Махаббат қана сыймайды,
Бар ғалам сыйған санаға.

Өзгені мақтап лепіріп,
Өзіңді артық демес ол.
Ондайға қайтем өкініп,
Менің көзім емес ол.

Көреді жүрек көрместі,
Таңдырып естен жетегі.
Ақымақ көңіл бөлместі,
Ақылды аңсап өтеді.

Кездестік бүгін екеуміз,
Сағыныш селі тарқамақ.
Көктемге қайта жетерміз,
Сәулесі төккен махаббат.

2003 ж.

* * *

Оятты тәтті ұйқыдан таңғы жырым,
Жүрегім сағынышқа қанды бүгін.
Кетпейді көз алдымнан аппақ жүзің,
Айғақтап махаббатың мәңгілігін.

Татқандай бал кәусарын құштарлықтың,
Тілден бал шөліккеген құстай жұттым.
Жолыма сәг тілеген сандугашты,
Қолыма құдай берген құттай күттім.

Есен-сау жүргеніңді елден біліп,
Жүрекке құйын салды енген бүлік.
Үмітім жақсы күннен жалғау тапты,
Көңілді баяғыдай желдендіріп.

Жарқ еткен көк тұманда жарықтайсың,
Алыстан жаңа әнімді дәл ұққайсың.
Бір сөзден жүрегіңе жүк түссе де,
Айта алмас арызымды анықтайсың.

Аңсағқан ғайып қиял лағыл тасым,
Табылмас сирек кендей табынғасың.
Кетсеңші бір кездесіп, әнге бөлеп,
Досыңды енді қанша сағынғасың.

17.02.2003

Астана

Жақсы адам жанға жайлы құрайды арман,
Қыз едің жастық шақта ұнай қалған.
Көргенде топ ішінде жан толқытты,
Ажарың алабұртып шырайланған.

Пәк сезім ғаламат бар легінде,
Құштарлық құлшынып тұр гүл өңінде.
Бөледі ұланғайыр қуанышқа,
Жүргенім әлі күнге жүрегінде.

Жандандым жарылқандым құлай шалқып,
Көрмең ем көптен бері бұлай балқып.
Сағыныш сарғайтса да ұмытпапсың,
Ақынға сый болмайды бұдан артық.

Жан едім ала жіпті аттамаған,
Жалықпа жан сырыңды сақта маған.
Айта алмай арызымды кетсемдағы,
Ол мені сүйіпті деп мақтана алам.

13.02.2003

Астана

Қыраны елдің Қызылжар

Шұрайлы жердің қаймағы,
Сарыарқа Сарыжайлауы.
Ақ қайың елі, алтын бел.
Қазақтың ғажап аймағы.
Әнші де, күйші гүрпыңнан,
Көркіңе терең сыр тұнған.
Сегіз Сері құмартқан,
"Гауһартас" сенсің құлпырған.
Қыраны елдің Қызылжар,
Жұмағы жердің Қызылжар.

Шал ақын атын мәңгі еткен,
Біржан Сал, Ақан әндеткен.
Үкілі Бібрай "Гіккумен",

Әлемге аты мол жеткен.
Мағжандай өжет жаралған,
Ұлдары арыс сан, алуан.
Ақ бидай толқып далаңда,
Ақ қайың қыздай таранған.
Қыраны елдің Қызылжар,
Жұмағы жердің Қызылжар.

Жауқазын туган үлбіреп,
Гүлден де сұлу гүлдірек.
Ұланға тартқан ұлтжанды,
Қыздары шымқай Қыз Жібек.
Есілдей көпшіл тілегі,
Бірліктің берік тірегі.
Лүшілдеп тұр кеудеңде,
Достықтың ыстық жүрегі.
Қыраны елдің Қызылжар,
Жұмағы жердің Қызылжар.

26.02.2003

Астана

Мақтаным

Алматыда Майрашымның үйі бар,
Жұртпен қатар бірсыдырғы күйі бар.
Бәйбішем-ау, ауыр сырқат тез кетер,
Сен сол үйге өзгелерден жиі бар.

Қызым менің анашым тартқан қыз,
Бұл дүниенің жүгін бойға артқан қыз.
Keң төрінде мол дастархан жайғаны,
Біз ежелден қанаққуәр дарқанбыз.

Есен болса аты көпке жатталар,
Алла қолдап ақ тілегім ақталар,
Сенегінім өнері бар тамаша,
Не айтса да ел аузында жатталар.

Кенде емеспіз ұлағатты ұлдан біз,
Осынау қызым өзіме тартып туған қыз.

20.01.2003

Алматы

Кездеспей кеткен аққуым

Кербез тау Сырымбеттің саласында,
Ғажайып кездесіп ем жаны асылға.
Сұлулық дәл өзіңдей беу, қалқатай,
Біткен жоқ өзге адам баласына.

Ешкімге есіміңді атамаймын,
Түн келсе телміргені батады Айдың.
Қос аққу қамыс бойлап саңқылдаса,
Шақырыш баяғыдай жатады айдын.

Көк сағым арасынан жүзін көріп,
Жүрегім лүпілдейді үзімденіп.
Күрсінтті көктем күндер, өткен күндер,
Аққудың көл шетінде ізін көріп.

Кеш қалған жоқпыз бақыттан

Тамаша күндер
Көңілдің күйін тасытқан,
Туышты бізге
Аңсатып жүрген ашық таң.
Асықпа сәулем,
Биікке бізде жетерміз,
Кеш қалған жоқпыз,
Кеш қалған жоқпыз бақыттан.

Махаббат ғажап,
Аялап жаңды балқытқан,
Құштарлық жеңіп,
Рахатқа жаңды малшынтқан.
Қайдасың сәулем,

Қияға қанат сермейік,
Кеш қалған жоқпыз,
Кеш қалған жоқпыз бақыттан.

Аумайды жүзің
Жаралған нәзік жаққұттан,
Сағатым сәтті
Қанатты биік қалқытқан.
Шырқашы сәулем,
Селк етсін сергек жүректер,
Кеш қалған жоқпыз,
Кеш қалған жоқпыз бақыттан.

02.05.2002

Алматы

* * *

Кештім бүгін Сарыарқаның сағымын,
Құлағымға жетті ынттық лағыл үн.
Толқып, толқып
Көкжиеке таратғы,
Көкшіл жібек, шығ шымылдық ағынын.

Колде аққу құлақ салдым әніне,
Сескену жоқ ұмытпапты әлі де.
Көңіл жүгі азайғандай серпілдім,
Қол тигенде ашақ нәзік тәніне.

Өтті дауыл, жел желліді асығып,
Аққу кетті сыңарына ғашығып.
Қарай, қарай жағалауда мен қалдым,
Ойран салған ой тұманын жасырып.

Бар ғажайып өтпін бара жатқаны-ай.
Қиналамын қолда бірін сақтамай.
Таң атқалы жайнап тұрған Күннің де,
Қош айтыспай, үнсіз ғана батқаны-ай.

Тастап кетсе сәт оралған қас қағым,
Жаным толқыш, жұмған көзді ашпадым.
Бұл жалғанда бірі өткінші екен гой,
Ең алғашқы махаббаттан басқаның.

2003 ж.

Ауылдас қыздар қайдасың

Көңілдің баспай елеңін,
Орайлы сәтке сенемін.
Ауылдас қыздар сендерді,
Көрсем деп аңсап келемін.

Есімнен қайтем жаңылмай,
Шыдамас жүрек жарылмай.
Елестеп бәрің кетгіңдер,
Саумалкөл аққуларындай.

Ішінен алғыс үйсе де,
Жырыма жаны күйсе де.
Әнші қыз қалай шыдасын,
Сүймеген болып сүйсе де.

Күн қайда бала шағымдай,
Шыдамас жаным сағынбай.
Биші қыз ғажап бар еді-ау,
Есілдің құба талындай.

Сұлулық ерте тапты ма,
Жалғастым жастай жақсыға.
Күйші қыз көркем бар еді,
Қыпша бел, нәзік аққұба.

Жанымды күдік бөлсе де,
Қуаныш селін өлшеме.
Көршінің қызы қалар ма,
Көрмеген болып көрсе де.

Кеудемді шаттық жайласын,
Ашайып шаттық арнасын.
Алдыма келші тезірек,
Ауылдас қыздар қайдасың.

29.10.2003

Астана-Кокшетау

Үміт, қауіп, уайым

Үміт, қауіп, уайым,
Сендерді қайда қуайын.
Сарқылмас мұңым тірлікте,
Үмітсіз қылма құдайым.

Үміттің терең түбі бар,
Ол тыңбас ішкі үгітім.
Үмітсіз күні туганда,
Жоғалды дей бер жігіттің.

Қауіп зәлім жау екен,
Аңдаусызда сау етер.
Ішкі намыс күш берді,
Тұлпарым болды тәуекел.

Жабыстың жастай уайым,
Көшімнің көркі сыңайым.
Есейгенде тәуба – деп,
Бақытты гұмыр сұрайын.

Жан болған соң кеңпейіл,
Сені да қатер сөкпейін.
Өреде қанша қыссаң да,
Мәреде менен өт кейін.

2003 ж.

Бұлттарға

Бұлттар өтіп барады қияларға,
Осындайда қонады күй адамға.
Саған сәлем апара жағыр ма екен,
Іздегенің осы деп бұл галамда.

Бұлттар, бұлттар, қонындар алақанға,
Бастай берсін ақ ниет қанат алға.
Ақ жаңбыр боп шатырда билеңдерші,
Оятқандай жан сәулем ала таңда.

Көшкен бұлтқа оралды асыл мекен,
Бізге жеткен бір жаңа ғасыр ма екен.
Сағынышың жалғасын ақша бұлтқа,
Сенен сәлем әкеле жағыр ма екен.

Бұлттар көшін көргенде қарқын алам,
Нұр тасыған ұнайды салты маған.
Қарсы алдымнан қалқатай шыға келші,
Бұлттан шыққан күндей боп жарқыраған.

24.04.2002

Махаббат шырақ жаққанда

Сұлулық сырын жырлауға,
Қызыл тіл тынбай зарлайды.
Бармас ем сонша бұлдауға,
Дидары естен қалмайды.

Қабағын ашса жарқ етіп,
Сейіліп кетер мың күдік.
Көңілім еркін әңдетіп,
Жүректен өтер Күн күліп.

Сездірет қылық не түрлі,
Мың құбылып бір өзі.
Көктемнің желі секілді,
Айнымпаз ерке мінезі.

Қимастық отын сезінем,
Тал бойы неге балқымас.
Тамшы жас мойыл көзінен,
Қалайша шаттық тасымас.

Өзгермеу өзі мүмкін бе?
Лізаттан рахаг татқанда.
Мың құбылар бір күнде,
Махаббат шырақ жаққанда.

2003 ж.

Жүрек сыры

Беу, жүрегім, қызбалықты қой деп ем,
Қызарғанға ынтызарлық мол неден?
Бір өзіңе бір қара көз жетпей ме,
Жүрмесеңші бұра тартқыш жолменен.

Тарқамай ма құштарлығы мол маусым,
Сұлу көрсең неге берік болмайсың.
Шыбын жаңды ақ тер, көк тер қылғанша,
Неге гана тәубеңді айтып қоймайсың.

Жүрек айтғы: сыр ақтарсам ашық қыш,
Сезімталдық іс емес қой кәсіптік.
Құштарлықтың құрығынан шықпайтын,
Сұлулықтың құлы емес не гашықтық.

Бәрі менен болғандай жұрт ойлайды,
Қаламың да көп жазады сол жайлы.
Шындықты біл: сұлулыққа ақыным,
Мен тойсам да екі көзің тоймайды.

Қайдан келді шымқай мөлдір тұнық жыр,
Тұнық жырда алтын балық бұғып жүр.
Сұлулыққа елікпеймін десең сен,
Екі көзді тас қараңғы жұмып жүр.

19.02.2003

Астапа

Жетпістегі қақтығыс

Еркеғали,
— Махаббат өнін жазбаймын, —
Дегеніңе өліп кете жаздаймын.
Тақ пен төзге құштар сәтті берместей,
Мен әлі де жас күнімдей маздаймын.

Жетпісімде серттен таймай бір тұтам,
Сүйіскенде жанға дәру нұр жұтам.
“Сүйші, сүйші, тағы да сүй” — деп кеткен,
Мен Мағжанды махаббатқа пір тұтам.

Сұлулықтан ақын жаны гүлдейді,
“Махаббатсыз — Абай да — өмір тұл” — дейді.
Жетпіс үште Гете гашық болды ғой,
Ақын деген қартаюды білмейді.

Жұбайларға Ереке, көз қадама,
Осылар ғой шоқ түсірген санама.
Махаббатшыл жырдан безу не сұмдық,
Тұманбай-ау, қой десеңші ағаңа.

Дегенімде қып, қызыл боп Ерекем,
— Әй, өрбітпе, ол бір оқыс жел екен.
Әйелдерден “авторитет” іздеп ем,
Жазғаныңды — деді — жылдам бері әкел.

Қыс тақады. Барады өтіп сәтті күз,
Сөкпе, арулар, біз әлі де баптымыз.
Ойламаңдар хан базардан қайтты деп,
Бұл әшейін жетпістегі қақтығыс.

12.01.2003

Алматы

Көп оқудың бергені

Ол кезде күнде көктем жұлдызды аспан,
Бірінен бірі артық жымыңдасқан.

Қазақтың қыздары да сондай еді,
Мәскеуде бірге оқып сырымды ашқан.

Көп оқу шым, шытырық сынақ екен,
Көрмедік қыздарды да сірә бөтен.
Кездесіп елден келген сұлулармен,
Той жасау бұл жалғанның жұмағы екен.

Оқу көп, бармасақ та ойынға артық,
Жүрдік қой қыз әуресін мойынға артып.
Тосудан қанша жаурап қалсамдағы,
Көргенде кетуші еді бойым балқып.

Сұлуды құрастырар жанұямды,
Жүрегім бір көргенде тани қалды.
Қызығы көп оқудың осы емес пе,
Мәскеуде кездестірдім Мәриямді.

Көп оқу тежемеді ойымызды,
Болғаны осы шығар жолым ізгі.
Дәл бес күн өткеннен соң оқу бітіп,
Жасадық отау құрған тойымызды.

Мендеді мені жастай Құлагерлік,
Ергені Мәриямның жүдә ерлік.
Бергені көп оқудың осы емес пе,
Жарқ егіп Жезқазғаннан шыға келдік.

2003 ж.

Өмір – арман

Тағдырым, ғұмыр берме алаңсыз ғып,
Сөздің де дәмі татыр табам тұздық.
Жүрегім өзі бастар, жақсы күнге,
Етпеймін еш қашанда саған құлдық.

Болардай жазған жырым алтын қазық,
Келемін ата, баба салтын жазып.

Төрт бөліп түн ұйқымды толғанамын,
Күйзелін кетпесін - деп халқым азың.

Бастай бер болашаққа өмір-арман,
Болмасын көргенімнің көбі жалған.
Молайсын ортайғаным - деп тілеймін,
Тайғақ жол тар кезеңде төгіп алған.

Жасымнан азаймаған мұңға баймын,
Үмітпен ағар таңға тың қараймын.
Іргесін дербес елдің беріктесек,
Төгілген маңдай терін бұлдамаймын.

2003 ж.

* * *

Лала гүл су бетінде сүттей едің,
Жасырмас ойға көңіл бүктегенін.
Қайтадан көре алмадым жер бетінде,
Тағдырдан осы еді ғой күтпегенім.

Жарқын көл айдынында жайлаудағы,
Сен едің ынтық сезім бал қаймағы.
Келбетің еске түссе тентек жүрек
Құлындай шұрқырайды байлаудағы.

Сұлулық - сүйген гүлі жүрегімнің,
Керегін, кереметін жүре білдім.
Мен саған неге ынтық болдым десем,
Ең сұлу гүлі екенсің бұл өмірдің.

2003 ж.

Табысым

Ерте кезде салмай ескі сарыңға,
Көне білдік бойда қызу жалынға.
Приватизация маған жасап алыпсың,
Үкімет пен партияның барында.

Табысым сол - татулықты талғадым,
Жоғалтпадым жеке меншік бар мәнін.
Жас тоқалмен жаңа ферма құрмадым,
Жақсы болды бір өзіңмен қалғаным.

Табысым сол - кең дүние сеп берген,
Кезім жоқ қой сені сөгіп жек көрген.
Жасамадым сұлулармен оңаша,
Серіктестік жауапкерлік шектелген.

Өзің болдың көп айтылар бас әнім,
Бас әніме қайта, қайта басамын.
Саған мәңгі референдум өткізіп,
Өзге әйелге мороторий жасадым.

25.03.2000

Алматы

Құштарлық

Күнге қара, алтын арай шашқанда,
Гүлге қара, ақ дидарын ашқанда.
Қарай қалшы, жас балаға
Тұсауын,
Кескен кезде, ыршып қадам басқанда.
Соның бәрі шат, шадыман із салған,
Құштар жүрек көзін ашқан ізгі арман.
Сол әмірдің әрекеті емес пе,
Қатар өскен өле ғашық қызды алған.

"Сәлем айтса" есте мәңгі ұстарлық,
Дана сөзін гибрат етіп ұстандық.
Кездесуге құлыншақтай құлшынсақ,
Өрт салды ғой тұла бойға құштарлық.
Қыз бен жігіт серттескені - құштарлық,
Ләйлі Мәжнүн дерт шеккені - құштарлық.
Қабағыңның қағысына табынғып,
Жанарыңның жарқ еткені - құштарлық.

Беу, ақыным, сөзіңе ел құмартсын,
Ынтық емес, ынжықты кім ұнатсын.
Айға ұмтылған арыстандай тамсантип,
Әу-дем сәтте күлдіртсіп де жылатсын.
Салқын қанды самарқаулар сөкпендер,
Түсінеді шын құштар боп өпкендер.
Құштарлықтың адал құлы деп білем,
Мәңгі сөнбес жұлдыз болып өткендер.

12.04.2002

Сұлулық пен махаббат

Ақын үшін әйел жердің тәңірі,
Есті еркекке құт, береке әмірі.
Сұлуларға сұқтану да рахат,
Құштар жүрек жетпей шыдам, сабыры.

Біз тентекпіз, біз ерекше еркеміз,
Жым болды ғой талай асау ерке қыз.
Ал, жұбайың Ана болған мезеттен,
Өзеурейміз, өзге күйді шертеміз.

Ана деген жер, жаһанның тірегі,
Тым үлпікер, нәзік оның жүрегі.
Нәрестені бағып-қағу машахат,
Шыр еткеннен мазалайды түлегі.

Жас баласы тез келмейді орайға,
Ақ бесікке бекер таңып орай ма.
Ана үшін тәй, тәй басса еркесі,
Өзге тірлік түсе берер оңайға.

Боға, құлын, қозы, лаққа қарашы,
Көп қиындық шеккен емес анасы.
Төрт аяғы тез жүгіртіп әкетіл,
Тез жетеді күнкөріске шамасы.

Есен жүрсек егделік те тамаша,
Бәйбішелер бізді жас деп санаса.
Өткен күннің бір гажабы байқалар,
Қыз кезіндеі құштар көзбен қараса.

Аруды айтсам арыз, назым аталмақ,
Керек пе екен гашық сырын мақалдап.
Ақын үшін жер жұмағы - сұлулық,
Ақын үшін негізгі заң - махаббат.

05.03.2002

* * *

Атқан таң - тұңғыш құштарлық,
Балдырған күнде байқаған.
Қызығы соған ұқсарлық
Оралды мезет қайтадан.

Кездеспей жүрген жасымда,
Жан еді сұлу ерекше.
Ұмсынды жүрек асылға,
Сол гана маған ерекше.

Ынтық зар маусым орнаса,
Ләззаты масаң етпей ме?
Тілсіз тіл үнсіз қолдаса,
Құлпырып көңіл кетпей ме?!

Жетуге саған талпынар,
Аққудай көлде желпініп.
Қос жанары жарқырар,
Шырайы жанып серпіліп.

Құштар боп адал сенгені-ай,
Елеңдеп, елтіп аға-лап.
Құдайдың сыйлап бергені-ай,
Бүлдіршің, балғын галамат.

Шуақты сәуле нұрлы азық,
Қызуын мәңгі сақтамақ.
Жасасын! - Мөлдір, шын нәзік,
Батқан күн - соңғы махаббат.

2002 ж.

Дос болса

Екі жақсы дос болса,
Сыйластығын тыймайды.
Екі жаман дос болса,
Бір есікке сыймайды.

Екі тентек дос болса,
Бірін бірі қорлайды.
Екі еркек дос болса
Бірін бірі қорғайды.

Екі ақымақ дос болса,
Бірін бірі даттайды.
Екі ақылды дос болса,
Бірін бірі мақтайды.

Екі есер дос болса,
Көрместей боп кетеді.
Екі есті дос болса
Биік шыңға жетеді.

2002 ж.

* * *

Ақын жүрек сағыншақ
Маза бермес,
Мехнаты да рахат азап емес.
Ауылды аңсау сәттері оралғанда,
Ұйқы түгіл дәл келген қаза жеңбес.

Кейде алдымнан қызыл жел
Сағым кернеп,
Қызықтырып шабытшыл ағын келмек.
Осындайда төгілген
сәтті өлеңім,
Тірлігіме тұрақты мазмұн бермек.

Дәріс айтғы дей көрме дүйім жұртқа,
Байтақ елге сүйендік, сыйындық та.
Келеді екен өмірде өз жолымен,
Үлкен қызық, ең үлкен қыйындық та.

* * *

Айтқан сөзден адасқандай бұлтақтап,
Көргенім жоқ жан сезімін ұнтақтап.
Кесек тұлға кемелдікті сүйемін,
Шын сыйласар, ой бүктемес сыр сақтап.

Ақын жүрек ағыл-тегіл сауылып,
Ақтарылса жөнге келем сауығып.
Мінезімде мейірбандық басымдау,
Тірі жанға тұзақ құрмас жауығып.

Ізгілікке құштарлықты тот баспай,
Түймедейді түйедей - деп от баспай
Бір ғажап бар, көргеніңді "көрмеуде".

Кім біліпті, әлде сонша наданмын?
Мойып қалам ірі деген адамның,
Қиқым-сиқым ұсақтығын көргенде.

2002 ж.

* * *

Әр кім ынтық болмай ма ұнатқанға,
Құл боламыз бәріміз құмартқанға.
Шыдатпайды шұрқырап құлын-жүрек,
Қашан ғана жетем деп құмар таңға.

Мен де сені көргелі ынтық едім,
Орындалар күн бар ма бір тілегім.
Бар сырымды жасырмай айтып қойды-ау,
Ақ қағазға қаламды түртіп едім.

Ақ қағаздай ақжарқын асыл тегің,
Қыл қаламдай қиылған қасың сенің.
Ей, қалқатай, айтсаңшы көп ұзатпай,
Қашан ғана басасың ғашық желін.

Қайда жүрсің майысып құба талдай,
Біздің жаққа мойныңды бұра салмай.

25.02.2003

Астана

Элегия

Түсімде оятқандай таңғы жырым,
Есімде аппақ гүлдер қалды нұрың.
Тамсантты жақсы әуенге әуестігің,
Тұлпарға ере тартқан алғырлығың.

Татқандай бал каусарын құштарлықтың,
Жаңа әнді шөліркеген құстай жұттың.
Құмары қанбай жүрген сандуғашты,
Қолыма құдай берген құттай күттім.

Аз уақыт өтті кетті желдендіріп,
Жүрекке құйын салды енген бүлік.
Үмітім үзілмейді бір көруге,
Есен сау жүргеніңді елден біліп.

Жарқ еткен көк тұманда жарықтайсың,
Алыстан жаңа әнімді дәл ұққайсың.
Білмеймін қай қияда жүргеніңді,
Жабықсам жан баурайтын шабыттайсың.

Табысқан ғайып қиял лағыл тасым,
Сезімнен шықтай таза табынтасың.
Кетсеңші бір кездесіп, әнге бөлеп,
Досыңды енді қанша сағынтасың.

17.02.2003

Астана

* * *

Бәрі жөн, өткен күннің бәрі құнды,
Аманжол, ұқтым өргек сарыныңды.
Тараған Шал ақындай данамыздан,
Дөп көрдім қызға деген дарыныңды.

Ақынның ойы асқақ, жаны қызу,
Қиын-ау, ойда бардың бәрін тізу.
Аманжол, саған менің сүйсінгенім,
Бұлтармай жүрген жолың бәрі түзу.

Бірге өтті студенттік арман-күнім,
Белгісіз басқа қызға барғандығың.
Аманжол, жақсы болды тату, тәтті,
Раушанмен шаңырақ құрып қалғандығың.

Бәрі де арттағы күн ұлан-аңыз,
Құдайдың қосқанына жұбанамыз.
Төренің қызын алсаң "қара қазақ",
Иншалла, кек қайтты деп қуанамыз.

29.06.2002

Алматы

* * *

Туған ай жатыр жайнап шалқасынан,
Көшкен бұлт өтті желпіп дәл қасынан.
Тербелген ақ бесікте ақ бөбекті,
Сипағым келді нәзік арқасынан.

Өзгерді Ай толықсып күннен күнге,
Құлпырды хор қызындай күлген гүлге.
Толқыдым бала күнде өзіңменен,
Есіме түсіп көктем жүрген бірге.

Жеткенде ай жартылай шарасына,
Сән берді сергек сезім санасына.
Телміріп жерге қарап мені іздейді,
Жалғыздық ем тапқандай жарасына.

Келгендей қимай қарап құмартқаны,
Қызық-ау, кездесуді ұзартқаны.
Менімен күнде кешке көлге түсіп,
Сәулесі жүрегімде тұрақтады.

06.04.2003

Алматы

Құс базары Қорғалжын

Қазақтың құс базары Қорғалжында,
Күн сүйген күміс көлдер толған нұрға.
Аққудың аққу сүйіп омырауын,
Таратты қоңырауын орман-нуға.

Сайраған шымқай ғашық үнін терем,
Сағынған бала күнді сырым терең.
Құс әні, көл жағасы қызық еді-ау,
Қыз қалқа ақ білегі дірілдеген.

Аққулар көз қияғын ұзатпастан,
Айтады бала күннен ұзақ дастан.
Есіме түсіп кетті албырт кезім,
Құстарға қарай, қарай құшақтасқан.

Саумал көл мөлдірінде тұнып тұрған,
Мезетке балқып кеттім қызықтырған.
Келер деп жан жағыма қарайлаймын,
Қара көз жүрген жерін ұмыттырған.

1993 ж.

Сағыныштардан жаралдым

Сағыныштың сырын айтсам көптеген,
Сағынғаны құмартқаны деп сенем.
Сағындырған ауыл қызы кездесіп,
Қайран жүрек балғын кездей төкті өлең.

Топ ішінде өжеттігін асырып,
Мені бетген сүйіп алса асығып,
Бір басылды үнсіз шыққан күрсініс,
Сағынышты жүрген әрең жасырып.

Қуаныштың құшағына қамалдым,
Ажарынан таза шәрбөт нәр алдым.
Тап осындай мезетті аңсап, елді аңсап,
Сарқылмайтын сағыныштардан жаралдым.

Қайда жүрсем ойлайтыным жол қамы,
Сол мінезді қимас көңіл қолдады.
Бір көруді ақ ниетпен көксейтін,
Қандай жақсы сағынарың болғаны.

17.09.2000

Алматы

Айтылмаған әнім бар

Айдында аққу толқып, Ай тыңдаған,
Сағыныш сырын шертер сарқылмаған.
Толғайтып ойға салар оңашада,
Құпия бір әнім бар айтылмаған.

Қараса кейде өмір салқын маған,
Ондайдан салтым берік тартынбаған.
Жаныма қиналғанда дем береді,
Сол әнім еш адамға айтылмаған.

Жүректе сағынышым ала бөтен,
Дәл айтпай сұлу сөзбен жанап өтем.
Жан жетпес келбетіңді сипаттаған,
Сол әнді саған қашан салады екем.

1969 ж.

Көкшетау

Көкшетау өзге таудың тәубесіндей,
Қызығы құмартқан қыз әуресіндей.
Көлдегі Оқжетпестің суреті,
Сұлудың айнадағы сәулесіндей.

Бурабай тауды айнала жатқан екен,
Жұмбақтас суға белден батқан екен.
Ақбура шөлі қанып, дөң асқанда,
Қай сотқар көзі қиып атқан екен.

Қос өркеш көшкен бұлтты өкшелейді,
Сал бойын садық тастар дестелейді.
Сыры көп ел аралап аңыз болған,
Қазағым еркелетіп Көкше-дейді.

Аққу қаз екеу, екеу ойнайды екен,
Нәзік жан махаббатқа тоймайды екен.
Сақ қыран шүйілсе де шер тарқамай,
От құшақ күйдірсе де қоймайды екен.

Қарағай қатпар тасты тесіп өскен,
Бәйтерек көкке бойы жетіп өскен.
Ақ балтыр, ақ қайыңдар билегенде,
Тал ойнап, шілік басы желкілдескен.

Көкірекке жұпар ауа себіледі,
Екі аяқ бір басуға ерінеді.
Аспаннан күн сәулесін қуа келген,
Ақ жаңбыр ақ маржандай төгіледі.

Айыртау Ақан, Біржан секілденер,
Сырымбет Құлагердей еркінденер.
Жалғызтау Үкілі Ыбрай сияқтанса,
Өзіңнің Сал, Сері боп кеткің келер.

Тау – қорған атам қазақ жалауы бар,
Тау – көсем Абылай ханның алаңы бар.
Тау – дана Шоқан өскен баурайында,
Тау – батыр Мағжан аға, Баяны бар.

Айтқаным көргенімнен аспағандай,
Екі көз шыр айналар тостағандай.
Көгеріп көк белбеудей Есіл жатыр,
Көкшетау әу-дем жерге тастағандай.

Тау сері сексен көлі етегінде,
Барады сексен қыздың жетегінде.
Япырмай, соның бәрін қияр ма екем,
Соңыра көз жұмылып кетерінде.

2001 ж.

III бөлім

ҒАШЫҚ КЕЗ-ДӘУРЕҢ



Әддилеп қана өтейік

Оралып жылдар келмейді,
Күндерді қымбат сыйлайық.
Еркіңе тағдыр көнбейді,
Дүние - теңіз, біз - қайық.

Ажарың көркем жайнаған,
Шуақты болсын айналаң.
Айтайық алғыс тағдырға,
Жүрекке жүрек байлаған.

Бақытты жолда есейіп,
Арманға алыс жетейік.
Махаббат деген бөбекті,
Әддилеп қана өтейік.

Өтеді жылдар қайырылмай,
Әр таңды қарсы алайық.
Тірідей дастан айрылмай,
Тілеулес болып қалайық.

Тамаша күндер бірлескен,
Тірлікте тілек ақтайық.
Сүйісіп мәңгі үндескен,
Лүпілін жүрек сақтайық.

02.05.2002

Есіңнен мәңгі кетпейді

Махаббат - тірлік тірегі,
Жеткізер асқақ арманға.
Ақталар адам тілегі,
Құшаққа орап алғанда.

Бетінен сүйіп бір құшпау,
Күнә ғой, аңсап келермін.
Құштарлық кілтін мықты ұстау,
Өнері, асыл өнердің.

Айқара құшпай білер ме ең,
Тіл жетпес тәтті азабы-ай.
Бір тіріліп, бір өлген,
Мезеттің, шіркін, ғажабы-ай!!

Жаннатта жаның шалқиды,
Баурайды ләззәт көңілді.
Лаулаған бойың балқиды,
Ұмытып өзге өмірді.

Ерекше күліп жаңданып,
Кеудеме қонды толған Ай.
Қабағын бұлттың қақ жарып,
Жарқ етіп тынды найзағай.

Ақ төсі шоқтай күйдірді,
Тынысы жетті тынысқа.
Елжіретті де идірді,
Көндірді құштар «қылмысқа»

«Қылмыс»- деп қисық бұрғызба,
Ақтарсақ алла парызын.
Тірлікте осынау тым қысқа,
Бақытың сол ғой бір үзім.

Махаббат сепкен шапағат,
Есіңнен мәңгі кетпейді.
Жалғанда өзге бар рахат,
Сол «қылмысқа» жетпейді.

Ақ жаңбыр жауғанда

Сүюші ем құлшынып,
Аңсарым ауғанда.
Аспанда күн шығып,
Ақ жаңбыр жауғанда.

Бір хабар сен жақтан,
Көп жылдар жетпейді.

Бал шырын мен татқан,
Таңдайдан кетпейді.

Көктемде бір жүрген,
Жадымда жол ізі .
Қаларын кім білген
Қолымда қол ізі.

Бір ауыз сөзіңді,
Сақ тауға жетікпін.
Қоштасқан кезімді,
Ұмытып кетіппін.

Сағыныш үйесің,
Алыстан хал сұрап.
Елестеп жүресің,
Балауса балбырап.

Кетеді тіл шығып,
Аңсарым ауғанда.
Аспанда күн шығып,
Ақ жаңбыр жауғанда.

2003 ж.

**А.С.Пушкиннен
А.П.Кернге**

Жадымда ғажап сол бір кез:
Алдымда тұрдың мүлтіксіз,
Елестей ғайып өткен тез,
Сұлулық тәңірі кіршіксіз.

Үмітсіз қасірет мұң артқан,
Үрейсіз дүрмек ішінде
Үзілмей унің құлақтан,
Баурады бейнең түсімде.

Бұрқасын жылдар шұбырды,
Ескі арман естен сейілді.

Ұмыттым нәзік үніңді,
Жүзіңді жұлдыз мейірлі.

Қараңғы қапас жерде жат,
Жылжыды күндер көңілсіз,
Көз жасым, шабыт, махаббат,
Тәңірімсіз және өмірсіз.

Оянған жаным келді кез,
Оралдың қайта мүлтіксіз,
Елестей ғайып өткен тез,
Сұлулық тәңірі кіршіксіз.

Жөндеді жүрек желігін,
Ол үшін туды қат, қабат:
Көз жасым және өмірім,
Шабытым, тәңірім, махаббат.

Сайрашы бұлбұл сайрашы

Бұлбұл құс сайда толғайды,
Өзіңнен сәлем жолдайды.
Қосылып бірге әңдетсем,
Періште - пірім қолдайды.

Сайрашы, бұлбұл, сайрашы,
Жан құштар әннен таймашы.
Жүзімдей тәтті үніңнен,
Бір үзім бақыт байлашы.

Сүйеді жаным сондайды,
Жолымды тағдыр оңдайды.
Махаббат әні маздатып,
Айықпас дерттен қорғайды.

Тыңдасам әнші торғайды,
Сұрайды менен сен жайлы.
Шырылдап бірге жүрегім
Мазасыз маусым орнайды.

05.05.2002ж.

Өңінде ешкім көрмепті

Махаббат лаулап жанған от,
Сөнбейді дауыл соққанға.
Нөсерден кейде қорғалап,
Селк етер оқыс қорыққанда.

Оралса көңіл өткенге,
Елестеп жүрек тіледі.
Қуаныш, қайғы шеккенде,
Есіңнен қалмай жүреді.

Жұлдыздай алыс үмітің,
Бір жанып, бірде жоғалар.
Сабыр ет сонда жігітім,
Қорқыныш ізі жоғалар.

Сәулесі жайнап тілектің,
Ақ жүзі таң боп атады.
Түкпірінде жүректің,
Сағыныш көл боп жатады.

Махаббат - азат қиял құс,
Қияға құлаш серметті.
Махаббат - ғажап қиял түс,
Өңінде еш кім көрмепті.

Түйіні осы сырымның,
Күнім жоқ серттен шегінген.
Махаббат сол - деп ұғындым,
Силастық болса сеніммен.

2002 ж.

* * *

Жыр көсілер ақыл, сезім жөптесе,
Ол не керек ой түбіне жетпесе.
Сағынғанның басып ішкі жалынын,
Мұңайғанның жанына нұр сеппесе.

Әр пенденің бар ғой сыйлап сенері,
Сол секілді сөзге де сөз ереді.
Жүрек қозғап, ақыл сезім ой салса,
Бояуы бар ояу өлең келеді.

Көтеруге көркем сөздің арайын,
Әуен керек, теңеу керек ағайын.
Өлең деген сұлу сурет емес пе,
Қалай ғана құрғақ айғай салайын.

19.11.2002

* * *

Атаға тартып ұл туса,
Құдайдың елге бергені.
Анаға тартып қыз туса,
Береке құттың келгені.

19.11.2002

* * *

Ақылы кең асыл досым,
Әр қашан да ес берер.
Жырға орасам өмір көшін,
Туған елім ескерер.

Сазды, назды әсем үнмен,
Жүрек еркін жырласын.
Көкірекке шөккен мұңмен,
Айтар сөзім тынбасын.

Күйзелгем жоқ басып зарға,
Жан тілегі естілсін.
Махаббатшыл ғашықтарға,
Жырым неге ескірсін.

Ұштым талай биіктерде,
Әлі де ұзақ ұшармын.
Әбден қанып күйік, шерге
Қара жерді құшармын.

2003 ж.

Махаббат

Махаббат - тағдыр сыйлығы,
Адамның дархан дарыны.
Махаббат - жүрек бұйрығы,
Тірлікте сөнбес жалыны.

Махаббат - шексіз сағыныш,
Басылмас мауқың бір сүймей.
Жай таппас ынтық жанымыз,
Ерінге ерін бір тимей.

Махаббат - тәтті қиял тұс,
Ару боп келіп арбаған.
Махаббат - құштар қиял құс,
Басқаның көзі шалмаған.

Аспанға қолың жетсе де,
Ғашықсыз ашық күнің жоқ.
Көрінбей көзге кетсе де,
Сөнбейді нәзік үміт-шоқ.

Жалыныш етпе «қалқа»-лап,
Жзі де іздеп жетеді.
Желіккен жеңіл махаббат,
Өкілтіп ертең өтеді.

Жоқ емес достым, сенің де,
Періштең өтер құмартып.
Махаббат - ішкі сенімде,
Ол көп сөзден мың артық.

Қара бұлт қаһар төккенде,
Өшкендей теңіз айбыны.
Үмітің сөніп кеткенде,
Махаббат болар қайғылы.

02.02.1997

Бөрте ханымның сөзі

— Шұғыла елін Шыңғыс хан талқандады,
Ақ Бұқа атты патшасын арқандады.
Ай мен Күндей құлпырған қызын алып,
Құлан ханым қасында алшаңдады.

Бәйбішеге хан тақсыр хабар қылды,
Мәмлегерді жіберді табар тілді.
Сонда Бөрте сөз айтып хабаршыға,
Ата дәстүр салтына сала білді:

— Әмір солай,
Көлден құс атсын, — деді,
Таңдаулысын тамаша тапсын, — деді.
Хан - иеме қызғаныш ете алмаймын,
Жас иіспен қызыққа батсын, — деді.

Тілегім мол
Ниет пәк жолын бумас,
Мен өкінер емеспін долы қу бас.
Етегінен кім қоңырау қақсадағы,
Жошы, Үгедей
Шағатай, Толы тумас.

Хан иеме жарасқан еркелігім,
Ұлғайғанда бүлінбес мөлтек үнім.
«Қабат шапан тоңдырмас,
Қабат арқан тоздырмас»
Жас тоқалдан кемімес Бөртелігім.

27.11.2002

Ән-жұмақ

Асқақ ән патшасын тыңдатғың,
Бір емес бал шәрбәт мың таттым.
Бал бұлақ кәусардан шөл қанды,
Ән-жұмақ орнаттың сымбаттым,
Туар ма бұдан зор қымбат күн.

Алдына Ай қонып өткендей,
Есінен танғандар көп мендей.
Ән-шуақ баурады, балқытты,
Жер, жаһан жаңарып кеткендей,
Жүректі жүрегің өпкендей.

Қай сұлу ән салар өзіңдей,
Шаттаңдым қайталап көз ілмей.
Асыл ән әкетіп барады,
Қыз-бала тұтатқан сезімдей,
Бозбала бос белбеу кезімдей.

12.12.2001

Алматы

Үш сонет

I

Бәйбіше, құйшы, шампанды,
Бұрқырат шулы ақ буын.
Жазайын кеңдеу арқамды,
Көтеріп көңіл шалқуын.
Бір кезде болған шын құмар,
Жиналар қимас құрбылар.
Жаңа үйдің көркі ашылсын,
Көрімдік шашу шашылсын.
Нәр алып сұлу көркіңнен,
Толқысын ән, күй еркімен.
Береке қонар құт дарып,
Жадырап мен де жанайын,
Бір сүйіп рахат табайын,
Мектептес қызға сұқтанып.

II

Мінеки, келді, алды қол,
Татайық ескі балдан біз.
Өлеңге жаңа салды жол,
Бетінде жайнап қалған із,

Сүйіп ем жап, жас күнінде,
Қалыпты дәмі тілімде.
Бокалды толтыр қайтадан,
Қалдырмай ішіп жәй табам.
Әже боп жүнжіп жүр деме,
Бар екен әлі бірдеме
Қалса да қанша жас толып.
Жүрегім қатты еріп тұр,
Тағы да сүйгім келіп тұр.
Ішпей де, жемей мас болып.

III

Құрбысыз қызық толар ма?
Сұлусыз бітті қай жорық.
Көрінсін дей бер оларға,
Ақ шашым ашық Ай болып.
Бәрі де маған арайын,
Төгілтсін жөндеп қарайын.
Шүпілдет, толтыр шампанды,
Күтейік бірге ақ таңды.
Ұмытсам осы қыздарды.
Бәрі де сенен қызғанды
Тағдырым қосып теліген.
Қызғанбай ашық күле бер,
Осылай тойлап жүре бер
Бәрін де мәңгі жеңіп ең.

Мені іздеген

Күн батып келе жатыр қызауратып,
Таңсығы көп жүректі жүз аунатып.
Қанымды қыздырады қызыл арай,
Тағы да жүгіртердей қыз аулатып.

Апарған қызды ауылға бізді талай,
Қызық-ау, қызара бөрткен қызыл арай.
Қатардан үміттестер қалмасақ та,
Болыппыз үйді көксер кешке қарай.

Естиді-ау, құпияны байтақ елім,
Өзіме-өзім үнсіз байқа дедім.
Келер деп енді қашан? Күткендер көп,
Күн батса үйге шапшаң қайтар едім.

Үйге деп қатты сөйлеп негізденем,
Сен емес бүгін жалғыз мені іздеген.
Күтеді немерелер
Не берер? - деп,
Қозыдай алақаннан жем іздеген.

1985 ж.

Мәскеу

Жезкиікке

Сені ойласам жеңіл қалқып айтар ән,
Көңіл өсер қызығым көп байқаған.
Жүйткіп өтші көз алдымнан жезкиік,
Арал шалқып, толқыр ма екен қайтадан.

Бақыт үйір жолы құтты асылға,
Сүйе білген іңкәр кезді жасырма.
Киелі жан шапағатың жарылқап,
Әму мен Сыр баяғыдай тасыр ма?!

Сені көрсем жастық жалын оралып,
Шер тарқатып қалар ма едім оңалып.
Шагтанар ем күміс төсің жарқ етсе,
Көз алдымнан кеттіңдер-ау, жоғалып.

Бағалысың жан жетпестей сен маған,
Мұң бөлісіп қамығады кең далам.

2001 ж.

Астана

Айғаным

Ерен бақыт текті туса алғаның,
Көш көркейтер ертең артта қалғаның.
Атығай мен Қарауылдың асылы,
Сондай салтты жасап өтті Айғаным.

Уәлі ханның ол ең кіші жұбайы,
Ғажап сұлу аппақ гүлдей шырайы.
Көкшетаудан Сырымбетке көшірген,
Ақылды еді-ау, Ақ Орданың Күн-Айы.

Құт қондырса ұлы адамды жар тұтқан,
Елге аян жесір күнің зар жұтқан.
Кемеңгерсің атың аңыз Айғаным,
Абылайдың шаңырағын шалқытқан.

Сен көрсеттің кереметін сәулеттің,
Салып кеттің кең ордасын әулеттің.
Ақ патшаға өтті айбынды ықпалың,
Сал Сырымбет құтты етегін сәнді еттің.

Шымқай ғажап жер бетіне еккенің,
Есіміңе мың, мың тағзым етті елім.
Сен орнатқан ақ сарайдың бірінде,
Мәңгі орнықты іргесі құт мектебім.

Басын құрап өзің салған ғажаптың,
Есіміңді қайта оралтты азат күн.
Туған елдің сен билесең бір шетін,
Аңсағаның дербестігін қазақтың.

Бой көрсетсең бодан күнгі мұнарда,
Ұқсап едің шыңда жалғыз шынарға.
Сен болмасаң Шыңғыстай ұл туар ма?
Жұлдыз болып Шоқан өрге шығар ма?!

Түлкі - өмірдің табамын - деп қай бабын,
Ауыр күнде белді бекем байладың.
Желбіреткен Абылай ханның ақ туын,
Мәңгі жаса, асыл ана, Айғаным.

1994 ж.

Таң алыс
Түн таныс
Бір сүю
Мың табыс.
Шолп еткен
Ақ беттен
Дыбысты
Тыңдаңыз.
Еріндер,
Еріндер,
Тым тәтгі
Едіңдер.
Балбырап
еріндер.
Бал шарбат
сөлін бер,
келіндер.
Ақ тамақ,
Ай қабақ.
Өбейін
Аймалап.
Шалқиып,
Қайталап.
Өлерсің,
Таларсың,
Шын рахат
Табарсың.
Талмаурап
Қаларсың,
Есіңнен
танарсың.
Шын ғашық
санарсың.
Жақтасын,
Баптасын.
Еш күнә

Таппасын.
Өсектен
өш еткен
Бір Алла
Сақтасын.

12.06.1999

Сен десем

Жаным - жалау. Желкілдейді,
Сен десем,
Жүрегімді ашып көрші сенбесең,
Тірі жанға сездірмеген құпия
Шертілмейді
Алдыма бір келмесең.

Уақытым жоқ серпілмеген
Сен десем,
Мен өзіңсіз тіршілікке көнбес ем.
Жер мен көкке сыймай кете жаздаймын.,
Мөлтілдеген
Қос жанарды көрмесем.

Қаяу көңіл ашылады
Сен десем,
Не болар ем сен қасыма ермесең,
Қуаныштың үлкені де сол шығар,
Сеніңдағы жаның толқыр мен десең.

* * *

Аққу, қаз көші қаптаған,
Көктемгі көлде ынтығым.
Жүрегім толқып жаттаған,
Тыңдаймын ғашық үн сырын.

Әндетіп өлең өремін,
Ғажапқа қарап алдымда.
Сәулем-ау, сені көремін,
Аққумен қатар айдында.

Аңшылық қызық түс-елес,
Әуресін ашық айтамын.
Аңдығаным құс емес,
Бір өлең атып қайтамын.

1995 ж.

Ғашық кез - дәурен

Еріндер, қызыл еріндер,
Есімнен тандым қызығып.
Қызғалдақ гүлдей едіңдер,
Сүймесем кетер бұзылып.
Мойныңа білек тигенде,
От шарпып денем күйгенде.
Жұмыр жер кетті дөңгелеп,
Ерніңнен алғаш сүйгенде.

Ақ тамақ, қайран, ақ тамақ,
Бал беріп, бойды уладың.
Құлындай қойған ноқталап,
Жүрегім неге туладың.
Оралдым алыс көктемге,
Құмарым қанды көркемге.
Шар басым кетті айналып,
Тамақтан аппақ өпкенде.

Жанарлар, қайран жанарлар,
Қадалдың қандай себеппен.
Әкелдің жылы хабарлар,
Құштарлық селін көбейткен.
Қос қарақат жол салып,
Рахат шексем соншалық;
Шынарға жеттім шыңдағы,
Қос анарға қол салып.

Жүрегім мәңгі тұрағы,
Ғашық кез - өмір шырағы.

1986 ж.

Элегия

Көрдім күзде жүзімнің,
Босаңсып көңілі сынғанын.
Татшы деп тал үзімін
Мөддіреп қана тұрғанын.

Жүзім мұңлы сызылып,
Құмар қылық жасады.
Тамшы жастай үзіліп
Жүрек шетін ашады.

Сол тамшының біреуі
Бойға шырын сепкендей.
Сағыныш, наз тілегі
Жан жылтып өткендей.

Бүлдіршін жүзі үлбіреп,
Қамығып неге жасыды.
Кеткеніне тым жүдеп
Жаным қатты ашыды.

2002 ж.

Махаббат «бері кел» — десе

Бостандық жолын сөкпеуші ем,
Бір ғаламат басталды.
Ақында бастық жоқ деуші ем,
Махаббат мені басқарды.

Дерті мен серті меңдесе,
Құлдық ұрмай не етемін?
Махаббат «бері кел!» десе,
Жұмақтан да кетемін.

— Зекетің кетем — сен десе,
От болып неге жанбаймын.
Махаббат «бері кел!» десе,
Тамұқта да қалмаймын.

1996 ж.

Сөйлемеймін десем де сөйленемін,
Жыр оятып жіберер көлденең үн.
Лең сөзбен қамшылап келемін ғой,
Саған ынтық көңілдің көк дөненін.

25.02.2003

Астана

Үміттену

Жан едің ақ көңілді қайтармаған,
Сырым көп сүрлеп, сақтап айта алмаған.
Барасың былқыл-сылқыл жүзіп, қалқып,
Қайықтай көл төсінде қайқандаған.

Жүректі қара көзің талқандаған,
Қалайша назар аумас қалқам, саған.
Бар екен талай дүнияң тал бойыңда,
Жабулы жүре, жүре байқалмаған.

Япырмай, неткен мөлдір жанар еді,
Жанымның рахат сәті жаңа келді.
Жадырап құрақ ұшты жарқын жүзің,
Ойлаған жерден шықсам жарар еді.

Ақ бұлақ

Күлкіңнен көңілім жылынған,
Сағындым сені ақ бұлақ.
Әлемде барлық шырыннан,
Бір жұтым суың жақсырақ.

Әр үйге кәусар жететін,
Күйенте, шелек тербеліп.
Ақ құба қыз да өтетін,
Жанары жанға дем беріп.

Өткеріп жылдар легін,
Оралсам өмір күзімен.

Бұлаққа қарай жүремін,
Анамның басқан ізімен.

Келесің алыс ескіден,
Сарқылмас мәңгі ғұмырың.
Қасыңда сенің естіп ем,
Құштар қыз қимас сыбырын.

Сағыныш, аңсау аралас,
Тідессең ләззат татқандай.
Қараймын саған шала мас,
Тамаша дыбыс тапқандай.

Ақ бұлақ тоқта, тербелме,
Арайын төксін таң атқан.
Сүйейін аңсап келгенде,
Бүлкілдеп жатқан тамақтан.

2002 ж.

Тойдағы талас

Сұлу көрдім таңгажайып әдемі,
Қара көзден жарқ етеді жан емі.
Өз тойында Манаш өзі билеп жүр,
Былқыл-сылқыл естен кетпес мәнерлі.

Таңгажайып еріндері, иегі,
Қыр мұрында сиқыр көп-ау, киелі.
Екі бетте еренғайып шырын бар,
Манаш қайтсын,
Шыдай алмай сүйеді.

Қос анары төс жарып тұр бүлкілдеп,
Қаным қызды.
Тұр деймісің күлкім кеп.
Жақын барып тартып алдым Манаштан,
Өз тойың ғой
Маған бер - деп күңкілдеп.

16.11.2002

Не қызық

Ақ марал сасқанда қызық,
Ақ түлкі қашқанда қызық.
Ал сұлу ше?
Құшағын ашқанда қызық.
Қуаныш шәшқанда қызық.

Ақ сұңқар қағыста қызық,
Шын тұлпар шабыста қызық.
Ал жігіт ше?
Қат, қабат сайыста қызық,
Сын сағат намыста қызық.

Жез Киік жанары қызық,
Аққудың ажары қызық.
Алақын ше?
Сөзінде құн болса қызық,
Айтқаны тың болса қызық.

2003 ж.

Есілге қонған аққулар

Айдынның беті жайнады,
Естіліп ерке саңқылдар.
Жүрекке жалау байлады,
Есілге қонған аққулар.

Толқытып құстар оралған,
Құба тал кетті желбіреп.
Оянды сезім жоғалған,
Сағынған жүрек елжіреп.

Ән туды еркін төгіліп,
Тулады жүрек бір демде.
Ауылдың кеші оралды,
Аққуды аққу сүйгенде.

Қарағай, қайың желпінді,
Құстарға қарап анталап.
Биледі менің еркімді,
Жер, көкке қонған махаббат.

2000 ж.

Дәрігерлер

Аққу құстай махаббатын қорғаған,
Нәзік жүрек, асыл арман ол маған.
Дәрігер қыз жылы қолмен сыйпаса,
Зәру күнде кімге дәру қонбаған.

Дәрігерлер... дәрігерлер... дәрігер,
Жедел көмек жанға тыныс жәдігер.
Ақ халаттар,
ақ қанаттар,
Ақ қабақтар жарқ етсе,
Жасқанады ажал деген әбігер.

Кәрі жастың алғысы көп бәріңе,
Тіршіліктің сән жалғайды сәніне.
Есімдерін жас нәресте қосады,
Жарық дүние көрдім деген әніне.

Жыр болып та көп жүректі ақтарды,
Ән болып та әсем әуен жатталды.
Қан майданда қалмай жүріп солдаттан,
«Қарындас» боп ел аузында сақталды.

Көзбен келер жүрегінің жылуы,
Сөзден артық мейірім төгіп күлуі.
Беу, інішегім! Қапы қалма тірлікте,
Ғашық болса дәрігер қыздың сұлуы.

2000 ж.

Алматы

Жезкигім есен бол

Лүпілі жүрегімнің шапшаңдады,
Қыз-Киік қызық тырып қақшаңдады.
Кел, менің жыр пырағым - Құлагерім,
Бой жазсын суыт жүріс ақ шаңдағы.

Бар менің жетем деген өз биігім,
Шабытым басар талай көз күйігін.
Өлеңім тірі жүрсе - мен тірімін,
Есен бол жер бетінде «Жезкигім»

Тетігін сағыныштың тапсамадағы,
Лүпілі жүрегімнің пәс қалмады.
Жүйткіп өт көз алдымнан Жезкигім,
Қосылсын аққу, қаздар аспандағы.

Қараймын кең далада тылсым үнге,
Домбыра, осындайда қосыл бірге.
Жетердей алты қырға асқақтатсам,
Қыз-Киік көз алдымда шошып жүрме.

2002 ж.

Ғаламаты әлемнің

«Аққуды» Айгүл тартқанда,
Құйылды ынтық нұр қандай!
Ару құс қанат қаққанда,
Нұрғиса толқып тұрғандай.
Он саусақ шапшып бөгелмей,
Құйғытты күйге беріле.
Тыңдаған адам дегендей:
Пері ме әлде сері ме.

Кейде Аққу кетті саңқылдап,
Сыңарын іздеп тапқандай.
Айдынның беті жарқылдап,
Ақ жалын лаулап жатқандай.
Сұңқылдап «Аққу» кей-кейде,

Тамсантип оқыс қаратты.
Сыңарын көлде көрмей ме,
Сағыныш әнін таратты.

Заматта «Аққу» сұңқылдап,
Әндетті зәмзәм татқандай.
Зарыққан жүрек сиқырлап,
Тасаға бара жатқандай.
Сырнай да, керней заулатты,
Құс қанат суда сусылдап.
Алғандай ынтық ләззатты,
Сүйсінді аққу қыңқылдап.

Саңқыл да, қаңқыл сыр сарқып,
Төске төс тақап оңалды.
Армансыз аққу бір шалқып,
Мойынға мойын оралды.
Сылқым күй еркін төгілді,
Ғаламаты әлемнің.
Жайлады рахат көңілді,
Келгендей сәті сәлемнің.

Иіріп саусақ шерткенде,
Иірім әуен ілбітті.
Аққуды аққу өпкенде,
Екі ішекке тіл бітті.
Талмаурап, толқып сиқырылы,
Жаныңа шаттық үйгендей.
Шолп, шолп етіп күй тынды,
Аққуды аққу сүйгендей.

12.07.2002

Ж... ға

Қайран жастық аттанса да келмеске,
Қара көздер, қиғаш қастар келді еске.
Әй, қыздар-ай!
Тым болмаса біреуден,
Сәлем айтып жіберсеңші жерлеске.

Мекенінді білсем дүние кезер ем,
Тосар едің өзің де айтқан межеден.
Баяғыда сүйдім деп те айта алмай,
Қапылыста қалғанымды сезер ең.

Рахат таптым қайта оралған жастықтан,
Маусым осы көктем жайнап, жаз шыққан.
Іздеп келіп біздің елді тамсанттың,
Көкірегінде біз де болдық назды ұққан.

Бүгін жетті бұл жалғанның шаттығы,
Сарыарқаның жұпар шашты ақ гүлі.
Сырымбеттің сандуғашы сайрады,
Есіл бойлап талмаурады тәтті үні.

Бүлкідесе әнші дүлдүл таңдайы,
Аулым тынды түзелгендей хал, жайы.
— Мектептесің тұрады екен мақтауға, —
Деп бәйбішем қамзол жапты арнайы.

28.04.2002

Әйел неден жасалған

Әйел неден жасалған?
Қаймақтан ба балдан ба?
Білгің келсе қашаннан,
Жауап біреу жалғанда:

Құран сөзі: Хау - Ана,
Қабырғадан жасалған. -
Оған сенбей таңдана,
Жөн болмайды қасарған.

Арығы да, семізі,
Әйелдері жер-көктің,
Бөтен емес негізгі,
Қабырғасы еркектің.

Алуан түрлі ару бар,
Емес барар жол екі.
Таңдаулысын алыңдар,
Қабырғалар он екі.

Шынтуайтқа берілсек,
Ермей бөспе дабылға.
Балғын сұлу келіншек,
Нағыз майлы қабырға.

Етпей әнтек шегіншек,
Сала берем дабылға.
Шәлкес мінез келіншек,
Нағыз қисық қабырға.

Тіліңді алмай қасарса,
Күдер үзбе үміттен.
Не қылар ең жасалса
Қабырға емес жіліктен.

Сөз оңалмас желдеткен,
Балық іздеп шалшықтан.
Жаралыппыз еркектер,
Сүйек емес балшықтан.

Қояыншы түрлентпей,
Өліп, өшіп өбеміз.
Қабырғаның ыңқ етпей
Илеуіне көнеміз.

2003 ж.

Әкелдің мәңгі серік сағынышты

Сыр шертем
Мұңы қалың ескілерше,
Музаға алғыс айтам елтіп ерсе.
Тоғайда соқыр жолдан соқпақ табам,
Тимеген жүген, құрық бестілерше.

Таусылмас шексіз қиял көп арманым,
Сенсіз де аз емес қой жоғалғаным.
Айрылып ата, анадан жас қалғанда,
Ел жебеп,
Естен кетпес оңалғаным.

Күтпеп ем
Өзің жақтан қатер, қауіп,
Өткінші болды аз күн өтер сауық.
Жүрегің маған құштар жаралса да,
Кетіпті басқа жайлы пәтер тауып.

Шыдаймын
Қауласа да жалын ішкі,
Сау басым болмас бірақ жалынышты.
Әкелдің екеумізге мәңгі серік,
Телегей шексіз бітпес сағынышты.

Қымталар
Ізгілікпен бүгін іргем,
Аулақпын тым ойсырап түңілуден.
Тас беріш жатар батып жүрегімде,
Сол артық оқыс құлап, түңілуден.

Сұм тағдыр бізді арнайы телімеген,
Әкетті адастырып сені менен.
Сағыныш толқынында тербетілем,
Теңіздей мың теңселсе кемімеген.

1975 ж.

Тыныштықтың сыңғыры

Таңертеңгі Күн нұры,
Сол табиғат тың жыры.
Шық маржаны жарқ етсе,
Ол тыныштық сыңғыры.

Домбырамның күмбірі,
Ғашық жүрек шын сыры.

Сенің түнгі лебің,
Тыныштықтың сыңғыры.

Сұлулықтың түн пірі,
Ашылады мың гүлі.
Ернің тиіп кеткені,
Тыныштықтың сыңғыры.

Сайрап сайдың бұлбұлы,
От құшақта тыңды үні.
Ләззат, рахат бәрі де,
Тыныштықтың сыңғыры.

01.05.2002

Күзгі романс

Татулық құрған қадамды,
Бәйбішем бек зор сыйлайды.
Құмартқан жаным адамды,
Жаттыққа әсте қимайды.

Ауылдас қызға лайық жыр,
Жүрекке талай із салды.
Шақыруға өзі дайын жүр,
Сағынған мені қыздарды.

Толықсып төрім толар ғой,
Ән шалқып, жырым тасыр да;
Әжелер келген болар той,
Силастық құрған жасымда.

Келсін-ау, бәрі сән құрап,
Дей көрместей қызғанды.
Шақыру шіркін, жоқ бірақ,
Мен сағынған қыздарды.

Кей құрбым шықпай көңілден,
Көрінбей кетсе алысқа.
Кей бірі өтіп өмірден,
Жұлдыз боп жанды ғарыштан.

Айналды көктем арманға,
Жете алмас оған ашық күз.
Жалғыз боп қалдың жалғанда,
Бәйбішем - жаным ғашық қыз.

09.11.2000

Теңізге

I

Па шіркін! Шалқар көк теңіз,
Телегей тегіс төгілген.
Көремін ақ жол көп-көп із,
Шалқыған шексіз өріңнен.
Жағаң теңіз, бау-бақша,
Қолдан құрған шарбақтай.
Қарағайлар тау жақта,
Сапта тұрған солдаттай.
Айдының неткен тамаша,
Жан қызыққа батқандай.
Құшақ жайып оңаша
Су перизат жатқандай.
Жатырсың неге сен ашық,
Жолаушыдан сақтанбай!?
Қуанамын шын ғашық,
Таңсығымды тапқандай?!

II

Таңертең теңіз тербелер
Қозғалтып біреу өткендей.
Көкірек сонда тебіренер
Жүрекке нұры жеткендей.
Толқындар көшсе жарысып,
Теңіздің бетін сөккендей;
Қаламын ләззат алысып,
Өзгені жаным сеп көрмей.
Әрең келіп кей толқын

Су шетіне шөккендей,
Мәре көріп кей толқын
Төс қағады өктемдей.
Кей толқын алғаш айқаста,
Тұншықты өліп кеткендей,
Кей толқын соңғы шайқастан
Қуанды есен жеткендей.
Толқындар келсе сабылып,
Су келбетін көркемдей,
Мен өзіңді сағынып
Тұра алмаймын өртенбей.

III

Шулы, дулы мың қызық,
Тал түсте теңіз бұрқанар.
Жан желігіп, бой қызып,
Жүректен сонда жыр тамар.
Бұрқан-талқан ақырып,
Самғайды толғап алысқа,
Жойқын күшпен атылып,
Жол тартқандай ғарышқа.
Туласа толқын теңізде,
Ерке тентек ойнақтап,
Бұла-тел өскен егіздей
Шыдай алман бой сақтап,
Сүңгіп бір кеттім тереңге,
Құшақтап асау толқынды.
Салқыны қалған денемде,
Ұмыту қайда жойқыңды.
Бүктетіле жөңкіді,
Дәу тастан қарғып өтердей,
Құр аттай толқын мөңкіді,
Лақтырып тастап кетердей.
Жабысып қалмай мен келем,
Желігін басар қиқардай.
Жүйткісін деймін жел кемем,
Осыған жаным іңкәрдай.

Тұрамын келіп кешқұрым,
 Жүректі толқын шалғандай,
 Тірлікте таппай еш тыным
 Құлшынып өту армандай.
 Көк теңіз жатыр жайраңдап,
 Мейірбан, жылы көңілдей.
 Қайтатын аз күн сайрандап,
 Сағынған достың төріндей.
 Толғай бер теңіз сырынды
 Асылын теріп байқадым.
 Жағанда жазған жырымды
 Ауылға барып айтамын.
 Жаныңның маған пәктігін
 Жүрді деме сезе алмай;
 Кездесер талай сәтті күн,
 Тұратын келіп көз алмай.
 Қош, теңіз! толқын көші де,
 Барамын қимай жағанды.
 Салсам да сайран төсінде,
 Сағынып кеттім даламды.

2003 ж.

* * *

Көкірегіңе көп қасірет түйіпсің,
 Ашылу аз, жабығу көп, тұйықсың.
 Өмірдегі бір жұбаныш сол шығар,
 Көрмей жүріп көргендей боп сүйіпсің.

Қиядағы сен жез қанат киіксің,
 Көкірегіме көп сағыныш үйіпсің.
 Бұл жалғанда құштарлықтың құлы едім,
 Құштарлықтан сен ерекше биіксің.

Жүрегіңнің шетін бөлек қиыпсың,
 Жырымды оқып жас күніңдей ұйыпсың.
 Содан болар қай қияда жүрсем де,
 Сен де менің жүрегіме сиыпсың.

Тоқтау болмас тіршілікте сезімге,
Жоғалмайды бейнең екі көзімде.

*2001 ж.
Алматы.*

Мәскеудегі «Прага»

Мәскеудегі
«Прага» дәмханасы,
Ақ дастархан, асыл төр жан панасы.
Ас келгенше би билеп, денең балқып,
Ақыл, сезім басылар тайталасы.

Алтын жиһаз
орыстың жиғаны да,
Алтын ырғақ жарасқан күйлі ағынға.
Жата кеткің келеді
биді тастап,
Сары алтынға малшынған диванына.

Алтын сурет
ашқандай таң жөргегін,
Тар шатқалда, салыпты аң желгенін,
Бұлгартпапты
мылтықтың басуына,
Қасынуы маралдың дәл келгенін.

Алтын ыдыс
адамның мауқын басып,
Жүрек тулап, толқисың зауқың тасып.
Сылдыры мен сыңғыры таң қалдырар,
Бістық шәйға кіргенде алтын қасық.

Алтын айна
жайнаса пейіл кеңіп,
Би қызады жан толқып, мейірленіп.
Көңіл шалқып артыңа бір қарайсың,
Соңғы биді қайтала! - дегің келіп.

1982 ж.

Ақынның кейбір кездері

Кейде мен
Бесті асаудай құрықтаған,
Мойнымды кейін қарай бұрып қалам.
Қара көз соны сезбей көңіл жықса,
Бір күнде біржола құрып қалам.

Күн туса қол сілтеген Есіл, Нұрам,
Қайықтың кең айдынға төсін бұрам.
Алмауға өкпелетіп екеуін де,
Сақалды қысқа күнде екі қырам.

Ал, кейде
Басып сәтті дұрыс қадам,
Кемедей кең айдынға суыт барам.
Нұр жұмақ - өткен тәулік қызық болса,
Сақал-мұрт шықпай жап-жас тұрып қалам.

1996 ж.

* * *

Бір басуға көңілдегі елеңді,
Тілсіз тілмен айтқаныңды түсіндім.
Жанарыңмен маған жазған өлеңді,
Ақ қағазға айнымастай түсірдім.

Шыдатпайды түнде көрген түс мені,
Шалдыққандай ынтық шөлім бір қанбай.
Қызық екен көзге көздің түскені,
Қос құшақтан біз шыға алмай тұрғандай.

Көк тұманнан жарқ еткендей бір нүкте,
Қандай қызық елтіп көңіл бөлгенің.
Сағынары жоқ адамнан тірлікте,
Сорлы адамның сорақысын көрмедім.

Жанарыңды сыр қаптаса қаншалық,
Мен өлеңді жаза берем соншалық.

Ару назы

Шөлдеп ем дәл өзіңмен табысқанша,
Өзгеден жатты жүрек алыс қанша.
Лүпілі жүрегімнің шыдатпады-ау,
Қыз жаным тұңғыш ләззат алысқанша.

Таза гүл түсіргенің қолға сенің,
Кір шалмас қалды мәңгі бойда сенім.
Өзіңдей дархан жігіт кездеспесе,
Кең жалған қызығына тоймас едім.

Көнбесін асау жаның ойға қалың,
Сөнбесін сері туған бойда жалын.
Мен үшін қуаныштың ең үлкені,
Бір мезет көзден таса болмағаның.

Қайталап сүйе берші, сүйе берші,
Таппайды сенен басқа жүрек емші.

2002 ж.

Ғабеңді сүйген еріндер

(Раиса Мұхамедияроваға)

Жан екен сұлу ғаламат,
Арудың дәру асылы.
Ғабитпен шеккен махаббат,
Дананың дара ғашығы.

Жанары оттай жайнаған,
Қызқалпы келбет, сәні де.
Лықсып қаны қайнаған,
Толықсып тұрды тәні де.

Шыдасын қайтіп ет, жүрек,
Қалмассың көрмей шеткері.
Қағады бүлкіл елжіреп,
Ғабеңнің сүйген беттері.

Тараған аңыз қызық жыр,
Табысқан ынтық дер кезде.
Нұр шашқан осы қызыл гүл,
Ғабендей сылқым кербезге.

Отырды толқып, балбырап,
Тал бойы әсем керім дер.
Ушығып кетті албырап
Ғабенді сүйген еріндер.

Жеңешем күлсе сызылып,
Отырдым оқшау қонақтай.
Алыстан көрдім қызығып,
Еркеғали жолатпай.

14.06.2002

ҚЫЗЫЛЖАР

* * *

Алыс кет, бұлттардан өт, Айға да жет,
Басылмас жан құмары қанған әдет.
Баяғы татқан шырын тілге оралып,
Аңсатар таңсық астай тартқан тәбет.

Беріксің көрмей жүру азабына,
Жеріксің...
Оған жүрек жазалы ма.
Достарым кездестің бе? - деп сұрағыш,
Алады-ау, титық жеткен мазаны да.

Шындық сол:
Сағыныштың өлшемі жоқ,
Көріндің кең жалғанның көркемі боп.
Шетінде көк теңіздің бір аралдай,
Жүректің қалдың оқшау бөлшегі боп.

Таңғажайып келбетің,
Арай жүзің шамшырақ,
Аққудайсың көл бетін,
Түрлендірген жарқырап.

Көп ойыннан қалжырап,
Мауқын басқан балаша
Аппақ төсің албырап,
Отырғаның тамаша.

Орындалып ізгі үміт,
Бабын тапса бір міндет.
Кеттім қайта үздігіп,
Тағы да бір сүйгім кеп.

Экспромт

Сағынады... дегенге сенерім көп,
Селк етпеймін ешқандай елеңім жоқ.
Атар таңдай аңсаумен күте берем,
Көкірекке дерт шалған керегің боп.

2003 ж.

Мен сені сағындым дедім ғой

Мен сені тым қатты сағындым,
Назды өлең жүректе көктейді.
Сау жүріп есімнен жаңылдым,
Түн неге тезірек өтпейді.

Аңсадым жүзіңді көргім кеп,
Шақырған жетті ме дыбысым.
Көзімді ілдірмес белгің көп,
Оятып жіберді тынысың.

Келер деп таңертең ертемен,
Естітім амалым біткенде.

Махаббат отына өртенем,
Тез жетіп келмесең күткенде.

Өзгерді Алматы тағдыры,
Жер, көкке ақ көрпе жапқандай.
Қарлатты науырыз жаңбыры,
Терезе сен келіп қаққандай.

Ақындар шыдауды білмейді,
Кеудесі қаулаған сезім ғой.
Поезың неге тез жүрмейді,
Мен сені сағындым дедім ғой.

07.03.2002

Алматы

* * *

Сен едің қыз патшасы менің көрген,
Сый болмас бұдан артық өмір берген.
Жас жүрек алабұртыш
шыдатпайтын,
Сүйгім кеп нарттай қызыл еріндерден.

Табылып дертке дауа есім кеткен,
Жарқ етсең арылдым мың қасіреттен.
Жер шары
Көз алдымда мың айналды,
Сүйгенде елтіп, балқып екі беттен.

Киіктей тал түбінде белін керген,
Жан едің әр қимылың жеңіл келген.
Аңсарым
ақ тамаққа ауып кетіп,
Денемді қытықтайтын демің келген.

Түспейді ғашық деген тұзаққа кім,
Тұзаққа жараспайды ұзақ сарын.

Сан жылдар сағындырып
кездескенде,
Келіп тұр баяғыдай құшақтағым.

28.11.2000
Жезқазған

Қыз-қыран
(Фариза Оңғарсыноваға)

Фариза деген ат қандай,
Әні бар әрбір әріптің.
Көңілдің төрін ашқандай,
Дыбыстан тыныс алыпшын.

Фариза десек аңғардық,
Ақ құстың ақбоз қанатын.
Мінезге қайсар таң қалдық,
Заңғардан тағат табатын.

Жасымнан ұқтым алыстан,
Мұңы бар жырды заты асыл.
Ақын боп туған арыстан,
Әбділдә берді батасын.

«Каспиден шықты бір кеме,
Жарқылын есте сақтайтын.
Бұл қыздан шығар бірдеме», –
Деп Евней мақтайтын.

Айтқаны келді ағаның,
Толқыды еркін Жайық-жыр.
Үлкені сол ғой бағаның,
Есімін елге жайып жүр.

Фариза десек байтақ ел,
көз салар Мұқағалиға.
Арнады өлең ақтангер,
Әр сөзі ынтық қағида.

Ер жігітке пара, пар,
Фаризаш сенің атың қыз.
Өзімсіп жанар қадатар,
Тілсіз тіл тапқан жақынбыз.

Ағалық тілек үйіп те,
Жүректің төрін қыздырам.
Биіктерден биікке
Шарықтай бер қыз-қыран.

19.05.2000

Алматы

Сайрай бер, сайра сандуғаш

Кез болдым күміс көмей, бал таңдайға.
Есімнен бір кетпейді барсам қайда.
Жаудырап қос қарақат біткен екен
Жайнаған ақ күмістей ақ маңдайға.
Сайрай бер, сайра, сандуғаш,
Келіп тұр болғым мәңгі жас.

Байқадым бұраң белдің ырғалысын,
Домбыра жаттап қалдым бір қағысын.
Ақ түлкі қия белде сылаң қақса,
Шақырды шырғалаңға шын намысым.
Сайрай бер, сайра, көріктім,
Жанымды әнге көмілттің.

Ер болсам серттен таймас қажыр біткен,
Үміт көп сұлулардан әлі күткен.
Ей, қалқа! Ақ жүзіңді әнге орадым,
Өзіңді бір көруге зәруліктен.
Бір жылдай болды бұлбұлым,
Сенімен өткен бір күнім.

1997 ж.

* * *

Ақ сүт - адам жол басы,
Ақ сүт - адам жолдасы.
Өзіндей ақ сүт тазамын
Тәңірі алдында қорғашы.

Аққанда саумал сызыла,
Жасымда таттым қызыға.
Ақ сүттей аппақ қызықтым,
Қызылжардың қызына.

Өскен өмір гүлі боп,
Сүттей аппақ, міні жоқ.
Қасымда жүр ақ кербез,
Шаңырақтың пірі боп.

20.04.2002

* * *

Кәмпит жесек қақ бөліп,
Ол көрінер сұлулау.
Масайрасақ шат болып,
Мен әндетем қызулау.

Бөліп жеу де қайырым,
Тұтанбастай біздің дау.
Там, тұм тәтті татқызып,
Көкейімде бұзылмау.

Даналар сүйген есімдер

Орыста Татьянадан есім аспас,
Құдайдың сүйген құлы тегін баспас.
Құмартқан, ынтық, құштар жас жүректің
Өзге есім тап осындай емін таппас.

Мүлтіксіз таза сұлу Анна Керн,
Таңдантты-ау, данышпанды кербез керім.

Тамсанып бір көргенде ғашық етті,
Тең бөліп жас махаббат мұң мен шерін.

Қазақта есім аспас Әйгерімнен,
Мін тапсын кербез қыздың қай жерінен.
«Әй-керімң - деп қызықса Шүкімәнға,
Абайға елестепті Ай керілген.

Шайқалтсақ көкіректегі теңіз-сырды,
Әлемде кей есімдер негіз құрды.
Джультта екі көзге елестесе,
Есіңе бір аласың Шекспирді.

Байқатқан қиял-ғайып шың төбесін,
Ұрпаққа сабақ болар бұл кеңесім.
Сәлемге сәт тілесіп тұрады екен,
Әлемде данышпандар сүйген есім.

1998 ж.

Құстар өні

Аққулар айдын көлде саңқылдайды,
Сүйсініп орман, тоғай ән тыңдайды.
Сырнайға аңсап келіп қосылғандай,
Қоңыр қаз қобыз үнмен қаңқылдайды.

Көктемде аққу, қаздың әйбәт өні,
Бойында жігер, қайрат қайнатады.
Тырналар қырга шығып тырауласа,
Сандуғаш сайрап жатыр сайда тағы.

Жаз келсе өзгешелеу ән тамады,
Дірілдеп судың беті жанданады.
Балалар қорғап қалған қара құстан,
Ұшуға балапандар қамданады.

Күз келсе жылы жаққа құс көшіпті,
Қоштасар туған жермен күн кешіпті.

Нұргиса Тұманбаймен әнге қосып,
Құс әні, адам жаны бірлесіпті.

Осылай «Құстар әнің қалықтады,
Жаттауға сөз бен әуен анық бәрі.
Жеткендей құс жолына аспандағы,
Бүкіл ел құштар әуен шарықтады.

10.03.2003

Астана

Қырғыз қызы айтқан сөз

Баянды болса кең жалған,
Биікте күткен бар құсым.
Жаныма сөнбес шоқ салған,
Чоң аға, біздің армысың.

Көңілді билеп нұрлы аспан,
Кетеді бейнең жан баурап.
Лаулаттым үміт шырағын,
Самғаттым әсем ән арнап.

Жаныма сол ғой керегі,
Жабыққан сәтте жетерсің.
Бішкектің күміс терегі,
Секілді көзден өтерсің.

Саяңда шаттық бұйырып,
Сарқылмас құрмет етейін.
Қуаныш болып құйылып,
Жүрегіңе жетейін.

Бар - деген бақыт үзімін,
Бұйыртса тағдыр қазақтан
Маздатып ләззат қызығын,
Құтқаршы дертті азаптан.

18.12.1996

Р... ға

Ақсары кербез керілген,
Алатау қызы ардақты;
Қымызға жаның берілген,
Жан екенсің салмақты.

Қыздырып кетті қымызың,
Жұтымы зәмзәм тамаша.
Ішкенде шіркін күнұзын,
Құлшыныс бітер жаңаша.

Ақ жүзің мені арбаған,
Қымызға емес мастығым.
Ерекше жансың жалғаған,
Қазақтың ата дәстүрін.

Қымызға қанып қайтамын,
Сыр бермес тату сезіммен.
Тұманбайға алғыс айтамын,
Таныстырған өзіңмен.

Лаулатқан бойда жалыңды,
Сусынға дәру құнықтым.
Ақ жүзіңе сабырлы,
Қымыздан артық қызықтым.

14.08.2002

Жалғыз аққу

Жалғыз аққу сұңқылдайды, жылайды,
Өңі өзгерді жарқыраған шырайлы.
Сағыныштың ауыр дерті сол ма екен,
Жаратқаннан өзіне өлім сұрайды.

Өлме, дейді балапандар шырылдап,
Әкелерін әкетті екен кім ұрлап.
Ана-аққу бөбектерін құшақтап,
Тәубасына келер ме екен ырымдап.

Қалғып кетті бауры жылып езіле,
Беріктенді ашық айтқан сөзіне.
— Балаларға басшы бол — деп өтінген,
Сүйген жары түсіп кетті көзіне.

Жар күйігі көнбес өзге дәріге,
Аққу үшін кетті қызық әріге.
Толқын сипап, қамыс қорған болса да,
Серігіндей сергітпейді бәрі де.

05.03.2002

Алматы

Шын махаббат сөнбейді

Көргенде жанарыңды тостағандай,
Ұмытам келгенімді жасқа қандай.
Ұстамдық жасай алмай құлшынамын,
Құштарлық бір бүлікке бастағандай.

Тұрасың құлпырғандай кіл таза гүл,
Сол кезде ағындатам жыр ғажабын.
Сөзге орап, ажарыңды әнге бөлеп,
Басамын аңсау, сусау мың азабын.

Сүйсінем келбетіңе елжіреген,
Жалғаймын жан сауалын ем тілеген.
Көңілге көзден тайсаң елестейсің,
Желкендей көк теңізде желбіреген.

Жан тумас сағынышқа мендей бекем,
Ғадауат майданына көнбей өтем.
Дақ түспес пәк сезімге тіршілікте,
Ешқашан шын махаббат сөнбейді екен.

23.09.2002

Астана

Әгірге

Кез болдық бүгін екеуміз,
Астананың төрінде.
Достарға аңыз етерміз,
Белгідей қалған өмірге.

Сағыныш сырын сезбес кім,
Құмартқан қара көзіңнен.
Балдырған күнмен кездестім,
Қалдырған бірге өзіңмен.

Елеңдеп еппен өпсем де,
Алдым ғой ләззат құныкпай.
Көп жылдар көрмей кетсең де,
Жүріпсің көңіл суытпай.

Тамаша бір кеш қасымда,
Болғаның маған жұбаныш.
Ақылды сұлу жасымда,
Сүйгені қандай қуаныш.

Сырым жоқ елден жасырған,
Аңсатып қайта қылмақ зар.
Кетеді қазір асыл жан,
Тулап қал, жүрек, тулап қал.

2003 ж.

Астана

Ұлпан мен Шынар шомылды

Шомылды ғажап қос ару,
Ақкөлге орман ішінде.
Ол кезде жанға мың дәру,
Жалаңаш суға түсу де.

Ұлпан аппақ аққудай,
Денесі балғын сүйкімді.
Құлаштап кетті тартынбай,
Толқынға қосып бүлкүлді.

Қолаң шашын мың бүктеп,
Сәнді орамал байлаған.
Қос білегін тың сілтеп,
Ақ сазандай жайнаған.

Шырын да, шіркін, бал шырын,
Қыз қалпы десең сенесің.
Жасқантқандай таң нұрын,
Бұлқынған бұлғын денесі.

Қос ару ерке, балдырған,
Созылды суда керілді.
Әзілге құмар қандырған,
Риясыз тәтті берілді.

— Мүсіндей қолдан құйылған,
Ақ денең тапты-ау сыңарын. —
Деп қалды Шынар — "бұйырған,
Бураға қыршын құмарың".

Ұлпан да дереу тіл қатты,
Су ішінде дос өртеп:
«Есенеі елге қымбатты,
Бір өзі нағыз қос еркек».

Тапқандай Шырын ебін де,
Көп созбай сөзді тоқталды.
— Осал емес менің де
Мүсіребім деп қалды.

Судан да шықты біртіндеп,
Сылқ-сылқ күлкі көптеді.
Былқ-былқ дене бүлкілдеп,
Ауыл жаққа беттеді.

23.02.2002

Алматы

Адал жары жігіттің — сүйеу, пана,
Бар мақсаты ізгілік тілеу ғана.
Әйелдер көп махаббат бұйырмаған,
Әйелдер аз көргені біреу ғана.

Адал жары арудың — сүйеу, пана,
Шаңырақ құтын әрдайым тілейді Ана.
Еркектер көп махаббат жара салған,
Еркектер жоқ көргені біреу ғана.

2002 ж.

Шырқашы, қалқа, шырқашы

Шырқашы, қалқа, шырқашы,
Жөнделсін күйім самарқау.
Оянсын көңіл ынтасы,
Тұтансын сөнген жанартау.

Жүзіңе дәлдеп қарайын,
Жұлдыздай естен тандырған.
Шырқашы ләззат алайын,
Тілегім сол ғой тағдырдан.

Толқысын, келсін бабына,
Балқысын денем, нұр шарпып.
Дертімді батқан жаныма,
Әніңмен берші жұмсартып.

Шырқашы, өзек жаңдырып,
Бір күйіп, бірге жанайын.
Қалайын құмар қаңдырып,
Сүйсінтіп сұлу арайың.

Үніңнен сәуле жияр ем,
Сәскедей көріп іңірді.
Бір мезет үшін қияр ем,
Қызыққа тоймас ғұмырды.

2002 ж.

Бір сүю сені қуаныш,
Жұмақтың жұтым зәмзәмі.
Жақындап арман тым алыс,
Жанарың жанар жалғады.

Тіліңнің дәмі бір татым,
Бой балқытпай қоймайды.
Бойдағы өшіп сырқатым,
Теңбе-теңдік орнайды.

Қолдайды бізді құдірет,
У-ланып мейлі, күйейін.
Келші, тағы бір рет,
Асықпай ұзақ сүйейін.

25.01.2003

Жаңа романс

Жарқ етсе жүзің, селк еттім,
Басылды ескі қайғым да.
Көңілдің төрін көркейттің,
Ақ құсым қонып айдынға.

Сан жылдар өтті көрмедім,
Қосылмай жолдар жаңылды.
Жезкиік туды ермегім,
Жез қанат өлең ағылды.

Ол ма еді, әлде сен бе едің,
Есімнен кетпей аңсатқан.
Көзіме көрген сенбедім,
Сағыныш дерті шаршатқан.

Жарқырап кетті маңайым,
Жаңарды биік аспаным.
Жайнатты жүзің арайын,
Жасартып құшақ ашқаның.

Сыбырлап іште жан сырын,
Сәт туды шаттық жеңгендей.
Тегілді құштар ән жырым,
Жастық шақ қайтып келгендей.

Жүрекке нұрың гүл еккен,
Алдымда тұрсың ақ тамақ.
Оралды тағдыр тілеткен
Азабы бітпес махаббат.

27.01.2003

Алматы

Артықсың ба солардан

Махаббат бар - деп жалғанда,
Жолыма тағдыр гүл екті.
Келемін мәңгі арманға,
Үмітпен қосып тілекті.

Дамыда жүрек, қағынба,
Тоқтатшы бітпес күйікті.
Алданып бекер сағынба,
Сағымда қалған киікті.

Қолыңда кетсе бөтеннің,
Тұзақ тап қаққан тасадан,
Жер тоқтамас өтер күн,
Емес те бәрі қас адам.

Тоғжанды Абай аңсады,
Торықпас кім бар бұл елде,
Пушкинде қан қақсады,
Махаббат үшін дуэльде.

Қансырап жаны, тұншығып,
Даналар болса тозарман,
Өкіне берме күрсініп,
Артықсың ба солардан.

2002 ж.

Ұялшақ жас баладай бола қалып,
Сен тұрдың жүзің қызыл қолаланып.
Сағыныш, аңсау, сусау әрекетін,
Сүйсінгің сұлулыққа орап алып.

Шыдадың күйсе жаның сыр бермедің,
Жүрекің шетін ашып үлгермедің.
Қалғыған өкінішті селк еткізді,
Өзіңді топ ішінде бір көргенім.

Көңілде сезім селі түйдектелген,
Есімде ерке кезің жидек терген.
Қарасам енді алыстан балғын күнге,
Аумайды қыздар көлде үйректерден.

Қыз бала ерте піскіш затың анық,
Әкетгі-ау сені біреу атып алып.
Жолыңа қимай қарап елеңдеймін,
Тілімде татқан балдың таты қалып.

Бір кезде дидарыңды ту ұстадым,
Оралды сол керемет дұрыс шағым.
Жанарың пәк сезімге шомылдырып,
Қайтадан лебіңмен тыныстадым.

2002 ж.

Немерелер

Қанат жайса салтанатты сайраным,
Шырқап салар шарықтатып қайда әнім.
Немерелер құлыншақтай құлшынып,
Ортасында жайлау болып жайнадым.

Бірі уық, бірі маған кереге,
Бірі күмбез жетер биік өреге.
Өз баламнан неге ыстық көрінді?!
Немерелер... немерелер... немере.

Еркелетсең еркелетер бар еркең,
Ертең келін әкеледі сал еркең.
Қуаныштың құшағына бөленіп,
Шөбереге жететін бол жан еркем.

Күмбезіңе күлімдеген Күн бітсін,
Төріңде ойнап шөберелер күлдіртсін.
Біздің шаттық туған елдің шаттығы,
Жас ұрпақтың ақ жолына гүл бітсін.

02.05.2000

Жезқазған

Наз қоңыр

Қалқаның кербез еді сымбат, сәні,
Бір көру қол жеткізбей қымбаттады.
Көңілден кетседағы көзден кетпей,
Наз қоңыр ән толқыны сырғақтады.

Ақжарқын, еске түсіп кең жүрегі,
Сағыныш салған әуре жеңді мені.
Бал құндақ бала күнде салған әні,
Жан сая көкірек кернеп келді лебі.

Ажары атқан таңның алауындай,
Дауысы сандуғаштай қалар тынбай.
Тал бойы құба талдай елестейді,
Махаббат ел шетінде жалауындай.

Наз қоңыр жаңа туған әнім бе едің,
От па едің, лаулап тұрған жалын ба едің.
Ырғағын тоғыз толқын толғандырып,
Айтылмас бар сырымды мәлімдедің.

08.06.2000

Алматы

Қарақалпақ сазы

Не болмақ сенсіз менің күнім ертең,
Құштарлық саған деген туышты еркем.
Шырқашы, шырқай берші, балқып, толқып,
Әніңді дутарыммен қуып шертем.

Жүрекке саған ғашық гүл тағылды,
Үзімтал, үміттесер үн табылды.
Махаббат арыз, назын төгілдіртші,
Қосайын әуеніңе дутарымды.

Туғандай Арал толар күн тағы да,
Қалқатай, құлақ салшы мұң зарыма.
Лүпілі қос жүректің қосылып тұр,
Қарындас, құлақ салшы, дутарыма.

Сарыны жан баураған назы көркем,
Шырқашы, Қарақалпақ сазын еркем.
Әмудің толқынындай әуелетші,
Әніңді дутарыммен қуып, шертем.

1998 ж.

Нүкіс

Балдыздар

Балдыздар, балқыған алтындар,
Жездені жек көрмес салтың бар.
Жол-жора дайындай берейін,
Қашан той боларын айтындар.

Балдыздар, балдыздар, балдыздар,
Самал жел сипаған сал қыздар.
Жер, жаһан толықсып кетеді,
Жас отау құрғанда жалғыздар.

Балдыздар, қызықтан қалмаңдар,
Сендерсіз өтпесін сайрандар.
Жігіттің сұлтаны тамсансын,
Ән шырқап, би билеп, заулаңдар,

Жас отау сыйлағыш салтым бар,
Әулетке сән беріп шалқындар.
Мол дәулет, тілеймін зор бақыт,
Ақ жолға ақ тілек артындар.

2002 ж.

* * *

Көргенде жанарыңды тостағандай,
Ұмытам келгенімді жасқа қандай.
Есімнен танып қалам әу, дем сәтте,
Жүрегім бір бүлікке бастағандай.

Тұрасың мың құбылып нұрлы ажарың,
Сол кезде аңсап кетем жыр ғажабын.
Сөзге орап, әнге бөлеп қимылыңды,
Басамын сағыныштың мың азабын.

Барлаймын бар сырыңды елжіреген,
Жалғаймын жан сауалын ем тілеген.
Жүрегім сонда ғана жай табады,
Лүпілі тулай, тулай селдіреген.

Білмеген осындайға сенбейді екен,
Қайтейін сенімсізге көнбей өтем.
Ұққаным тіршіліктен осы ғана,
Махаббат бір тұтанса сөнбейді екен.

23.09.2002

Астана

Қансонардан қайтқанда

Келемін Қарагерге қамшы басып,
Желемін көк желкемді дырдай қасып.
Қияда қызыл түлкі алдырмады,
Бұйырар енді маған қандай нәсіп.

Тау тасқа шыдай алмай Қарагерім,
Япырмай, әлде неге қанар шерім.

Ей, қалқа! Көңілімді бір көтерші,
Қалмады сенен басқа барар жерім.

Күледі-ау, құрдастарым қайран қалып,
Сонар жоқ, жүрдім дейін сайран салып.
Қасыңнан күн батқанша кетпес едім,
Алдымнан шыға келші жайраң қағып.

Аңшылық бос әуресі ұмытылсын,
Махаббат ләззәт алар күні тусын.

Мойындау

Басталған ауылдағы әдеміден,
Сұлулық естен кетпес пәле білем.
Көремін махаббатты жаралғандай,
Жарқ еткен жанарыңның сәлемінен.

Жүректі тым ертерек уландырған,
Өшпестей бір шетінде із қалдырған.
Талай жыл ақ жүзіңді көрмесем де,
Есімнен кетпей қойдың қыз балдырған.

Сол күнде сүйкімді сөз үйдім кілең,
Тіл онда жүйрік еді бүгінгіден.
Жүзіңнен жылы шуақ төккенінде,
Бетіңнен мен де ақырын сүйдім білем.

Басталса бір ғаламат қас қағымда,
Тұрыппыз көп сағыныш бастауыңда.

12.10.1998

Ол өзіңнің бақытың

Асылын айтсам қолыңда жоқтың бәрі де,
Аспаңда жұлдыз емес пе?
Алдарқатып әкетер ойды әріге,
Жүгіне берме елеске.

Ертелі-кеш көксегенмен не пайда,
Лінбесті қармаққа.
Жүгірмек келгір, жүгінбеші жат ойға,
Қолыңда барды ардақта.

Төріңде құтты отыр ғой адал құсың боп,
Түсірмей ешбір сынаққа.
Бұл фаниде бірліктен асар күшің жоқ,
Жеткізер алыс мұратқа.

Жұқалайын шықса сөзім ашқылым,
Серігіңнің бақыты - ол өзіңнің бақытың.

Тебіреніс

Серттен тайса,
Үнсіз кеттім жалынбай,
Басқа сұлу сүйді мені жанындай.
Ащыны да, тұщыны да түсіндім,
Махаббаттың уы менен балындай.

Асау тағдыр
Аямастай сынадың,
Тұсау салдың, шідерледің, шыдадым.
Тамұғыңнан жас күнімде шошынсам,
Сәуле берді бүгін көрген жұмағым.

Тас түйіншек,
Батса-дағы бір нүкте,
Жалған сөйлер мінезім жоқ сыр бүкпе.
Сәтсіздіктен сәт әперген ақжолтай,
Ризамын осынау қызық тірлікке.

* * *

Сұлу көрсе
Ақын қалмас үндемей,
Шыдай алмас
бүлкілдеген бұл көмей.
Беттен сүйсем

Лақсылыққа жорыңдар.
Беу, арулар! Өзгелерің күндемей.

Бір ауыз сөз арнамасам сұлуға,
Жарамас ем
Сауық-сайран құруға.
Беу, Қаракөз! Жасқанбашы,
Жарқ етіп,
Бермен қарай нұр жүзіңді бұруға.

Тула жүрек,
Жас кезімдей тулағын,
Өтер-кетер дүние, дүрмек шулы ағын.
Қос ерінге
Қызыл тілмен жазайын,
Айтылмаған ғашық өлең шумағын.

2000 ж.

Жандырған құмар алғашқы

Ауылдың шетін аралап,
Көктемім, күзім жалғасты.
Жастық шақ берген аманат,
Қайдасың қайран алғашқы.

Қияға кетсек хабарсыз,
Ұяға ортақ қона алмай.
Сипаттап өлең амалсыз,
Келеді бейнең жоғалмай.

Бір күні есен көрем - деп,
Бастайды үміт тыйылмай.
Жүрсем де қанша елеңдеп,
Жүздесу кетті бұйырмай.

Шақырса арман тым алыс,
Өткізбес шексіз қорғаны;
Береді жанға жұбаныш,
Сағынтар адам болғаны.

Шығармай естен келемін,
Әуреге салып сау басты.
Балдырған күнде сен едің,
Жандырған құмар алғашқы.

2002 ж.

* * *

Мінезің ашық ғажайып,
Тағылар саған аз айып.
Алсыншы жаның тыныштық,
Қалсыншы дертің азайып.

Жүзіңнен сезіп жылуды,
Жөптедім ниет бұруды.
Қандай жан сүймес жалғанда,
Сыртынан ғашық сұлуды.

Ақталды асыл талабың,
Мөлт еткен көзбен қарадың.
Жазығым менің бар ма еді,
Өртеніп, лаулап барамын.

Жасырмай айтып себебін,
Ләззатқа шексіз бөледің.
Келбегің кербез тебірентті,
Не десең соған көнемін.

Жасасын асыл теңдестік,
Тумасын бойда сенбестік.
Көңілде жалғыз нүкте бар,
Шіркін-ай, кештеу кездестік.

25.05.2002

* * *

Біз кеше топ ішінде билеп едік,
Түс көрдім көз ілгенде үйге келіп:
Кер құлан кісінеді жолға қарап,
Кең сайда жатты садақ тиген елік.

Не дейін.
Жору білмей үндемеймін,
Ұялған маған қарап гүлге өгеймін.
Жүрейін көрген түсті ойлауменен,
Тағы да көп билейтін күнге дейін.

Әйелдердің мінезі

Еркек бар ма сұлуға жармаспаған,
Жармаспаған өмірге арна ашпаған.
Қосылғанша қыздардың бәрі жақсы,
Ал, содан соң...
Жігіт аз қарны ашпаған.

Кей құрбының мінезі кең сияқты,
Құтты қосақ екеуі тең сияқты.
Бірін-бірі тыңдағыш жұбайлар бар,
Мінез көрдім солардан ең зиятты.

Некен-саяқ кездесер нақас қатын,
Бір өзінен басқамен бақас қатын.
Оның байы тірі өлік,
Әрең жүр ғой,
Кәрі азбандай қақ жолдан адасатын.

Әйелдер бар бірде әрі, бірде сәрі,
Бірде удай, айтқаны бірде дәрі.
Аумалы да төкпелі заман кешіп,
Аман жүрер қасында сүйген жары.

Бастамайды ызыңдап, жел сияқты.
Тік кетеді көктемгі сең сияқты.
Арпаң-тарпаң мінезі ханымдар бар,
Алдай білмес, жеңеше, сен сияқты.

Жұбайының көтеріп құдіретін,
Сылап-сипар, өзі де күтінетін.
Бикештер бар сыпайы тіл табысып,
Бар жұмысын үндемей бітіретін.

Әрі серік, әрі жар, нағыз ана,
Келіншек бар тамаша пәруана.
Отағасы мақұл деп
Көңіл жықпай,
Көрінеді көзіңе күнде жаңа.

Аңғалдауы ағама жаққан шығар,
Айлакерін бір досым қаққан шығар.
Шүкіршілік етейін...
Ең ақылды,
Ең сұлуы мені іздеп тапқан шығар.

1996 ж.

Үйдегі бас дәрігер

Ғажапсың үйдегі Бас дәрігерім,
Шын бапкер әрі кербез, әрі керім.
Қатты айтып, тәтті айтып та бір сүйгенің,
Деп білем өзгелерден артық жерің.

Емдейсің Мәриям, аспен, дәрімен де,
Түспейсің қисыны жоқ әбігерге.
Ауылдан келгендей-ақ асып тұрды-ау,
Қымыз бен ыстық құймақ бәрінен де.

Тамаша не керекті сұратпасаң,
Әкелді әл азайса шуақ тасаң.
Шіркін-ай, еңбегіңді қайтарар ем,
Тым ерте сені артымда жылатпасам.

06.02.2002

Алматы-Емхана

Ұлытаудың гүлдері-ай

Ұлытаудың гүлдері-ай,
Көрсең жүрек тулаған.
Сайда сансыз нұрлы арай,
Басқа жерде тумаған.

Көңілімді бір жұбатты,
Көз көрмеген қызғалдақ.
Егіп қойған сияқты,
Төңіректе көп қызға арнап.

Қырмызысы нәп, нәзік,
Бар қасында барқыны.
Ақшағылдың жанға азық,
Гүл желбезек жарқылы.

Ақ мақтадай ағы бар,
Көкаршын көз танасы.
Көгілдірі тағы бар,
Құдды аққудың баласы.

Лағылын-ай, үлбірек,
Қимылға жоқ шамасы.
Күллі гүлден гүлдірек,
Күлгін шоққа қарашы.

Қап, қара гүл басқарақ,
Қоймас көзді сүйінтпей.
Мойнын бұрып жалт қарап,
Жаутаң қаққан киіктей.

Әне, ақшағыл тұр түлеп,
Көктеңбілді аласы.
Барша гүлден гүлдірек,
Қаршагүлге қарашы.

Сарғылт гүл де желбіреп,
Бар шыдамды кетірді.
Елеңдейді елжіреп,
Сағынған сен секілді.

16-01-2003

Алматы

Үміт

Беу, жігітім, жігітім,
Қанатты болса арманың;
Бастасын алға үмітің,
Алысқа түссін қармағың.

Сүттен де таза қашан да,
Сезімтал жанның жүрегі.
Намыспен дәйім бас алға,
Қасыңда үміт жүреді.

Орайлы болып ойдағың,
Оңтайлы сәттің тапқаны;
Осы деп достым, ойлағын,
Үміттің шырақ жаққаны.

Әнеки, күліп күн шықты,
Толықсып Ай да тамсанар.
Үмітке сенген шын мықты,
Тағдырды үнсіз қарсы алар.

15.09.2002

Алматы

Жігіт сөзі

Не деген сұлу ақ жүзің,
Кетпестей көзге ілінбей.
Таң ата ашқан қауызын,
Алатау өрік гүліндей.

Ақ тоты көрдім ақ қанат,
Әкелген шаттық жанары.
Балдырған сәби махаббат,
Жанымды өртеп барады.

Аңсатқан асыл құмарым,
Алдыма келіп қалды ма?
Тапқандай аққу сыңарын,
Жұлдызым менің жанды ма?

Ұмтылсам ғажап жеміске,
Өзгеден өзге көріндің.
Сен бе едің күткен періште,
Шаттығын ашқан өмірдің.

Япырмай енді не дейін,
Орнаса бақыт бір күнде;
Жанымның өскен мерейін,
Білдің бе, сәулем білдің бе.

2003 ж.

Ғашық ән

Ғашық ән жан баураса қуанамын,
Теремін үннің үзім ұнағанын.
Қарлығаш қанатындай,
Талмаурап талатындай,
Бал ләззат алатындай — ол сенің құмар әнің.

Әсем ән еркеленіп үйлескені,
Көңілдің рахат, зәузат күй кешкені.
Айтпауға шыдам жетпей,
Қоймаса құштар етпей,
Қинаса естен кетпей — ол тілек бірлескені.

Сұлу саз - құшағыңа үйген гүлім,
Келеді әр күніңді түрлендіргім.
Сырласса шыр айналып,
Тебірентсе ұнай қалып,
Толқытса тіл байланып — ол мені сүйгендігің.

Естірсің аңсап күткен құстар үнін,
Туады ынтық сезім құшқан күнің.
Тәтті ұйқың селдіресе,
Жанарың мөлдіресе,
Жан, тәнің елжіресе — ол маған құштарлығың.

Асыл ән төгіп өтсе ашық сырын,
Жайнаса атқан таңдай тасып нұрың.

Жат мінез білінбесе,
Ақ жүзің күлімдесе,
Тол бойың дірілдесе - ол мәңгі ғашықтығың.

13.02.2003

Астана

Есіме салшы

Қайтадан жаным жылыңды,
Селк етті сезім бұрынғы.
Есіме салшы... мен құштар,
Толқыған егіз бұрымды.

Арада хабар үзілді,
Көп жылдар көші тізілді.
Есіме салшы... талмаурап,
Құмартқан балғын жүзіңді.

Басардай көңіл салқынын,
Өзің де бірге ал тыным.
Есіме салшы... бота көз,
Жұлдыздай тұңғыш жарқылын.

Алыстан аңсап жыр ектім,
Сағыныш сазын үдеттім.
Есіме салшы... Айлы түн,
Лүпілін ғашық жүректің.

Кездесу туса кезекті,
Үзді ғой ләззат өзекті.
Есіме салшы... алғашқы,
Бетіңнен сүйген мезетті.

08.02.2001

Алматы

Тыныш қана

Қажет емес
Саған у-шу топыр көп,

Тыныш қана өлең жазып отыр — деп,
үгіттейсің
Жаның ашып бәйбіше-ау,
Өлең қозғар жүрегімнің отын көп.

Сәтті жырдың шапағаты қорғайды,
Сырқат жүрек дәру етер сондайды.
Тілсіз тілмен
Үнсіз лаулап отырам,
Шындық осы — еш тыныштық болмайды.

Сенің маған
тілегі мол жаның сеп,
Ақын үшін жұмағыңнан тамұқ көп.
— Тыныш қана өлең жаз, — деп айтқанша,
Тыныш қана оңашаға алып кет.

* * *

Мен Мәскеудің түбінде сен Мәскеуде,
Жүргендеймін
аз күнге мен де әскерде.
Әдей іздеп келгенің жақсы болды,
Шыдай алмас көрмеуге қимас пенде.

30.04.2002

Дертті жүрек дәру тапсын шаршаған

*«Абай атамыз Татьянаны Тәтіш - дейді»
Естай Нартайұлы*

Махаббаттан сауықпадым әлі де,
Бәрі солай, бәрі, жұрттың бәрі де.
Толастасын, сағынышым азайсын,
Салшы, қалқам, «Татьянаның әніне»

Қайталашы Абай-Ата ырғағын,
Бір шайқалсын тұнып жатқан сыр қалың.

Тәтіш қыздың әніне сал, тезірек,
Келіп отыр қайта, қайта тыңдағым.

Айтылмаған арыз, назым бар саған,
Туды мезет балғын күнді аңсаған.
Өртті сөндірі жалындаған кеудемде,
Дертті жүрек дәру тапсын шаршаған.

Ақиқатты айтар ақын мұң артқан,
Қайта оралмас өтіп кеткен күн артқан.
Анам мені жаратыпты елгезек,
Жер бетінде сұлулыққа құмартқан.

Еске алайын тату күнді балбырап,
Мұнартайын таудай кешкі маужырап.
Салшы, қалқам, Тәтіш қыздың әніне,
Мауқын бассын қалған жаным қалжырап.

Оған жетпес жер бетінің бар әні.
Әсем саздан бойға қуат тарады.
Салшы, қалқам, Татьянаның әніне,
Ғашығыма жүзің ұқсап барады.

Қос арба

Бір көпірден өткен екен қос арба,
Қос фэтон қарама-қарсы қатарда.
Наталья Николаевна бірінде,
Біреуінде Пушкин кетті
Оқтасатын сапарға.

Дуэль бітті.
Пушкин өтті өмірден,
Данышпан сол. Оқтан ғана жеңілген.
— Ешбір күнәм жоқ еді ғой —
Деп жары,
Жылап, сықтап егілген.

— Азабын-ай,
Қаза құшқан нәсіптің,

Одан артық болар маған ғашық кім? —
— Дeyдi өксiп, — тағдыр жолы осындай,
Ол дуэльге
Мен үйiме асықтым.

Ақын асыл патшадан да тақтағы,
Әлем бiлдi ол дуэльден қайтпады.
Бiрақ әлi ғалымдарға беймәлiм,
Екiншi арба
Қайдан келе жатқаны...

Бiр көпiрден өткен екен қос арба,
Қос фазтон
Қарама-қарсы қатарда.
Осы сурет елестейдi көзiме,
Қай көпiрден көрсемдағы ат арба.

Наталья Николаевнаның айтқаны:

— Махаббат деген зар уға,
Тым ерте Пушкин жолықты.
Жүз он екi аруға
Тұғалы ғашық болыпты...
Жасады-ау талай жорықты.

Шек қоймаспыз талантқа,
Жүз он үш деген санаққа.
Ақыры мен де iлiндiм,
Қызықты талай ғажапқа,
Демедiм неге бүлiндiң?

Сұлулық — ақын иманы,
Сұлулық — ақын жинағы.
Болған соң тағдыр сыйлады.
Сайрандап өттi мұңсыз жан,
Бәрi жөн. Менi қинады,
Жүз он үш деген құтсыз сан.

Беу, жігіттер, құлақ сал

*«Әйелді қанша аз сүйсең,
Соншама жеңіл ұнайсың»
А.С.Пушкин.*

Дананың сөзін ұғайық,
Беу, жігіттер, құлақ сал!
Жерінен айтқан шығайық,
Махаббат сонда тұрақтар.

Сүйгіштей берме күн, түні,
Жетпей ме кеш те табынар.
Жүрегінің дүрсілі,
Жиілеп кетсе сағынар.

Жалына көрме орасан,
Пұл тосқан
құлдай жүдә мас.
Бір сүйіп қана қоя сал,
Өзі де сонда шыдамас.

Марапаттасаң ардақтап,
Төгілтіп сөздің сарасын,
Сабырлы сөйле салмақтап,
Сонымен құрмет табасың.

Сыйластық туын құлатпа.
Етпей-ақ босқа жалыныш,
Аң аулап келші бір апта,
Қаулайды сонда сағыныш.

Қара арғымақ құрыққа,
Түссе затын білгізер.
Сұлудың сырын ұмытпа,
Бір сүйсе, қайта сүйгізер.

*09.08.2000
Бурабай*

Сирек туған құбылыс

(Күлзия Шарман келініне)

Нұр жүзінен пәк жүрегі көрінген,
Ғажайып жан өтті бүгін өмірден.
Төрегелді сыңарынан айрылып,
Туды ауыр күн қабырғасы сөгілген.

Әйбат еді-ау, жылы қарап күлгені,
Тірі жанға қабақ шыта білмеді.
Шармановтың шаңырағы шарықтап,
Өулет құрды дәулеті де іргелі.

Төрегелді көргендей қыз-құдірет,
Ғашық болды көз шалғанда бір рет.
Жердің шарын жеті айналсаң таппассың,
Күлзияның дидарындай сурет.

Қарт анамен құрбысындай сырласқан,
Қызықты айту еренғайып бір дастан.
Келінін де өз қызындай сүйді ана,
Жалғыз ұлға бүйрегін көп бұрмастан.

Қариядан жасамай еш бұрылыс,
Күлзия да орнатты үйде жылы күз.
Екеуіне біткен шуақ силастық,
Бұл жалғанда сирек туған құбылыс.

Жақсы анаға жайлы ғұмыр шеккізген,
Салты қандай жан мерейін төккізген.
Қарияны көл қорыған қызғыштай,
Күлзия ғой 95-ке жеткізген.

Төрегелді, мен не дейін бауырым,
Жұмақ кешкен өтті ғажап дәуірің.
Адам түгіл Алатау да селдетті,
Бізбен бірге көз жасындай жауынын.

Сұм ажалдың қара жерге қиғаны,
Дос, жаранды дәл өзіңдей қинады.
Тағдыр солай, енді Төке, берік бол,
Күлзияның серік болсын Иманы.

10.05.2003

Алматы

Жылқының дүбірі

Сақшыдай бұлақтың басында;
Бір бейіт тұр мүлгіп.
Көнерген қу жалғыз тасына
Қонады түн жым-жырт.

Жан емес ол қазақ атақты,
Паш етер қылығын.
Тек қана өлерде атапты
Ақырғы тұғырын:

«Салмаңдар тас мазар аулаққа
Артық жер атайын.
- Депті ол - жылқы үйір бұлаққа
Басында жатайын.

Бір рет далама қарайын,
Тастауға қимастай.
Бір жұтым қымызға қанайын,
Қайталап құймастай.

Бір рет тұлпарға мінейін,
Ерттеулі қалсын деп.
Бір рет аруды сүйейін,
Шәрбатім қансын деп.

Бір атым насыбай атайын,
Бітерде ғұмырым.
Сонан соң мәңгі естіп жатайын,
Жылқыныңдүбірін».

Қос өрімдер

Атам менің талай жыл аман жүріп,
Зор күрсінді кетердей заман құрып.
Түстен кейін шақырған ақ тауыққа,
Басын шайқап деді: «бұл жаман қылық».

Түңілгендей өмірден батыл жаны,
Тәйт! — деп шықты ызалы ақырғаны.
Кей әкімді көргенде еске түсер,
Ақ тауықтың мезгілсіз «шақырғаны».

* * *

Балалардың балалығы жоғалды,
Қозы, құлын басты жасыл көгалды.
Ата, ана боп, шаңырақ құрып олар да,
Ес кірген соң еркелігін доғарды.

Десеңіздер сонда маған не қалды,
Көңіл күйі тым өзгеше оңалды.
Өз балаңнан ыстық екен немерең,
Қайда жүрсем іздей берем соларды.

* * *

Көре тұра келе жатқан сұмдықты,
Шындық деме бұра тартқан қулықты.
Есі кіріп ертең бөрі түсінер,
Жақтаушылар жылпостық пен құлдықты.

Жадым да ғой кімді ұқпадым кімді ұқтым,
Қолымызда бар тетігі тірліктің.
Арал, Каспий айқасында келемін,
Атой салып зардабына құрлықтың.

* * *

Франция сарайының қызығы,
Келе жатыр құпия сыр үзігі.
Әйелдердің көбейіпті бұл күнде,
Ғашығына шабыт берер жүзігі.

Сақинасы жігіттердің саусақта,
Жарқырайды қай түкпірге барсақ та.
Күле қарап қызығады аш бөрі,
Түлкі өмірін қайталаған қарсаққа.

* * *

Тез жасалған қаталық тез кетпейді,
Тез кетпейді арқаңнан тер кеппейді.
Ақылды ұлттың бәрі бірдей еңбекқор,
Онсыз шымқай кредиттер жетпейді.

Тартып алар заман өткен берместі,
Уайымдай қалды бүгін келместі.
Жапондарға, немістерге қарашы,
Бар тағдырын шымқай қара тер шешті.

* * *

Сұлулықты мақтан етем күш барда,
Қорған болам көлге қонған құстарға.
Хас батырдың шын мәрттігін паш етем,
Сертім осы қолға қалам ұстарда.

Ашық сырым, емес дәріс-өсиет,
Мен де жүрмін жалын бойлап, кешіп өрт.
Қайда барсам құтты жолға бастайды,
Әділетті сыйлау - деген қасиет.

* * *

Көңілім қалды ақтан да, қызылдан да,
Ермеуші едім бой сақтап сызылғанға.
Енді бүгін бармаймын қызбалыққа,
Онсыздағы жетерлік қызу қанда.

Көңдігіппін қыз-шабыт ыңғайына,
Қайран қалма беу, достым, бұл жайыма.
Сандалмада сан жылдар ізсіз кеткен,
Қазыр қатты батып жүр шымбайыма.

* * *

Таңғы өлеңім ұқсамас түскі өлеңге,
Ерте тұрам ой салғыш түс көрем де.
Жас күнімде қыран боп ұшушы едім,
Тақап қалдым сол қиял - құз, белеңге.

Басқа қиял бүгінгі түсті өлеңге,
Шақырады тым қауырт іс төменге.
Сайда ойнаған көрсетіп Жезкиікті,
Қайта айналып жүреді құс төбемде.

* * *

Тәрде жүріп жараспас үнсіз болу,
Түнде ойланып, жасайсың күндіз шолу.
Күнде айқастың ішінде жүргеннен соң,
Мүмкін емес еш қандай мінсіз болу.

Тірлік өзге төменде жасағанда,
Тас атпайды өрден де, тасадан да.
Жүз мініңді бір пенде елемейді,
Қас адам да, ұқсайды мас адамға.

* * *

Жабық есік ашылар кілтін тапсаң,
Ақын деме бар сырды іркіп жатсам.
Беу, сұм тағдыр! Сен мені түсінерсің,
Бір күн сүйіп маңдайдан бір күн қақсаң.

Қалам, досым! жүрісті баяулатпа,
Бәрі мұңлы көз салсақ қай аймаққа.
Күркіреген өзенде күрсініс бар,
Кісінейді, ит ұлып, тай аулақта.

* * *

Қай жілікті шалдар кімге берер, — деп,
Еден жақта тұрушы едік елеңдеп.
Қолға суды көп құйып ем, содан ба,
Жілік алған бала жоқ қой менен көп.

Жастық шақта серне жасап тоқтыдан,
Сырдың суы келіп жүрді топшыдан.
Есейгенде қолда барды асатып,
Ішіп, жеуден есен қалсам, — деп тұрам.

* * *

Баптасаң да дүлдул шықпас шабаннан,
бекер үміт сақтайсың.
Мақтасаң да ұсақ-түйекшіл адамнан,
Дана қылық таппайсың.

Құдай берген таңдайыңда татымның,
Бар болса да тұрағы,
Көндігуге айтқанына ақылдың,
Мінезі жетпей тұрады.

* * *

Ақ көңілдің сәт күткені жөн сілтеп,
Ақылға тез ұнады.
Сонда, шіркін, басқа жаққа кеттік - деп,
Жүрек шымшып тұрады.

Сөз төркінін ұзамассың бірде ұғып,
Бірде бітеу жаттасаң.
Дым бітпейді ақыл, сезім бірігіп,
Барар жерін таппасаң.

* * *

Асыл арман меже қайда көздеген,
Не болады ұмытқан.
Тіршілікте озу, озбау өзгеден,
Бәрі мінез, қылықтан.

Алла берген сыйламасаң таң нұрын,
Күнің ерте батады.
Кім болсаң да тағдырыңа мінезің,
Жауап беріп жатады.

* * *

Олжа қайда жолдағы аңды қарағым,
Тіке көздеп атпасаң.
Не бітеді қолдағы істің аяғын,
Қияметке сақтасаң.

Оқасы жоқ теңіз кешіп өтпесең,
Балығы бар көлдің де.
Өз бетіңмен дым қаракет етпесең,
Нарық жұтып өлдім де.

* * *

Беу, Нариман, досың озса тамсанба,
Озар еді әлде кім.
Бұл да менің бақытым — деп қарсы ал да,
Тисін тойда жәрдемің.

Ол ежелден қамқоршысы қосыңның,
Бір жеңісін көп деме.
Шаттығы көп жүрегі адал досыңның,
Өкпесі де жоқ деме.

* * *

— Мысықтың түнде жүрген бәрі қара, —
Дей көрме, ұнатпасаң әрі қара.
Көшеде қайыршыға жәрдем етші,
Үміт жоқ, жүрегiнің бәрі жара.

Байқашы, мүмкін саған жақын шығар,
Қалайша бұрылмауға дәтің шығар.
Бір інім айтып еді танымын, — деп,
Дәл осы, дәуде болса, ақын шығар.

* * *

Әке өлімін ес білмей қабылдадым,
Анам өтті. Аңсатқан табылды әнім.
Көрші қызы көрінбей сен де кеттің,
Ақын етті бәріңді сағынғаным.

Асыл інген жоғалтса ақ ботасын,
Кетеді екен аралап тау жотасын.
Нар болсам да айтайын бар сырымды,
Алма беттің көксеймін ақ тоқашын.

* * *

Көктем шіркін, егіспен қысқа келер,
Күзгі ораққа жазғы ісің нұсқа берер.
Өсек-аяң, артық сөз әр кім жайлы,
Адамдардың қолы бос қыста желер.

О, қалқатай! Ризамын тіреу берген,
Сыбыр теріп кезім жоқ біреуге ерген.
Қысы, жазы қыз қалпың қызықтырды,
Қол босамас бір сені сүйем-деуден.

* * *

Шөл далада кім жаңбыр сағынбаған,
Керегінде жауар, — деп дамыл табам.
Ыстық, суық әлемнің арпалысы,
Бара жатыр дариядай ағындаған.

Бұлт қалмады біздің ел жамылмаған,
Шыдайды да сынайды бағын далам.
Өкпелетіп аптапқа қақтаттың ғой,
Төкпелетіп бер тағдыр барын маған.

* * *

Кейде жарқын өмірге,
Аз айтамыз мархабат пен алғысты.
Бүгінгі күн құрсауы ұқсап темірге,
Өткенді еске алғызды.

Шыдай берем ел тілегін білгесін,
Ащы дәмді татынар.
Тек қазақтың түбі жұқа сілесін,
Болмасын көп қатырар.

* * *

Сезім керек, сезім қозғар сөз керек,
Сонда болар көркем сурет өзгерек.
Ажары емес назарына ораған,
Сұлулықты көре білер көз керек.

Ұшқыр әуен, айқын бояу, терең ой,
Бәрін қосып сергек сезім келе ғой.
О, тәңірім! Мені десең бәрін де,
Жиып-теріп бір өлеңге бере ғой.

* * *

Бір кемшілік бұл фәниде кімде жоқ,
Айдар тағу далбаса.
Тұтанар ма ауыздағы тілден от,
Шоқ салғышы болмаса.

Досты қалай ерсіл-қарсыл сынар ек,
Көтермесе кеңдігі.
Бастыққа да ұзақ жылдар шыдар ек,
Көбеймесе кемдігі.

* * *

Шенқұмар дос мақтанудан не таппақ?!
Оқығандай оқулық.
Қос жанарын май балқытып, шел қаптап,
Басты неге соқырлық.

Тер кеппейді кей жүріскер тентектен,
Бірақ, барын шашады.
Кей пақырдың портфельменен шен-шекпен,
Соқыр көзін ашады.

* * *

Бір әкімге назарым түскен еді,
Өжет екен, қолынан іс келеді.
Төрден сырып тастапты тез сырғытып,
О, ғаламат! Ол кімді тістеп еді.

Алғыр екен ақылға тіпті зерек,
Өмір сырын ол дәлдеп ұқты дер ек.
Беу, ағайын! Осалдар оңдырмайды,
Үлкен іске осындай мықты керек.

* * *

Бас орнында қалқайса күрке шатыр,
Қайдан бітсін наданға үлкен ақыл.
Төмпештеуге көнгішті төрлетеді,
Іске берік жақсыдан үркеді ақыр.

Түк шықпайды нашарды қинағаннан,
Опық жейді сондайды жинаған жан.
Түбі момын қазағым шыдай берер,
Лауазымын ұлықтың силағаннан.

* * *

Көріп келем есімнен тандырғанды,
Шошып кетем шалғандай бар құрбанды.
Жаныашырын ұмытқан жылпостар бар,
Қорқа силап бүгін ат шалдырғанды.

Қайран қалсам тірліктен сұмдық көріп,
Күрсінемін еріксіз жыр ғып теріп.
«Асыранды зиялың жағымпаздың,
Құны кетті күні үшін мың бүктеліп.

* * *

Жалт береді дүние жалған әу-демде,
Жұт әкелер жауға сенген әурең де.
Дұшпаныңнан биігірек тұрарсың,
Шын досыңды шақыра білсең жәрдемге.

Бақ қонды, — деп баса көрме алшаңға,
Жақсылықтан жаңылтпайтын жол таңда.
«Мың тасқанға, бір тосқан бар» — дейді ғой,
Шындық жеңер қанша мықты болсаң да.

* * *

Сыпайыға сұмданып пәле жаппа,
Ол да жетік сен білген саясатқа.
Атақ қуып жүрген жоқ. Елді ойлайды,
Ұрынбасын — дегендей бір шатаққа.

Не жатпайды ойлы ақыл елегінде,
Қысылғанда табылар керегің де.
Кемеңгердің сары алтын сыры қымбат,
Ол жатыр ғой кең жүрек тереңінде.

* * *

Күннің көзі шыдатпас көп қарасаң,
Саған деген сәулесін төкті орасан.
Жалтақтамай самарқау алыс тұршы,
Көп үңілме бетіме дос санасаң.

Біреулер жүр маңайын шуылдатып,
Өтем дейді-ау өмірді дуылдатып.
Сөйтіп қана бишара түсінбейді,
Келешегін алғанын қиындатып.

* * *

Нарыққа бара жатқан жалаңаяқ,
Кетеді кей фақырды адам аяп.
Жете алсақ жақсы күнге жарар еді-ау,
Біріміз бірімізді таламай-ақ.

Сатарға ойлап жатыр қоныс қамын,
Көз көрді сан айқастың тоғысқанын.
Келмеске кешегіні жіберсек те,
Көрмейік елмен елдің соғысқанын.

* * *

Осы екен ғой көп аңсатып туған күн,
Құты қашты өңі тозған тулардың.
Қазақстан жеке, дербес ел болса,
Қызығы мол бүгінгі той, думанның.

Бейбіт төрге бірлік тілер пендемін,
Ел ынтасы,
Жер байлығы сенгенім.
Көкейкесті естен кетпес тілек сол:
Тез алса екен жүдеп қалған ел демін.

* * *

Ойнасам да
Шындықты айтам досыма,
Шенемеймін шенді «дөйге» қосыла.
Тіршіліктің бір қызығы өшпей ме,
Жақсы досың соқпай өтсе қосыңа.

Қызыққанға емеспін бос үйіршек,
Мәнісі көп біз доспыз деп сүйінсек.
Қимас көңіл жіңішке жіп сияқты,
Бір үзілсе қалады екен түйіншек.

* * *

— Не берем? — деуші едім — не көрем?
Шыдашы. Мендағы шыдармын.
Бір өлең жазыпты немерем,
Бақытты болатын шығармын.

Татитын өзгенің мыңына,
Өзі де толқып тұр сырыма.
Бір Алла қолдаса шығады,
Бақыттың ол да өр шыңына.

*2001 ж.
Алматы.*

IV бөлім

ПОЭМАЛАР



Қарақалпақ

Таныстыру

Қайран Арал,
Қасіретін байқадым.
Қазіргі күн. Тарих емес айтарым.
Қарақалпақ - деген елді мен көрдім,
Қара терге малшындырған әр таңын.

Қарақалпақ - «Қырық қыздың» ауылы,
Қоблан тұлға жігіттің көп тәуірі.
Қырғын биші
Қыз, бозбала осында,
Қызығардай Кавказдағы тау ұлы.

Қажырлы ел сөзге бекем серттескен,
Қанағатшыл, барға разы, жоқта өскен.
Қарапайым,
Қазағымдай момын ел,
Қолы мырза бір-біріне көптескен.

Қырда мақта ақ алтынды алқа бел,
Қырық жеміс бақша, баулы дарқан ел.
Қыстап өтер қайтқан киік Арқадан,
Қарсы алады жылы түбек, қалқан жер.

Қарақалпақ - ақ күріштің ауылы,
Қойлы алқап. Тауығы да дәу ірі.
Қатарласқан әлмисақтан қорегі:
Қабағы мен шабағы,
Қауыны мен сауыны.

Қазақ, өзбек, қарақалпақ бауырмал,
Қатар өсті махалла мен ауылдар.
Құдандалы ілік-шатыс тілі бар,
Қаны да бір, діні де ортақ
Қауым бар.

Қалжырамас тағдыр берген тосынға,
Қабырғалас

Қатар сыйлар қосын да.
Қажырлысы түркі тектес ұлттардың,
Қара қалпақ кигендері осында.

Қазақ, өзбек, қарақалпақ үшеуі,
Қатар өсті жұп жазбастан үш елі.
Қара қылды қақ жарғандай әділ ел,
Қан майданда ортақ бірге түседі.
Қырық пышақ таққа талас жойылды,
Қаққа бөліп Әму суын ішеді.

Қаратерең,
Қара-өзек,
Қара тау,
Қара үй болың аталады ақ отау.
Қара құйрық от жанары ...
Қап-қара,
Қара жүзім
Қарашығы
қара бау.

Қара жорға
Қара жонда барады-ау,
Қара, достым!
Қою будақ тарады-ау.
Қайқаң етіп
Қалың жүйрік ішінде,
Қарабайыр
Құйғытқаны даралау.

Қарайлаймын,
Қара жарға барам-ау,
Құмар, ынтық жүрегімде бар алау.
Қара мойыл күн сүйгенде жарқ етсе,
Қара көзді мен де есіме алам-ау.
Қара нүкте
Қыран көкте заулады.
Қанаттасты жер мен теңіз аумағы.
— Қарақалпақ кім? — десендер,
Қазағым,
Дәл өзіңнен аумады.

Қас, қабақтан айтарыңды тез ілген,
Қайғысы ортақ өмір нарқын сезінген.
Қиын емес «ауасы» мен «жүдәсі»,
Қабысып тұр сөзі де өз сөзіңмен.

Қанатты ел нар толқыннан нәр алған,
Арал үшін дерт пен серті сан алуан.
Қарақалпақ - қәм бейнетқор, сыпайы,
Сұлу халық,
Жаны аппақ жаралған.

Апатстан – Құмстан

Қандай ғажап бәрі түгел болғанда,
Қатер төнді-ау тіршілікке ол маңда.
Құлап түсті сусын таппай құралай,
Құстай ұшып өтіп жүрген ордан да.

Құм көшеді,
Тұз толқындас,
Шудалас,
Қара жерді У-кернеді,
Су да лас.
Қаны қызып,
атой салмас қай ақын,
Қалай ғана ет, жүрегің сыздамас.

Қызыл желдің
Құм сыңғыры жалынды,
Құйылтады «жезкиіктей» сарынды.
Қайран дала ...
Қайғы жыққан адамдай,
Қорқыт-ата,
Қайталап тұр зарынды.

Құм сөйлейді
кешіп аптап зауалын,
Құмда қалған кеме айтпақшы сауалын.
Құлақ байлап ащы шындық
Қинайды,
Қышқылын-ай тұз сүрлеген ауаның.

Қарақалпақ! Саған бақыт орнасын,
Құт әкелсін бере білген шер ғасыр.
Қасіретіңді демде ұғындым - деп білем,
Қайран, Арал, дерті бірге болғасын.
Қос арнасы Әму мен Сыр Аралдың,
Қазағыммен сен де арналас жаралдың.
«Қыз мінезді»,
«Қой аузынан шөп алмас»,
Қаза берсем көп ұқсастық табармын.

Қос жанары Арал, Балқаш өлкемнің,
Құнар тамыр сырын меңдей шертер кім.
Құрғап кетсе ортақ теңіз Аралым,
Қалың елге жұт әкелер ертең күн.

Құрыса Арал ол — алапат жаңасы,
Қайтпас қайғы, ол - Жер Ана жарасы.
Құм шөлейтке айналады бар аймақ,
Қарт Алатау, сұлу Көкше арасы.
Шаңытқан сортаң таз болып,
Құм ойрандар мәз болып.
Қамалармыз тұзды желге азынаған,
Құмды дауыл жылжытпас та қаз қадам.
Қай заманда су мен жерді қорлаушы,
Құдай ұрып азбаған?
Соны білмес аз ба адам.

Құрыса Арал ел ұшырар күйікке,
Қамаулатар опат селін үйіп те.
Қаңсып қалған шөлге айналар ен дала,
Қар да азаяр, мұз байланбас биікте.
Бұзау түскен қиынға,
Түсер ертең сиыр да.

Қарақалпақ! Сенің аз ба төзгенің,
Қалың сорды шегер қазақ, өзбегім.
Қырғыз, Тәжік, Түркімен де
Құр қалмас,
Қарсыз таулар жатар жұтап көз көрім.
Қырсық адам өзі қазар өз көрін,
Өзі былғар өз төрін.

Құрғап қалса теңіз тұяқ қашайды,
Қақарлы «ақ құм»
Қысымшылық жасайды.
Қақ төбеде жетіп оттай қызуы,
Қансыратар ащы пәле бәшәйді.
Ата мекен жұмағың,
Бола алмас бір күн тұрағың.

Қолға түспей түлкі құйрық амалы,
Құрып кетер Сарыарқаның самалы.
Қор болады Нарын, Жизақ табаны.
Қайыстырып қайрат, жігер қоспасақ,
Қабаттайды жұт пен жоқтық заманы.
Қараша келер ертерек,
Қар көп жатар еркелеп.

«Қара құйын» жел азынар шалгайдан,
«Қауыс» заулап қарсы соғар маңдайдан.
Қырсықтанар қырғыз жақтан «Желарғы»,
Қаптар зұлмат ең бергі мен ең арғы.
«Қоңырат желі» құм өкелер арбайған,
«Қастек» жетер зәр шашқандай Қордайдан.

Қабаттасып Қаратау жақ әр сайдан,
«Қара» қора салар зұлым зор майдан.
«Қуара жел» қуалай соғар бүйірден,
«Қара қотан» ысқырар құм иірген.
«Қарасақал» аш қасқырдай арсылдар,
«Қау» желі де аш қабандай қорсылдар.
«Қималаш» та қиқу салар батыстан,
«Қызыл боран» ұшар оқтай атысқан.
«Қырып жық» та тірлікті алар тыныстан,
Қабаттасар «Көкараш» та шығыстан.

«Қосқазысы» арабтардың шашырар,
Қарбаласта «ауған желі» тасынар.
Қайырымсыз «сығыр Саңлау» саңғалдап,
«Қарақан» желі жеңген жаудай басынар.
Қорқақ қоян секілденіп бұққан ел,
Қорқыныштың зұлмат күшін ұққан ел,

Қайран қалар, зардап шегер, ашынар.
Құйма төкпе «Қарақұм» жел құтырар,
«Қара бұқа» өкірер де жұтынар.
Қытай жақтан «Қара дауыл» алқымдап,
Қотыр ашар «Құйын Топан» қалшылдап.
Құм қуырар «Шөлейт Желі» қарқындап,
Қозы өлтірер «Қума» келіп Шіліктен,
Құлын жығар «Арыс» мұздап салқындап.
«Қарасал» да арсыл-гүрсіл жанасар,
«Қара боран» қаулап ел-жұрт адасар.
Қуанғандай «Қара-Құммен» жарысып,
Қапсырмалар «Қызыл-Құм» да қарысып.
Құрсау салар «Бетпақ Желі» жабысып.
Құбылмалы қолаптасын құйғытып,
Құм құтырар «Арал құммен» табысып.
«Қарагай басын шортан шалған» күй бітіп,
Құм жынданар ерсіл, қарсыл ағысып.
Қаулағандай ақырзаман «Ұрсаты»,
Атанармыз Апатстан -
Құмстан,
Біз түсерміз адамдықтан бір саты.

Қайран Дала,
Қалар өксіп «еті өліп»,
Құрар елге
Қайғы, қасірет төтелік.
Құм — Дария көшіп жатса жан-жаққа,
Қызар аймақ тың қыртысын көтеріп.
Қалың шерге қамалғандай ән-жырың,
Арал маңы ауырлайды тағдырың.
Қаны бірлер қарайласар күн жетті,
Қипақтамай түзу айтсам жан сырын.
Асыл аймақ құт берген,
Болар бейбақ жұт жеңген.

Қайда кетті?
Қақсап жүрген біршілік.
Қалшылдап тұр жаны өртенген гүл шыбық.
Қыңыр заман өзгертеме біздерді,
Қауметі жоқ адамизат тұр шығып.
Қыңыр заман, қан қақсатса қырсығың,
«Қыз мінез» де ашынбай ма тіл шығып.

Жан тынысы

Қос емшегі суалардай ананың,
Қайта-қайта салды өлке зар әнін.
Қиямет қайым орнайтындай қысылам,
Құрғағандай өлең келмей қаламын.
Қаншама адам
Қарасын үзбес сан ойлап,
Қасиеті қайтып
Қашырды-ау құтын бар аймақ.
Қалмады суда тай балық түгіл жәй балық,
Қамығып өтер ұшқан құс көкте қарайлап,

Қозғалып кетті-ау
Құмдағы қаңқа кеме де,
Қайтсін-ай, шіркін, тұздалған құмды өбе ме?!
қорқыныш енер жүректің басын мұз шарпып,
Қамығып қарап кемелер құрғақ өреде.

Қараша қаздар ұмытты-ау ескі мекенін,
Қарайлап ұшар
Қамаулап көңіл секемін.
Қара орында
Қалқайған қара ...
Қалмапты-ау,
Қаңырап қалған білдік қой шаңырақ не екенін.

Қариялар
Құбылаға қарап қамығар,
Құранын ұстап,
Құлшылдық етіп табынар.
Қамқорсыған басшылар қалай жаңылған,
Қайда жүрген ер азамат ары бар?!

Қай кеселге душар ана құрсағы,
Қайдан келді жас келіннің тұл шағы?
Қайда ғана жүрдіңдер? — деп сол күнде
Қырын қарап Мағжан аға ұрсады.

Қымғуыт күн бұл сұмдыққа жетті елім,
Қарсыласып неге шеру шекпедің?
Қабақ шытты Сәкен-ағам кексініп,
Қарсы тұрып, — дейді — амал етпедің.
Құптаймын мен арыстардың сөккенін,
Қаныш аға! Батты ғой ерте өткенің.

Қырда жүрдім, Сырда жүрдім, — дейін бе?!
Қаңтарылмас жүкті сауал кейінге.
Қазағымның болдым ақын-кеншісі,
Қымбат тас пен асыл сөзге бейімдеу.

Құс қанатты өкінбеймін өткенге,
Қорғансыздың күнін ойлау көп менде.
Қамықпасаң наз жүре ме қашан да,
Қарсы тұрам қам көңілді сөккенге.

Құр қалам — деп үлесімнен көрмедім,
Қолқа салды, кері жауап бермедім.
Қарақалпақ өңіріне аттансам,
Қолқабысым емес жеке ермегім.

Қабыл етіп әділ жүрек бауырлар,
Құптағаның бірге түстің дауылға.
Қате кетсе кешірет — деп сенемін,
Қайта құру — деген жайлы мамыр ма?!
Көп ұрындық ауырға ...
Өстер ме едім келсем есен сауыңда.

Қиналғандар көп болғанын түсінем,
"Қайта құру", асыра сілтеу дауыңда.
Бірақ, достым, ер салғам жоқ жауырға,
Бірге түстім ыстық, суық, жауынға.

Қанша жүрсем Әму-дария бойында,
Қара бастың қамы жоқ қой ойымда.
Құрыш күнім
Қауырт іспен өтіпті,
Құмартпадым сейіл, серуен, ойынға.

Өзім де қатты шаршадым,
Туған жерді аңсадым.
Қайте берем қырық құлаш тамсанып,
Қаймықпаймын, қимылдаймын жан салып.
Қарықын қосып осындайда отырам,
Қамыққаннан
Қаз дауысты ән салып.
Зу-зу етіп қабаттасты наз-қайғы,
Кім? ... кім? ... дейді құлақ күйі маздайды.
Естігенде есің кетіп елтисің,

Жаның күйе жаздайды.

Ақпа, төкпе замана,
Жараланды Жер-Ана.
Арал кетсе кең аймақ,
Не боларын шамала.
Күйінгеннен күй шықты,
Ашынғаннан үн шықты.
Жаным лаулап жанады,
арал құрғап барады,
Ескі жара ушықты.

Ақпа, төкпе дүние,
Аз ба, көп пе, кім ие?!
Шалқып толқып алайын,
Дертім бірге сыр үйе.
Сөздің әділ дұрысы,
Арал елдің ырысы.
Теңіз кетсе кең дала,
Тұла бойы зілзала,
Тарылады тынысы.

Ақпа, төкпе қу заман,
Айтар сөзді бунаған.
Көк теңізді жұтқанның,
Көк желкесін жұлмаған.
Ежелгі бауыр туыстай,
Өсіп едік суыспай.
Бірлесіп жәрдем егейік,
Бөлісіп суды уыстай.

Ақпа, төкпе тіршілік,
Аз ба, көп пе біршілік?!
Арал қайда, су қайда?
Жер барады тұншығып.
Ақпа, төкпе жарықтық,
Аз ба, көп пе, дәл ұқтық.
Көрпеге қарап көсіліп,
Сыр бермей де зарықтық.

Ақпа, төкпе тыныштық,
Сырқат ауа тым ыстық.
Ақ тұз басты аймақты,
Қайда әділет дұрыстық?!

Ай, әлемге хабарым,
Құрғап кетті Аралым!
Сақтап қалшы адамдар!
Кең даланың ырысын.
Сақтап қалшы жарандар!
Кең даланың тынысын!
Сақтап қалшы адамзат,
Кең даланың жанарын.

Мойнақтағы әңгіме

— Тұрған Мойнақ көк теңіз жағасында,
Неге қалды тұзды құм арасында.
Зақым салып адамның санасына,
Жоймақшы ма құт мекен панасын да?
Арал құрғап қалудың себебі не?
Әлде кімнің олжалы зеремі ме?!
Сарықамыс, Айдаркөл, Теңіз көлдер
Қайдан келді? Олардың керегі не?!
Бұзылды ғой
Өмірдің қас-қабағы,
У-лы суға үйреттік жас баланы.
Жас ананы қарашы,
Мүгедек ұл
Тудым деуге ұялып жасқанады.
Шырайлы ерден шыр кетсе

Себеп іздеп,
Көп кеселдің — дей көрме
Басқа мәні.
У-лы судан іздей бер масқараны.
Тоқтатпасақ
Бұл ноян алапатты,
Талай адам қара жер жастанады.
Теңіз жұтар аждаһа аштық бар ма? —
Деп қояды Мойнақтың тұрғындры,
Сұрақтарын кездескен бастықтарға.

Айтарым сол келгенде тілге менің,
— Су сарқылып, сезгенде құм жеңерін.
Алапаттың алыстан алдын ала,
Атой салып сен неге үндемедің?! —

Сонда бір қарт мән-жайға қаныға ма,
Деп бастады:
- Келсек сөз анығына,
Кіріп кете жаздаймын өзімдағы,
Көк тақырдың көр соқыр жарығына.
Күй түзелмей, әрине, ұя толмас,
Шындықты айтсам шырайға күйе қонбас.
Жаңа ғана түсіндім өмір сырын:
Ие болмас дүниеде — жүйе болмас.

Қайран қалдым айтқан сөз татымына,
Түскен ел ғой тағдырдың тақымына.
— Қыздырамын айқасты, — деп сендірем,
Үміт қосып алғыр ой, ақылына.

— Қонып жаттық Айға да, Марсқа да,
Қамшы бастық саяси жарысқа да.
Қаққа бөліп жер бетін жау тіледік,
Қару бердік бір көрген танысқа да.
Қоңырау соқтық көбейтіп той думанды,
Қызыл тілге оралып табыс қана.
Құрғақ сөзбен дүние оңдырмады,
Қабак шығты сәт бізден алыстана.

Қалың елдің халі ше?
Қиындады.
Қоргалақтап барады сыйынғаны.
Қымсынады жаяумен жарысса да.
Қарамадық абырой мен намысқа да.
— Деп қария қайта созды жігерлі,
Қатты кетті ...
Аттың басын жіберді.
Құлақ тұнды, естіген жан тіл қатпай,
Кетті ақсақал тың ырғақпен әріге:
— Құдай-ай, Құдай!
Қайтты ма қуат сенен де?!
Қымсынбадың
Қым-қуат өмір берерде.
Қойды ма қамап,
Қолпаштап, мақтап сені де.
Қыздың ба әлде мақташыл мақтан елеңге.
Құрыды балық ... көбейді ғарып,
Қиналдық арып,
Құрыдық! Құрыды ... бәрі! — дегенде
Қарлығаш жаным
Қалшылдап кетті денемде.

Құйылды тоты тоғайда шерлі толғағы,
Қосылды жел мен Әмудің әні жолдағы.
Қиялға баттым,
Қарға адым арна көргенде,
Қайратқа мінер
Қыран көз шағым орнады.
Қаптағанда жойқын опат орманы,
Құтқарысар жақсы ғой достың болғаны.

Реті келді. Қария қайта қозғайды,
— Қалауын тапса қар жауар, — деген сөз қайда?
Құрта ма елді?
Қайда біздің партия мен Советім?
Жойғаны ма халық сүйгіш гадетін.
Құбылыс жоқ баяғыдай жайнаған,
Қарасы өшті-ау
Қол ұшын берер қайда адам?

Қарғысын айтғы айналаға әлгі қарт,
Қылыштап өтті заманды бақыт байлаған.
Қалшылдап кеткен сияқтанды айналам.
— Қапаланба,
Қайтадан теңіз толады,
Қаймықпа — десем,
Қария төңірек шолады.
Қара бұлттың
Қисайған түзеп қабағын
Қалықтап шалқып, шағала суға қонады. —

— Қысылма жаным, ұқтым ғой талай себебін,
Ел сұраса болғаны шығар керегім.
Қарақалпақ! Мұң мен зарын бұлжытпай,
Ғаламға даттап келемін.
Жер-Ананың тарихында аты бар,
Ұлт емес пе жері, тілі, заты бар.
Ата-баба аруағын сыйлаған
Ел емес пе, қатал заман қинаған,
Халықты халық қорғайды,
Қорғамаса зор қайғы.
Көмегін әлем жолдайды
Жолдамаса мол қайғы.
Қол ұшы емес, білек қосып бірлесем,
Құшақ жайып, бірге атойлап үндесем.
Қайтқан Арал
Өшіп кетпес күнді ойлап,
Керек болса құдай мен де тілдесем, —
Дегенімде
Қария берді батасын, Айтты сөздің атасын.

Шын берілсе адамға ес кірмей ме,
Қанжарластым,
Қызғанда ес білмей де.
"Қайта құру" дәуірі басталғанша,
Арал зары жатты елге естілмей де.

Қақтығыстық,
қағыстық,
соқтығыстық,

Арал жылдам алшақтап
Отты құштық.
Қам көңілмен
Қайратқа сала берем,
Жүрегімде сөндірмей отты ыстық.
Арпалыстым кішімен, «ірімен» де,
Құлақ салып келеді тірі пенде.
Қара тасын қалтаға сақтағандар,
Қорқарым жоқ жымысқы түрінен де.

Қатты кетсем кесапат қазып жігін,
Жазықты кім?
Көрсендер қазып бүгін.
Наз ұқты кім Аралдың азасынан,
Құм кешіп тұр ақындық нәзіктігім.

Қос шығанақ Мойнақтың қақ түбінде,
Суға толы жарқырап жатты міне.
Қалың істің бұл тұңғыш адымы ғой,
Қайраттанам жараулы атты міне.
Шығанақ қой.
Аралсыз қайта ма кек,
Айдын қайда баяғы алқара көк.
Арал үшін жорықтың бастамасын,
Жалғау арман. Жоқ менің басқа бәсім.
Қайта кірем айқастарға мық талып,
Қарап тұр ғой қанша кісі сұқтанып,
айқасына біз шықтық
Қазіргі күн.
Қаймықпаймын аз болса әзірлігім.

Арпалысып әлі де алға тартамын,
Тартыстардан тайынбайтын бар халім.
Қазақ, өзбек, қарақалпақ
біріксек,
Орыстың да оң қабағын байқадым.
Қырғыз, тәжік, түркімен тағы басқа да,

Өрімдейміз бәріміз бір таспада.
Арал үшін даңғазадан саспаған,
Арал үшін шын айқастан қашпаған
Бауырлармыз тәуелсіз жол бастаған,
Ашылсыншы соны жолдар ашпаған.

Соңғы сөз

Қарақалпақ – қиналған елі есімде,
Қызыл Ордам бір апат кемесінде.
Арал үшін айқасты қайта бастау,
Керек десем беу, достым сенесің бе?

Кешкен күнім есімде кешегі бір,
Қарадүрсін қарбалас көшеді іңір.
Құрақ тұнып өксиді,
Бұлақ сыңсып,
Құлақ түрші төгілсе көшелі жыр.

Ай, әлемге хабарым,
жоғалмасын Аралым,
Сақтап қалшы достарым!
Кең даланың жанарын.

Сақтап қалшы адамдар!
Кең даланың ырысын .
Сақтап қалшы адамзат!
кең даланың тынысын.
Қайран теңіз аңсасам ақ самалын,
Қайыр сұрап біреуден қақсамадым.
Жалынғаным – біліңдер арым барын,
Адамдық пен адалдық аңсағаным.

1989-2001 ж.ж.

Нөкіс-Москва.

Нар тұлға

(Фазыл Кәрібжановқа)

Өткенде көктем, жазым да,
Төгілсе сырым, назым да.
Арнаймын жырдың нөсерін,
Ардақты аға Фазылға.

Қазақтың айтсам қайсарын,
Биікке ауды аңсарым.
Жазамын жүрек тілімен,
Дарбоз тұлға нар шағын.

Елім деп тынбай еңреген,
Едіге сынды ер деген.
Паш етіп сізді Фазеке,
Телегей теңіз тебіренем.

Етене болған елменен,
Молайса жүгім теңдеген.
Жастық шақ өтсе өкініп,
Есейген шақта емделем.

Тапқандай саңлау бұлдырдан,
Бодандық бұғау тудырған;
Фазеке елге естілді,
Құландай даусың мың қырдан.

Қалдық қой біз де үлкейіп,
Шындықты неге бүркейік.
Сіз жайлы көп сыр жеткізді,
Досыңыз Хасен Нүркеев.

Күндерде студент шағының,
Сөз етті жастық жалынын.
Қалдырды бізге естелік,
Досының айтып дарынын.

Тұлғанды биік зорайтты,
Мінезің жайлы көп айтты:
— Ақ, қараны айырған,
Ақылдың кені, — деп айтты.

— Тисе де қолға қай тұғыр,
Халықтың қамын жейтұғын.
Тілді ділмен қораған,
Ұлтжанды ашық — дейтұғын.

Керекуді басқарған,
Нұркеев те хас тарлан.
Ескі дос сырын ақтарды,
Бүктемей нүкте жастардан.

Әр сөзі берік таспадай,
Болмысы мүлде басқадай;
Тоқсанға тақап Хасекең,
Аузынан өтті тастамай.

«Шын арыс біткен кең жігер,
Үлкеннен үрікпей тең жүрер», —
Деп айтты талай кездескен,
Қарағандылық кеншілер.

Еңкейген бүгін кәрі де,
Сақтап жүр есте әліде.
Жезқазған мен Қарсақбай,
Ұлытау, Жезді бәрі де.

Көп ісің есте көшелі,
Көңтерілі де еселі.
Көмірде жүріп қайратың,
Темірдей болды, — деседі.

Үскірік көрдің қысты да,
Душпаның сезді сұсты да.
Сеп берген бастық атандың,
Көбейтуге мысты да.

Азайтып өзге сөзді де,
Малғандай мұңға көзді де,
Ұмытпас мәңгі сыр шертті,
Қаныш-аға Жездіде.

Әр сөзі қозғап жүректі,
Тылсымға нұршыл гүл екті.
«Кәрібжанов — нар тұлға» —
Деп көңілді түлетті.

Тойтармас қилы заманы,
Тұлпарсың тозбас тағалы.
Бұхардың жырын жатқа айтқан,
Дәстүрің қандай бағалы.

Ақ жүрек мұңлы бабы көп,
Арманың жалғас ақ тілек.
Мағжанның жырын тараттың,
«Сүй, сәулем, сүйші, тағы» — деп.

Жайлаған құтты саянды,
Көп еді досың аяулы.
Інілер өргек болсын, — деп,
Үлгі еттің батыр Баянды.

Паш еткен қайсар іргекті,
Біздерге талай үн жетті.
Махамбетті дәл сіздей,
Ардақтай ешкім білмейті.

Тұманды өрде жарықсың,
Жалтара білмес анықсың.
Сәкен мен Ілияс дегенде,
Жалындай ыстық жаныпсың.

Болғаның сонша табанды,
Шошытты-ау, бодан заманды.
Ерекше сыйлап өтіпсің,
Үкілі Ыбрай бабамды.

«Халық жауы» санаған,
Күйігі кетпес күйенің,
Сондықтан да жан, аға,
Басымды саған иемін.

Қазаққа жайдың атыңды,
Әр ісің болды татымды.
Қолдап өттің қаймықпай,
Кенесары батырды.

Сондықтан ештеп білеміз,
Көкірекке гибрат ілеміз.
Ағалардан естісек,
Ініге жалғап жүреміз.

Омбыдан шығып Қызылжар,
Есінде тозбас ізің бар.
Қарағанды, Алатау,
Игерген биік құзың бар.

Қимылың елге дем берген,
Жинаған егін, кен терген,
Айқасқа шығар сайыста,
Қазақ аз саған тең келген.

Құдайым қолдап бақ берген,
Дәл басар болдың сақ мерген.
Жамбасқа түсіп жығылды,
Кей пасық үнсіз тап берген.

Жылпылдап күтіп аялап,
«Дөкейге» тосып сая бақ.
Жасады саған зор бөгет,
Кей «достарың» талай ақ.

Шапағат сепкен жаңашыл,
Ұлтжанды өргек дарасың.
Еліңнің қалдың есінде,
Сұқ көзден қорғап даласын.

Ардагер ұлдың бірі едің,
Егесте табан тіредің.
Жасқантты сонда Одақты,
Қазақ боп туған жүрегің.

Толқытсам сырды тереңге,
Алғыс мол сіздей еренге.
Қорғаушы болдың жалтармас,
Жеріме қатер келерде.

Талдауға салсақ сан істі,
Ел білді сіздей арысты.
Қаһарлы қайсар атыңмен,
Досың мен қасың танысты.

Өз айласын дұрыс деп,
Солтүстікті Хрущев
Аламын десе айқастың,
Арланға тарлан бұрыс кеп.

Көрсеттің берік қырыңды,
Көрмеді пәле тынымды.
Ыңғайланды бергендей,
Украинаға Қырымды.

Жаман ой оны басқарды,
Саясат құрды астарлы.
Тың жерді тартып алуға,
Айбыныңнан жасқанды.

Мінезің жақпай жігерлі,
Мәскеудің бұлты түнерді.
Бетпе бет айқас жасқантып,
«Жоғарылатып» жіберді.

Алапат сонда түсінді,
Байқады берік күшіңді.
Жоғарғы Кеңес дегенге,
Партия жақтан ысырды.

Саясат сол ғой аспаны,
Бодандық сырын ашпады.
Айтқанын екі еткізбек,
Қақпанын құрып тастады.

Басар ең талай насырға,
Тез келді-ау, қаза асылға.
Қоштасып қалды бар қазақ,
Қырық сегіз ғана жасыңда.

Бар шындықты білгелі,
Аз емес көңіл ілгені.
Өлімнің аға есімде,
Жүректі қаққа тілгені.

Қоштасар зират басыңда,
Сөз тисе қайсар асылға:
Тәшенов терең сөйлепті,
Мұң шаққандай ғасырға.

Есі бар қазақ қынжылып,
Өзгертті өңін тіршілік.
Ғабиден, Ғабит өксіді,
Қаныш пен Мұхтар күрсініп.

Сезгендей нешік құрықты,
Бәс етпей қысаң ғұрыпты.
Сол жерде Сәбит Мұқанов,
Солқылдап жылап тұрыпты.

Тұлғалы тарлан ірісің,
Тұрлаулы өтті жүрісің.
Жан-аға, атың өлмейтін,
Қазақтың саңлақ бірісің.

Мұң жайылса жырыма,
Болдық қой қанық сырыңа.
Қара қылды бүктегіш,
Қиқарды алдың қырыңа.

Соқтыққандар көп еді,
Соқпақты таптың өрелі.
Қазақтың жерін бермесең,
Абылай хан рухы жебеді.

Болсын деп серік иманы,
Көз жасын достар тимады.
Қайысқан белі Алатау,
Өлімге сені қимады.

Өтінде жүрген дауылдың,
Күтімін таптың жауырдың.
Қала мен дала тең сүйді,
Қорганы болдың ауылдың.

Қара бұлт ұзақ сабылып,
Бодандық тұрса қағынып.
Шыдай алмай сұмдыққа,
Жүрегің кетті жарылып.

Ұғынды мығым күшіңді,
Ойыңды алғыр түсінді.
Тәшенов берік жалғады,
Жер қорғағыш ісіңді.

Ол да арыстан дүр екен,
Өкініш өртеп жыр етем.
Саяқтай құмға қуылған,
Таяқ жеп өтті Жүмекем.

Фазеке, өжет батылсың,
Ар, намыс болды ақылшың.
Панфилов саяжайыңда,
Алматыда жатырсың.

Аласапыран дес келді,
Мәскеу де бәрін ескерді.
Қарапайымдау жерлеуге,
Тәшеновтерден сескенді.

Айлаға терең бастарлы,
Бәрі де қалды астарлы.
Көппен бірге жерлеуге,
Даңқыңнан сенің жасқанды.

Сыйластық қайда жұрнағы,
Көп жылдар қолын бұлағды.
Қолайлы қолшоқпарлар,
Ат басын саған бұрмады.

Тірідей түскен тозаққа,
Қанықтық талай азапқа.
Соғыстан жеңіл түспеді,
Тың игеру қазаққа.

Бәрі де бәрі есімде,
Елестер жүрем көшінде.
Жасады-ау, ойран топалаң,
Келгендер Көкше, Есілге.

Жайлаған сонда сананы,
Аз ба еді көңіл алаңы.
«Целинник» келе жатыр деп,
Шошытты жеңгем баланы.

Лайлап өтті тұнықты,
Таптады ескі ғұрыпты.
Атамекен белгісі,
Зиратты талай құрытты.

Аталмай атың қиналып,
Жүрсе де іштей сыйладық.
Егемен ел боп дәл бүгін,
Есімізді әрең жинадық.

Қадамым берік алғашқы,
Елбасы нүкте дәл басты.
Ақмола болып Астана,
Қуантты бүкіл қаңдасты.

Тәбделін тосып тағдырдың,
Тартысты берік заң қылдың.
Тәуелсіз елім есіркеп,
Қайтадан бүгін жаңғырдың.

Еңіреп тусаң ел үшін,
Өзегін тапты өрісің.
Іргені берік сақтасақ,
Өзіңе ортақ жеңісім.

Пәлекет талай шоқ салды,
Есінеп, елтіп оқталды.
Солженицын мырзаның,
Тәбеті үнсіз тоқталды.

Солтүстік жақта бекімек,
Құлқыны тозды шетінеп.
Қолдаушы болған Горбачев,
Құрдымға кетті есінеп.

Бұлқынса ептеп сылқылдап,
Көп жерді болды қымтырмақ.
Әйтеуір аузы жабылды,
Хрущевше қыңқылдап.

Ініңмін тәнті сипатқа,
Баспаймын жортақ қипаққа.
Көрсеттіңіз зор үлгі,
Желтоқсаншыл ұрпаққа.

Келгенде бүгін азат күн,
Алдыңда жүрек тазарттым.
Нар тұлға болдың Фазеке,
Ойлаған мұңын қазақтың.

Шаш ал, десе басты алған,
Кер заман өтті қастанған.
Тәуелсіз, еркін ел болдық,
Нұрсұлтан інің басқарған.

18.02.2004

Астана

Мазмұны

Бірінші бөлім

Кенші сыры	3
Дүние барады сырғанап	5
Алатауға	6
Бәйтерек – Астананың бойтұмары	7
Күзгі шуақ	8
Сұм жалғанның сан соққысын кештім де	9
Тас жүрек болып кетер ме ек	10
Мен қалайша ұйқтаймын	10
Арал кеуіп барады	10
Заман дерті	11
Ұйқыға кетті маң дала	12
Көшіп келдім Астанаға мен кеше	13
Сары күз	14
Жер айналып барады	15
Ашық сыр	17
Қаныш аға алғысы	18
Елбасының жолдауы	19
Құрдастарға	20
Сұрақ белгі	21
Көз салсам құмартып күлікке	22
Түсімде	23
Егделік	24
Шексіздік	24
Жүрегім	25
Жанға батты жүректің сұрақтары	27
Саяхатта жүргенде күлкім келді	27
Асықпайын	28
Түркі тектес елдердің Бас ақыны	30
Мағжан аға, бір сөзің	32
Кімнен тудым?	32
Атилла	35
Түркістанға тағзым	36
Күй - құдірет	39

Менделеев кестесіне түсінік	40
Әділдіктің қорғаны	41
Қиқарлық	42
Қаниса Қанышқызының айтқаны	43
Кетпейтін не бар көңілден	43
Ақындар жырдың құрбаны	44
Әдияға	45
Ойлайтыным бұл күнде	46
Күмбірлейді домбыра,	47
Тіліңді қорға қазағым	47
Гамлеттің шешімі	49
Жас күнімнен өлең қонды жүрекке	50
Қарағанды кемеңгер	51
Біреуге орын бар өмірде	53
Көңіл назы	53
Даналыққа тағзым	54
Тау мен тасқа жас күнімнен табындым	55
Ақындық жарқын жұлдызы (Төлеген Айбергеновке)	56
Қайдасың кең даланың ғаламаты	59
Естелік (Әшірбек Құнанбаевқа)	61
Мағжан аға сөйлейді орыс тілінде	63
Жетпістегі мектептестің жүрегі	63
Қарағанды құтты өлкесі Қаныштың	64
Құттықтайды Жезқазған	65
Мен келемін баяу басып, ақырын	66
Қаныш аға жұлдыздың үлкені еді	67
Қаныш-аға айқындады анықты	67
Тойдағы толғаныс	68
Кейде шошып оянамын түсімнен	69
Ескі шахта қалқаны	69
Жақсылыққа бастай берсін қадамым	71
Ұлтжандылық көкіректе тұтанды	71
Құрдасым (Серік Айтмағамбетовке)	72
Жұбату да қуанту	73
Жан жарасын уақыт қана емдейді	75
Кенші қауым	75
Есіңе алшы	76
Жезқазғандық кеншілер	77
Ахмет аға даналық пен айласы	78

Өмір, Тұрмыс. Кең нарық, майдан алаң	79
Қорқамын	79
Ауылдағы ақсақалға жауабым	80
Есілім	81
Бір қазақты бөлмейікші екіге	82
Қай заманда жақсы жіне жаман бар	83
Нәзік жанға жылау оңай күлуден	83

Екінші бөлім

Өмір – өлең	85
Ұлытауға бардың ба	87
Махамбет	88
Махамбеттің әсері	90
Бақытқан салған сурет	90
Мағжан тойы Есілде	91
Мұталап Қанғожинге	93
Өмір өлең	93
Көкірегіңе көп қасірет түйіпсің	94
Ақындардың бергені	95
Бір мін бар	96
Бірлігімнен бақыт табар тірлігім	97
Егделікке	98
Өмір - арман	98
Қырау басып орнап қалсын күз мейлі	99
Ұқсамайды жүйрікке	100
Яссаудің хикметтерін жаттадым	100
Қарасақшы қазағым Арнасайға	100
Қарасай мен Ағынтай бабаларым	102
Немерем, қол жалғашы домбырама	104
Тоқтамайды жұмыр жер	105
Асыл қала Алматы	106
Күй тартамын	106
Әкім болу оңай емес бұл күнде	107
Көктөбеге	108
Өмірімнің өзі өлең	109
Жақындап көңіл ашқанда	110
Перзентімін ардақты Жер - Ананың	111
"Аққу" күйі	112
Көзіңнен айналайын күлімдеген	113
Романс	113

Оятты төтті ұйқыдан таңғы жырым	114
Жақсы адам жанға жайлы құрайды арман	115
Қыраны елдің Қызылжар	115
Мақтаныш	116
Кездеспей кеткен аққуым	117
Кеш қалған жоқпыз бақыттан	117
Кештім бүгін Сарыарқаның сағымын	118
Ауылдас қыздар қайдасың	119
Үміт, қауіп, уайым	120
Бұлттарға	121
Махаббат шырақ жаққанда	121
Жүрек сыры	122
Жетпістегі қақтығыс	123
Көп оқудың бергені	123
Өмір – арман	124
Лала гүл су бетінде сүттей едің	125
Табысым	125
Құштарлық	126
Сұлулық пен махаббат	127
Атқан таң - тұңғыш құштарлық	128
Дос болса	129
Ақын жүрек сағыншақ	129
Айтқан сөзден адасқандай бұлтақтап	130
Әркім ынтық болмай ма ұнатқанға	130
Элегия	131
Бәрі жөн, өткен күннің бәрі құнды	132
Туған ай жатыр жайнап шалқасынан	132
Құс базары Қорғалжың	133
Сағыныштардан жаралдым	134
Айтылмаған әнім бар	134
Көкшетау	135

Үшінші бөлім

Рашық кез – дәурен	137
Әдилеп қана өтейік	138
Есіңнен мәңгі кетпейді	138
Ақ жаңбыр жауғанда	139
А.С.Пушкиннен А.П.Кернге	140
Сайрашы бұлбұл сайрашы	141
Өңінде ешкім көрмепті	142

Жыр көсілер ақыл, сезім жөптесе	142
Атаға тартып ұл туса	143
Ақылы кең асыл досым	143
Махаббат	144
Берте ханымның сөзі	145
Ән-жұмақ	145
Үш сонет	146
Мені іздеген	147
Жезкиікке	148
Айғаным	149
Таң алыс	150
Сен десем	151
Ғашық кез - дәурен	152
Элегия	153
Махаббат «бері кел» – десе	153
Сөйлемеймін десем де сөйленемін	154
Үміттену	154
Ақ бұлақ	154
Тойдағы талас	155
Не қызық	156
Есілге қонған аққулар	156
Дәрігерлер	157
Жезкиігім есен бол	158
Ғаламаты әлемнің	158
Ж... ға	159
Әйел неден жасалған	160
Әкелдің мәңгі серік сағынышты	161
Тыныштықтың сыңғыры	162
Күзгі романс	163
Теңізге	164
Көкірегіңе көп қасірет түйіпсің	166
Мәскеудегі «Прага»	167
Ақынның кейбір кездері	168
Бір басуға көңілдегі елеңді	168
Ару назы	169
Ғабенді сүйген еріндер (Раиса Мұхамедияроваға)	169
Алыс кет, бұлттардан өт, Айға да жет	170
Таңғажайып келбетің	171

Экспромт	171
Мен сені сағындым дедім ғой	171
Сен едің қыз патшасы менің көрген	172
Қыз-қыран (Фариза Оңғарсыноваға)	173
Сайрай бер, сайра сандуғаш	174
Ақ сүт - адам жол басы	175
Кәмпит жесек қақ бөліп	175
Даналар сүйген есімдер	175
Кұстар әні	176
Қырғыз қызы айтқан сөз	177
Р... ға	178
Жалғыз аққу	178
Шын махаббат сенбейді	179
Әгірге	180
Ұлан мен Шынар шомылды	180
Адал жары жігіттің – сүйеу, пана	182
Шырқашы, қалқа, шырқашы	182
Бір сүю сені қуаныш	183
Жаңа романс	183
Артықсың ба солардан	184
Ұялашақ жас баладай бола қалып	185
Немерелер	185
Наз қоңыр	186
Қарақалпақ сазы	187
Балдыздар	187
Көргенде жанарыңды тостағандай	188
Қансонардан қайтқанда	188
Мойындау	189
Ол өзіңнің бақытың	189
Төбіреніс	190
Сұлу көрсе	190
Жандырған құмар алғашқы	191
Мінезің ашық ғажайып	192
Біз кеше топ ішінде билеп едік	192
Әйелдердің мінезі	193
Үйдегі бас дәрігер	194
Ұлытаудың гүлдері-ай	194
Үміт	196
Жігіт сөзі	196

Ғашық ән	197
Есіме салшы	198
Тыныш қана	198
Мен Мәскеудің түбінде сен Мәскеуде	199
Дертті жүрек дәру тапсын шаршаған	199
Қос арба	200
Беу, жігіттер, құлақ сал	202
Сирек туған құбылыс (Күлзия Шарман келініне)	203
Жылқының дүбірі	204
Қос өрімдер	204
Атам менің талай жыл аман жүріп	204
Балалардың балалығы жоғалды	205
Көре тұра келе жатқан сұмдықты	205
Франция сарайының қызығы	205
Тез жасалған қаталық тез кетпейді	206
Сұлулықты мақтан етем күш барда	206
Көңілім қалды ақтан да, қызылдан да	206
Таңғы өлеңім ұқсамас түскі өлеңге	206
Төрте жүріп жараспас үнсіз болу	207
Жабық есік ашылар кілтін тапсаң	207
Қай жілікті шалдар кімге берер , – деп	207
Баптасаң да дүлдүл шықпас шабаннан	208
Ақ көңілдің сәт күткені жөн сілтеп	208
Олжа қайда жолдағы аңды қарағым	208
Беу, Нариман, досың озса тамсанба	209
Мысықтың түнде жүрген бәрі қара	209
Көктем шіркін, егіспен қысқа келер	210
Шөл далада кім жаңбыр сағынбаған	210
Кейде жарқын өмірге	210
Сезім керек, сезім қозғар сөз керек	210
Бір кемшілік бұл фәниде кімде жоқ	211
Шенқұмар дос мақтанудан не таппақ?!	211
Бір әкімге назарым түскен еді	211
Бас орнында қалқайса күрке шатыр	212
Көріп келем есімнен тандырғанды	212
Жалт береді дүние жалған әудемде	212
Сыпайыға сұмданып пәле жаппа	212
Күннің көзі шыдатпас көп қарасаң	213
Нарыққа бара жатқан жалаңаяқ	213

Ойнасам да	214
Не берем? – деуші едім – не көрем?	214

Төртінші бөлім

Поэмалар	215
-----------------------	------------

Қарақалпақ

Таныстыру	217
Жан тынысы	223
Жаның күйе жаздайды.	225
Мойнақтағы әңгіме	226
Соңғы сөз	231
Нар тұлға (Фазыл Кәрібжановқа)	232

САЛЫҚОВ Кәкімбек

Күзгі шуақ

өлеңдер мен поэмалар

Шығаруға жауапты *Р. Тұрлынова*

Редакторы *Б. Дәулетбаева*

Суретшісі *Ж. Қазанқалпов*

Корректоры *Ж. Әлімбетова*

Компьютерде беттеген *М. Шоқбарова*

Теруге 15.06.04 жіберілді. Басуға 29.06.04 қол қойылды.

Пішімі 84x90¹/₃₂. Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.

Қаріп түрі "Baltica". Есептік баспа табағы 11,9.

Шартты баспа табағы 13,9. Тапсырыс № 386. Таралымы 1000 дана.

"Фолиант" баспасы 473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1.

"Регис-СТ Полиграф" ЖШС баспаханасында басылды
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1.



Қазақтың көрнекті ақыны Кəкімбек Салықов 1932 жылы Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Жауқазын лирика мен өндіріс тақырыптарын тамаша игерген “кенші-ақын” алғашқы “Сыр” жинағымен (1970) елді елең еткізді. “Жезкиік” жинағы (1973) ақынның дарын қуатын дәлелдей түсті.

Елуге тарта сазгерлермен 400-ге жуық өндерді дүниеге әкелді.

Шығармалары орыс, өзбек, қырғыз тілдеріне аударылған. Үлкенді-кішілі отызға тарта жинақтары жарық көрген.

“...Құлшынып біткендей мың қанат,
Туған ел қарсы алған күн ғажап.
Жетпіске жүгіріп жетіп ек,
Сексенге барамыз сырғанап.

Ойлантса межелі сын сағат,
Іздеймін тірліктен шын тағат.
Ән, жырым артымда қалса екен,
Жүректен жүрекке сырғанап...”